



ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы



«Біріңді, қазақ, бірің дос,
Көрмесен, істің бәрі бос!»



№39 (3985), 3 қазан, 2025 жыл

1934 жылы 10 қаңтардан шыға бастады

www.qazaqadebiet.kz



ЖЕЛДІРМЕ

(Бірінші нұсқасы)

Ал алқа, келді кезің жайнайтуғын,
Бұлбұлдай бақшадағы сайрайтуғын.
Өнердің қиясына шыққан сайын,
Болаттай тастан табан таймайтуғын.

Жөнелдім желдірмемен желдей есіп,
Қырандай аспандағы талмайтуғын!
Тізейін өлеңімді меруерттей,
Есінен жұртшылықтың қалмайтуғын.

Дабылы дауылпаздай шарықтаған,
Екпіні самолеттей заулайтуғын.
Талапты жастарымыз үйреніп ал,
Ән еді желдірме атты самғайтуғын.

Құлаштап өлеңіммен шарықтаймын,
Қарыштап шапқан сайын жалықпаймын.
Гүлденген күннен-күнге Отанымның,
Өскенін айтқан сайын анықтаймын.

Шаттықтың желдірмесі, міне, қандай,
Құйылған үсті-үстіне үні талмай.
Талапты өнерпазы заманымның,
Тасқыны өрге жүзген дәл осылай.

Әйгілі
эпик ақын,
композитор

Иса БАЙЗАҚОВТЫҢ
туғанына
125 жыл

АҚТӨБЕДЕГІ РУХАНИЯТ КҮНДЕРІ

Әдебиет деген не деген сауалға жауап іздеп, әдебиет туралы енді ғана әңгіме қозғап жатқандай болмайын. Бүгінгінің баршасы кеше болған сықылды. Айтайын, әрісі Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» кітабында, берісі Зейнолла Қабдоловтың «Сөз өнері» атты теориялық еңбегінде әдебиет мәселесі жан-жақты талданған.

Мағжанның заманында да, Жамбылдың тұсында да, тіпті бір жақсы жыр жаза алмай арманда кеткен әлдебір халтурщиктің дүрілдеген кезінде де әдебиет туралы әлдебір сөздер айтылмай қалған емес.

Сонда да әдебиет туралы әңгіме таусылмақ емес.

Өкінішке қарай, тауысқысы келетіндер де бар. Өзі әдебиетті ұқпайтындар, неге екенін кім білсін, өзгенін әдебиетке деген махаббатын жойып жібергісі-ақ келеді. Сондайда Жүмеке Нәжімеденовтің мына жыр жолдарын қайталағын кеп кетеді. «...Дейді жұрт «Өлең жазбау — бақыттылық, Аузыңды бұзайын ба атып тұрып!»

Жә-ә, әріге бармайық.

Өйткені әдебиетті ұғатындар, оған қамқорлық жасауға ықыластылар жетіп артылады.

Соның бір мысалын Ақтөбе көрсетті.

→ (Жалғасы 2-бетте)

Қазақстан Жазушылар одағы Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен «Сөз өнері: Ұлттық әдебиеттің даму болашағы» атты халықаралық әдеби форум өткізеді. Форумға Қырғызстан Республикасынан, Өзбекстан Республикасынан ақын-жазушылар мен әдебиеттанушылар және отандық қаламгерлер, сыншылар мен ғалымдар қатысады. Форум барысында бүгінгі бауырлас елдер әдебиетінің даму бағдары мен беталысы, әдеби ізденістер мен жаңашылдықтар туралы баяндамалар жасалады.



Өтетін уақыты: 3 қазан, 2025 жыл.
Сағат: 10:00

Өтетін орны: Alatau Creative Hub (Алатау ауданы, Нұркент, 5/11)

АҚТӨБЕДЕГІ РУХАНИЯТ КҮНДЕРІ



(Басы 1-бетте)

25–27 қыркүйек күндері Ақтөбе өңірінде қазақ руханиятының дәстүрге айналған кезекті «Әдебиет. Рух. Қоғам» форумы өтті. Форумға Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасы Мереке Құлкенов бастаған белгілі ақын-жазушылар, мәдениет майталмандары, қоғам қайраткерлері қатысты.

Сәл шегініс жасасак, тек актөбеліктердің ғана емес, жалпы қазақ қаламгерлерінің рухын көтеру мақсатын көздейтін бұл форум алғаш рет 2019 жылы өткізілген еді. Осы алты жылдың ішінде облыс әкімшілігінің тікелей қолдауымен бұл форум өзінің ауқымын кеңейтіп, бүгінде халықаралық деңгейдегі беделді, үлкен әдеби жобаға айналды.



Салтанатты жиында сөз сөйлеген Ақтөбе облысының әкімі Асхат Берлешұлы Шахаров еліміздегі осы бірегей, әдеби байқаудың рухани маңызына ерекше тоқталып, бұл форумға алдағы уақытта да өз қолдауын көрсете беретінін айтты.

Асхат Берлешұлы әуелде жеті сыйлық болып белгіленген сөз бәйгесінің саны биыл он бірге жеткенін айтып, қазақ әдебиетінің көрнекті

тұлғалары Сағи Жиенбаев, Төлеген Айбергенов, Тобық Жармағанбетов, Тахауи Ахтанов, Үмбетбай Уайдин, Қуандық Шанғытбаев, Ізтай Мәмбетов, Қажығали Мұхамбетқалиев, Өтежан Нұрғалиев, Бәкір Тәжібаев, Есенбай Дүйсенбайұлы атындағы бұл 11 номинацияға келер жылы Өтебай Қанахин мен Сәбит Баймолдиннің есімдері қосылатынын атап көрсетті.

«Әдебиет. Рух. Қоғам» байқауының биылғы додасына еліміздің түкпір-түкпірінен және шетелдерден барлығы 140-тан астам шығарма қабылданды. Байқау нәтижесінде белгілі қаламгерлер Дидар Амантай, Айгүл Кемелбаева, Нұрлыбек Қалауов, Гүлжайнар Қалдина, Индира Кереева, Балагүл Бакиева, Ернұр Сейдахмет, Есболат Айдабосын, Аманжол Исламғали, Моншақ Бекайдарқызының шығармалары, түрік ақыны Фатих Сұлтаннның аудармалары үздік деп танылып, әр жеңімпазға бір миллион теңге көлемінде қаржылай сыйақы мен арнайы жасалған естелік сувенир табысталды.

Сонымен бірге облыс әкімінің ұсынысымен туындылары қазылар алқасынан жоғары баға алған төрт қаламгерге — Мұхтар Шерім, Маржан Ершу, Назарбек Нұрмағанбетов, Есенбек Жұмағалиевке бес жүз мың теңгеден арнаулы жүлделер берілді.

«Әдебиет. Рух. Қоғам» халықаралық әдеби байқауының аясында 25 қыркүйекте облыс орталығындағы Шығармашылық академиясының үлкен ғимаратында қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Қуандық Шанғытбаевтың 100 жылдығына арналған «Сөз өнерінің сәулеткері» атты әдеби кеш ұйымдастырылды. Кеште ақынның шығармашылық мұрасы кеңінен насихатталып, оның өлеңдері мен әндері шырқалды. Шараға ақынның ұрпақтары да қатысты.

Сондай-ақ 26 қыркүйекте Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде сатирик-жазушы, публицист Үмбетбай Уайдиннің 90 жыл-

дығына арналған «Қазақ сатирасының санлағы» атты әдеби-танымдық конференция өтті. Жиын барысында қаламгердің өмірі мен шығармашылығына арналған көрме қойылып, замандастары мен шәкірттерінің естеліктері тыңдалды.

Халықаралық «Әдебиет. Рух. Қоғам» әдеби байқауының жүлдегерлерін салтанатты марапаттау рәсіміне модераторлық еткен Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасы Мереке Құлкенов осы дәстүрлі форумның Ақтөбеде биыл алтыншы рет жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап көрсетіп, өңір руханиятының жанынашыры, облыс әкімі Асхат Берлешұлы Шахаровқа өз алғысын білдірді.

Осы форумда Мереке Құлкенов алдағы уақытта аймақ әдебиетін дамыту,



қаламгерлерді қолдау, әдеби үдерістерге заманауи цифрлық технологияларды енгізу бағытында жұмысты жана деңгейге көтеру үшін өз бұйрығымен ақын, қоғам қайраткері, облыстық мәслихаттың депутаты Бижан Қалмағанбетовты Жазушылар одағының Ақтөбе облыстық филиалының директоры етіп тағайындағанын жеткізді.

Сонымен қатар актөбелік көрнекті қаламгерлер Мейірхан Ақдәулетұлы, Ертай Ашықбаев, Төрежан Мәндібайға Қазақстанның Құрметті жазушысы куәлігі мен төсбелгісін тапсырды.

«Әдебиет. Рух. Қоғам» форумының аясында Ақтөбеде өткен іс-шаралар әдебиетіміздегі көрнекті тұлғаларды дәріптеумен қатар, жергілікті қаламгерлердің шығармашылығын қолдауда, ұлттық мәдениетімізді насихаттауда басқа өңірлерге үлгі, рухани бағыт-бағдар береді деп ойлаймыз.

Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛОВ,
Қазақстан Жазушылар одағының
Ақтөбе облысындағы өкілі

АН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КИТАПХАНАСЫ
AL LIBRARY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



ЕСКЕ АЛУ КЕШІ ӨТТІ

ҚР Ұлттық кітапханасында көрнекті қаламгер, қаламы қарымды журналист, аудармашы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Дидрахмет Әшімханұлының 75 жылдығына орай «Ұшқыр ойлы, дара Дидрахмет» атты еске алу кеші өтті.

Кеш барысында Д.Әшімханұлының II томдық публицистикалық шығармалар жинағының таныстырылымы өтіп, тұсауы кесілді.

Еске алу кешіне жазушының жары Лиза, ұлы Дәулет, қаламгерлер қауымы, оқырмандар қатысты. Кешті Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының төрағасы Мереке Құлкенов ашып беріп, жүргізіп отырды.

— Қазақ әдебиетін бір кісідей сүйген, бір кісідей білген Дидрахмет Әшімханұлы — жазу стилі ешкімге ұқсамайтын қаламгер. Ол әдебиетте ғана емес, қазақ журналистикасында да үлкен із, өзіндік қолтаңба қалдырды. Оқырмандар оның публицистикалық дүниелерінің өзін көркем әдебиет оқығандай тұшынып оқиды, жүрегіне жылы қабылдайды. Қазақ барда, қазақ әдебиеті барда Дидрахметтің артында қалған ұлы мұра ұмытылмайды деп есептеймін, — деді М.Құлкенов өз сөзінде.

Кеш барысында ҚР Ұлттық кітапханасының директоры Ғазиза Құдайбергенова, ақын Ұлықбек Есдәулет, ғалым Кенжехан Матыжанов, суретші Еркін Нұразхан, сыншы Әлия Бөпежанова, Д.Әшімханұлының II томдық публицистикалық шығармалар жинағының редакторы Дина Имамбай қаламгер туралы естеліктерін ортаға салды.

КӨРНЕКТІ ҚЫРҒЫЗ АҚЫНЫНЫҢ 110 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛДЫ

Алматы қаласында көрнекті қырғыз ақыны, драматург, аудармашы, небары 35 жасында дүниеден озған Алықұл Осмоновтың шығармашылығына арналған халықаралық жиын өтті.

Жиынға Қырғыз Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы Женишбек Асанкулов, «Мұрас» қырғыз этно-мәдени орталығы төрағасының міндетін атқарушы Манас Ташыбеков, «Алықұл Осмонов атындағы халықаралық қоғамдық қордың» президенті Бек Осмонов, республикалық «Қырғыз тілі» қоғамының президенті, Қырғыз Республикасының мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер Райымжан Курбанов, Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының жетекшісі, аудармашы Айнагүл Садықова, педагогика ғылымдарының кандидаты, алықұлтанушы және манастанушы Низамидин Мурзаев, Қырғыз Республикасының мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер, Әлемдік әдебиет институтының директоры Нұрлан Қалыбеков және қаламгерлер қауымы қатысты.

Әдеби басқосу барысында ғалымдар, әдебиеттанушылар мен сыншылар баяндама жасап, Алықұл Осмоновтың поэзиясына әр тараптан баға берді. Сонымен қатар жиында ақынның сөзіне жазылған әндер орындалып, ол туралы түсірілген Айдай Чотуеваның деректі фильмі көрсетілді, қазақ пен қырғыз әдебиетінің байланысын дамыту туралы тұшымды ойлар айтылды.

Жиын соңында қырғыз әдебиеті өкілдерінің шығармаларын тәржімалап, қазақ оқырмандарына таныстырғаны үшін Нұрлыбек Саматұлы, Кенжеғали Қошым-Ноғай, Дәулетбек Байтұрсынұлы, Гүлнұр Қыранбай, Саят Камшыгер «Алықұл Осмонов» медалімен марапатталды.

Қазақстан Жазушылар одағының
баспасөз қызметі

АШТЫҚ ЗОБАЛАҢЫ ӘЛЕМ НАЗАРЫНДА

Ұлыбританияның радио және телехабар тарату ісіне басшылық ететін British Broadcasting Corporation медиакорпорациясына қарасты BBC World News телеарнасының журналистері Моника Уитлоп пен журналист-аудармашы Роза Құдабаева Лондоннан арнайы іссапармен Қазақстанға келді.

Іссапардың басты мақсаты: қазақ тарихындағы ең қасіретті кезеңдердің бірі — ашаршылық қасіретін тереңірек зерттеп, оны әлемге таныстыру.

Журналистер өз жобалары аясында Қазақстанның халық жазушысы Смағұл Елубаймен көлемді сұхбат жүргізді. Сұхбат барысында ашаршылық жылдарының ауыр шындығы, халықтың басына түскен қасіреттің ақиқаты айтылды. Сонымен қатар әңгіме барысында жазушының «Ақ боз үй» кітабында суреттелген тарихи оқиғалар сөз болды. Бұл шығарма шетелдік мамандардың назарын ерекше аударып, қазақ халқының сол бір ауыр жылдарындағы тағдырын тереңірек сезінуге ықпал еткенін айта кетуіміз керек.



Смағұл Елубай сұхбатта қазақ халқы басынан өткерген үш ашаршылық туралы, сонымен қатар өзге елдерде болған ашаршылық жайын да атап өтті.

Сұхбат қараша-желтоқсан айларында BBC радиосында жарияланбақ. Бұл — халықаралық деңгейде мойындалған, ықпалы зор медиа орталық болғандықтан, қазақ халқының басынан өткен ең үлкен қасірет — ашаршылық жайлы әңгіме енді тек ел ішінде ғана қалмай, шекара асып, әлем тыңдармандарының да құлағына жетеді десек те болады.

«ТҮРКІ ӘЛЕМІ ӘДЕБИЕТІ» СЫЙЛЫҒЫ ТАБЫСТАЛДЫ

26 қыркүйекте қаламгер, ағартушы Ысмайыл Ғаспыралының «Тілде, ойда, істе бірлік» ұранын ұлықтау мақсатында «Түркі әлемі әдебиеті» (балалар әдебиеті) сыйлығы табысталған салтанатты шара өтті.

«Түрік тіл қоғамы» ұйымдастырған жиын Ататүрік мәдениет, тіл және тарих жоғары мекемесінің Билкент кампусында өтті. Іс-шараға «Түрік тіл қоғамының» төрағасы, профессор Осман Мерт, ғалымдар мен өнер қайраткерлері қатысты.

Биылғы сыйлық иегерлері қатарында жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Сәуле Досжан бар. Аталған сыйлықты бұған қоса Әзербайжан елінен профессор Захид Халилов, Қырғызстаннан профессор Сүлейман Рысбаев, Солтүстік Кипр Түрік Республикасынан Шырын Зафержұлдызы Заимағолу, Өзбекстан Республикасынан Миразиз Азам иеленді. Өткен жылы аталған сыйлықты Қазақ-



таннан белгілі жазушы Дәурен Қуат иеленген болатын.

«Түрік тіл қоғамының» төрағасы, профессор Осман Мерт өз сөзінде түркі әлемінің ортақ құндылықтарын сақтаудың және балалар әдебиетін дамытуға үлес қосатын туындыларды қолдаудың маңызын атап өтті.

Айта кетейік, «Түрік тіл қоғамы» 2022 жылдан бері табыстап келе жатқан бұл сыйлық түркі әлемінің әдебиет саласында ортақ мәдени сананы қалыптастыруды және сапалы балалар әдебиеті шығармаларын қолдауды көздейді.

АБАЙ МУЗЕЙІНЕ ТАРТУ



Хакім Абайдың биылғы 180 жылдық торқалы тойы өткен тамыз айының оныншы жұлдызында ұлылар еліндегі Қарауылтөбе етегінде қорытындыланғаны баршаңызға мәлім. Онда бастапқыда белгіленген 180-нің орнына 250 қазақ үй тігілгенін де білесіздер.

Қазақстан Жазушылар одағының делегация құрамында болған біздер ұлы ақын аруағына бағышталған асқа орай осында тігілген бірінші үйге жайғасқан едік. Халқымыздың көрнекті ақыны, курстас жолдасымыз марқұм Шөмішбай Сариевтің құдай қосқан қосағы Жұмагүл ханыммен аталған үйде жүздесіп қалғанбыз. Жақсы отырыс барысында Жүкең жеңгеміз сөзге сұранған. Ал оның себебі де жоқ емес-ті, яғни Шөкең сынды арқалы ақын өмірінің соңына дейін бақандай отыз жыл уақыт оңтүстік астанадағы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Абайтану және қазіргі қазақ әдебиеті бөлімінде қызмет еткен еді.

«Шөкең кезінде ұлылар еліне келіп-кетіп жүрді, — деді ақынның жұбайы,

— ал өз басым қасиетті бұл өңірге алғаш рет келіп отырмын. Ұйымшылдықпен өтіп жатқан тойдан алған әсерім ерекше. Әсіресе Семейдегі Абай музейіндегі данышпан ақынға қатысты әрбір экспонатты қызыға тамашаладық. Музей директорының орынбасары Мейрамгүл Қайранбаева деген сіңліміздің бізге, әр қонаққа деген зор ілтипатына риза болдық».

Жұмагүл замандас солай дей келіп, тың бір шешімге келіп тұрғанын осы арада мәлім етті. Хакім ақынның 150 жылдығынан бір жыл өткенде Шөмішбай ақын ердің жасы елуге ат басын тірейді. Сонда халқымыздың тағы бір көрнекті ақыны Серік Тұрғынбеков Мәдениет министрлігі атынан үш тілде «Абай тойының бас дирекциясынан» деп жазылған ақын бейнесі бедерленген вазаны құрдасы Шөкең табыстайды. Төрімізде отыз жыл тұрған сол қастерлі дүниені енді Абай музейіне жолдауды жөн көріп тұрмын.

Алматыға оралған соң Шөмішбай ақынның үйінің түтінін түтетіп, оның артында қалған әдеби-мәдени мол мұрасын қажымай, талмай насихаттап келе жатқан жеңгеміз бізбен хабарласып, әлгіндей асыл дүниелікті Семейдегі Абай музейіне жеткізуді ақылдасқан. Ол бір сондай қиын жұмыс емес қой.

Осылайша, ЮНЕСКО шеңберінде әлемдік деңгейде тойланған хакім ақынның 150 жылдығына орай арнайы тапсырыспен жасалған бағалы ваза Шөмішбай ақынның отбасы атынан тарту ретінде музей төріне барып жайғасқан. Осы орайда, оқырманға мұндай ваза аталған музейде бұрын болмағанын айта кеткеніміз жөн болар.

Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ,
«Қазақ әдебиеті» газетінің Абай облысы бойынша тілшісі
Алматы — Семей



«ШЕРАҒАНЫҢ ШЕКПЕНІНЕН ШЫҚҚАНДАР»

28 қыркүйек күні қазақ әдебиетінің абыз тұлғасы, көрнекті жазушы, қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаның туған күніне орай әдеби кеш өтті.

Шара Тараз қаласындағы жазушы ескерткішіне гүл қою рәсімінен басталып, кейін қонақтар Жуалы ауданы, Талапты ауылындағы Шерхан Мұртаза атындағы мемориалды үйге ат басын бұрды.

Әдеби кешке жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Кәдірбек Сегізбайұлы, жазушы, журналист, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Жанат Елшібек, жазушы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Мағира Қожахметова, ақын, жазушы, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Қайырбек Асанов, публицист-жазушы Талғат Айтбай, журналист, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Қайнар Олжай, ҚР

Ақпарат саласының үздігі Гүлзейнеп Сәдірқызы, сыншы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Әмірхан Мендеке, жазушы, журналист, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Көсемәлі Сәттібайұлы, жазушы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Нұрғали Ораз, жазушы, журналист, «Жалын» журналының бас редакторы Құдияр Біләл, Шерхан Мұртазаның қызы Алма Мұртаза арнайы қатысты. Олар Шерағаның әдебиет пен журналистикаға қосқан үлесі мен ұстаздық жолы туралы жүрек-жарды естеліктерімен бөлісті.

Әдебиет майталмандарына ұйымдастырушылар тарапынан шапан жабылып, ерекше ілтипат көрсетілді.

Іс-шараға Жамбыл облысы әкімдігінің Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының басшысы Ерлан Жүнісбай қатысып, «Шерағаның шекпенінен шыққандар» атты жаңа кітаптың тұсауын кесті.

ЖЫР ЖИНАҒЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ ӨТТІ

Жуырда Алматының төрінде, Қазақстан Жазушылары кітапханасында дарынды ақын Сәулеш Шәтенованың «Үш қиян» баспасынан жарық көрген жаңа кітабы «Жазуымды тұрады ылғи Күн оқып» атты жыр жинағының тұсаукесері өтті.

Сәулеш ақын өзінің жаңа жыр жинағынан таңдаулы лирикалық, танымдық-тарихи, адамның көңіл күйінің әралуан сәтін терең тебіреніспен жеткізетін өлеңдерін көрермен алдында оқып берді... Жыр жинағының сәтті жарыққа шығып, кітапқа енген өлеңдердің барлығы таңдамалы туындылар екенін баса айтып, жақсы, жылы пікірлерін бір топ қазақ қаламгерлері өз сөздеріне арқау етті. Солардың қатарында: Қансейіт Әбдезұлы, Бауыржан Жақып, Нұрлан Ками, Жұмабай Құлиев, Бақытжан Абызов, Ахмет Өмірзақ, Нұргүл Маулина және «Үш қиян» баспасының директоры Махмұд Қосмамбетов, т.б. қаламгерлер болды.

Поэзия кешінің тізгінін ақын Бауыржан Жақып ұстап, Сәулеш Шәтенованың шығармашылығы туралы терең баяндама жасады. Тағылымды,



әсерлі кездесудің естелік әңгімелер бөлімін Сәулештің курстастары Мейрамбек Шілдебаев, Жанар Абызова, Құтмағамбет Қонысбаев, Нұржамал Байсақалова, Шолпан Битенова, Нұрмира Әлішерова т.б. курстастары жалғастырды.

— Осынау курстастар менің туған қарындасым Жәмила Түлкіевамен бес жыл бірге оқыған сырлас, тағдырлас қыз-жігіттер болғандықтан мен жаңа жинақтан Жәмилаға арналған «Жәмила» атты Сәулештің өлеңін оқып бердім, — деді Қансейіт Әбдезұлы. Қазақтың талантты ақыны Сәулеш Шәтенованың жыр кеші ұзаққа созылды, қатысып отырған жырсүйер қауым жалыққан жоқ... Себебі сахнадан үздіксіз, шынайы қазақ жырлары сөйледі...

Өз тілшіміз

Иса БАЙЗАҚОВ

VIII

Келер түн ың-шың дыбыс тағы да өлді,
Ұйқысыз біз күзеттік қалың елді.
Жәйшағыр деген ханның тұлпарымен,
Торғайкөкті Құралай алып келді.

Тасалап түн қолтығын кеттік жүріп,
Арқанын жөні осы деп желі құрып.
Жансыз түнде тұлпардың дүбірімен,
Тас құлағын салғандай бұғып тұрып.

Екі жастың тілегін тілегендей,
Жер үстіне қараңғы тұр жығылып.
Аңқау дала аңырап айналдан,
Таулар да бас иелі тәжім қылып.

Сылдыраған бұлақтың даусы да өшіп,
Дүбірдің екпініне тұр тығылып.
Қатты жүрген жүйріктің екпінімен,
Бетті сүйіп желпіп тұр жел де күліп.

Үміт қуған жүректің тиышы кетіп,
Дем ала алмай келеді жан тұншығып.
Талай алқап қарсыдан өрлеп асып,
Талай биік таулардан кеттік шығып.

«Таң сызылып пердесі көтерілді,
Сәулемен қараңғылық итерілді,
Өлкеден қараңғылық үн шығарып,
Түрлі күй, мың дыбыспен жан тірілді.

Жас кетті киіктей ат атылдырған,
Жұпарлы далаға бой жатылдырған.
Жарқырап күн де шықты, жарық жетті,
Патшасы бар әлемнің әділ тұрған.

Анасы махаббаттың жер құлпырды,
Нұр төгіп жер-жаһанға күн құлпырды,
Теңбіл аспан тесіле қарағандай,
Далада тағыға еріп кім құлпырды?

Жұмбағын сол күндердің жұтып өткен,
Құлдары махаббаттың жас құлпырды.
Адам деп соны да мен ойлармын ба,
Түсініп тындамаса мұндай сырды...

Жәйшағыр қане жүр деп елең етед,
Торғайкөк шұлғып тастап, сып-сып етед.
Киінген асыл киім жас Құралай,
Қадаған бриллианттай жалт-жұлт етед.

Мөлдіреп екі көзі қарақаттай,
Нұрланған екі беті жарқ-жүрк етед.
Тұлпардың жалы су-су, тақым ду-ду,
Сүйріктей сұлу қолын ербендетед.
Арудың аппақ тәні қажыды-ау деп,
Менің де айтқан сайын мазам кетед.

Сардала сағым ойнап сақ-сақ күлді,
Таулар да көк садағын мойнына ілді.
Басына бір биіктің шыққан кезде,
Құралай қуғыншыны қарап білді.

Алыстан шұбатылып ұшқан тозан,
Кешікпей жақындасып бізге келді.
Сейқыннан басқалардың көбі түгел,
Есебі жүзден аса көзге ілінді.

Жөнелттім Торғайкөкпен Құралайды,
Бұл жаудан енді аяну жарамайды.
Сейқынның үлкен ұлы Дауыл батыр,
Көлденең мені жан деп қарамайды.

«Әуелі сол сайтанды шаншайын» деп,
Жөнелді қуып Дауыл Құралайды.
Жәйшағыр астындағы құстай ұшты,
Ұмтылдым төтесінен біліп жайды.

Шашағы найзасының желк-желк етіп,
Айбалта, қылыш, қанжар жарқ-жүрк етіп,
Тістеніп көзі жайнап о да ұмтылды,
Айқасып найза салдым, қуып жетіп.

Қырандай көз айырмай Дауыл қақты,
Көк найзам күл-күл болды күміс сапты,
Ол салды айбалтамен, мен сермедім,
Сынығын найзасының аспанға атты.

Суытпай қорасактан салып өттім,
Арам тән аударылып сеспей қатты.
Баяғы қарақасқа атты қара қалмақ,
Тез жетіп, менен бұрын ұстады атты.

Шапқанша садағыммен тартып кеттім,
Төбедей төңкеріліп о да жатты.
Тайсалды кейінгілер бір-бірлеуге,
Жан шіркін жаман итке қандай тәтті.

Садақпен суылдатып оқ жаудырдым,
Ажалдың айғағы боп қандар ақты.

Соны ойлап шықты сұлу тасқа өрмелеп,
Ажалға ашық күші болды себеп.
Жау қашқан, Келден тосқан жерге қарай,
Дірілдеп көз жіберді сұлу жүдеп.

Жау жеңіліп майданда Келден қалған,
Жәйшағыр ор қояндай ойнақ салған.

ҚҰРАЛАЙ СҰЛУ

(үзінді)



Жанымның жаралары жазылғандай,
Аз да болса айызым тыным тапты.

Ажалдың күйін шертіп содан былай,
Шу мен шаң өлкені алды қулай-қулай,
Жаралы жан, жансыз тән даланы алып,
Он сан адам қырылды өлімге улай.

Қиянатшыл өмірдің таласы үшін,
Сорлы адамзат қырылды-ау талай-талай.
Ер ашынса еңбегі еш бола ма,
Бір өзім көпке тұрдым жан аямай.

Басшыдан қырық шақтысын құлатқан соң,
Қалғаны тоз-тоз болды шыдай алмай.
Тізе қосып бірлесіп шаппаған соң,
Қасқырға сыртын тосқан болды қойдай.

Быт-шыт боп жеңілгені тұра қашты,
Ыңырсыған өліктер қалды солай.
Қанымда кешілместей кегім қалған,
Тапқандай, тыныс алдым көңілім жай.

Бір тауда қарауылдап күт дегенмін,
Ізделім серігімді содан былай...
Бағана жау жеткенде жас Құралай,
Атылған алдындағы тауға қарай.
Келденнің бекін деген шатқалында,
Соғыстың сонын күтті жылай-жылай.

Құйындай ығы-жығы жауды көріп,
Тілейді, сақтай көр деп, жасаған-ай!
Өніне үміт үзген қауіп кіріп,
Атынан жерге түсті шыдай алмай.

Не болмақ, менің күнім Келден өлсе,
Мәңгілік тағдыр ойнап уын берсе,
Хандардың енді бетін қайтіп көрем,
Мені де күң қылатын кезек келсе.

Тұтқынға жастай түскен алтын анам,
Қайтпекпін маған соның жолын берсе,
Анамның аманатын іске асырмай,
Арыма не демекпін әсіресе.

Сүйгенім көптен жалғыз арманда өліп,
Алмақ па ханның қолы мені жеңіп...
Қуарып екі беттің қаны қашып,
Жығылды тасты құшып жылап келіп.

Тұлпар тұр, тас қойнында жатты сұлу,
Үмітсіз тұнғыққа батты сұлу.
Үмітін ақыл қалып, сезім билеп,
Бір оңай істің жөнін тапты сұлу.

Тез тұрып алмас қанжар қолына алды,
Аяр жан сорлы жаста қанша қалды.
Алмастың суық жүзі ой түсіріп,
Кідіріп бір минутке сынға салды.

Мен өлем, Келден қайтед тірі қалса,
Өлтірмей қалмақ ұстап байлап алса.
Өлмейін сүйгенімнің ісін білмей,
Кім білед, бағым жанар тірі қалса.

Керек-керек қаруды жиып алып,
Жүгіртіп келеді екен тауға таман.

Кенеттен өні кірді жас баладай,
Жүгірді түсе сала атқа қарай.
Қарсы шауып шатқалдан шыға келіп,
Жолықты Келденімен жас Құралай...

Мақтанып қуандырдым қысып, сүйіп,
Қатарласып бетіме беті тиіп.
Сылқылдап жетім сұлу сүйдіргенде,
Жаны құрғыр жай таппай кетті күйіп.

IX

Күні-түні Бетпақтың шөлін басып,
Алабынан адастық арман асып.
Кез болдық қалың қамыс бір копаға,
Шаңқай түстің кезінде қалжырасып.

Мен айттым тынығуды ат шалдырып,
Құралай ұнатпады түйсін кіріп.
– Ұры-қары, зияны бар жер шығар,
Түспе! – деп, безектеді тілек қылып.

Көнбедім, дем алсын деп тілегіне,
Түсінбей түйсін кірген жүрегіне.
Күлместей күлмей өткен сорлымын ғой,
Арманда әлі өкінем керегі не?

Аунатып тұлпарлардың ерін алдық,
Тамақ ішіп, жайланып тынышталдық.
Әуе жерге түскендей ыстық күшті,
Салқындап шомылуға көлге бардық.

Бір суда жас Құралай жалғыз қалды,
Қалжырадық, ыстықтан бас айналды,
Құралай ұялам деп шешінуге,
Шомыл деп менен бөлек тілей қалды.

Тілегін бермейтұғын шамам бар ма,
Жас жүрек күл емес пе сүйген жарға.
Түспе! – деді, копаға мен түспедім,
Ылғи ғана мен жеңсем жөн бола ма?

Иіліп ой ойлаған қамыс, қоға,
Сыбырсыз мұнайғандай төмен бұға.
Аспанның тақталған бұлттары,
Суретін түсіріп тұр мөлдір суға.

Жаланап сұлу тұрды күмән алып,
Қанды көл, копа басты шыр айналып,
Күмістей аппақ тәнге күн шағылды,
Білек, балтыр қояндай жұмырланып.

Астында қара шаштың көз жаудырап,
Еркелейді, өзіне-өзі құмарланып.
Екі алма аналықта алдиярлап,
Күліп тұр жас балаша, шамдай жанып.

Жамбыдай тән үстіне әліп тартып,
Мықысыз сұлу суға кетті батып.
Қанатымен қағынған аққуға ұқсап,
Шомылды сумен ойнап шапылдатып.

Астында шам, үстінде құндыз жүзіп,
Ақ қайрандай денесін қимылдатып.
Шошытты Құралайды суда ойнаған,
Әлде не жан, қамысты сылдыратып.

Кешікпей қайтып келіп тұрағыма,
Қарадым, жарымды іздеп жан-жағыма.
Бұл неге кешікті деп іздегенше,
Шыңғырған дауыс келді құлағыма.

Тұла бойым шымырлап мұздап кетті,
Не пәле ұшырады деп қарағыма.
Жүгірдім өзім тастап кеткен жерге,
Оғын сала әзірлеп садағыма.

Дамылсыз дыбыс күттім демім санап,
Әлсіздеу ішін тартты тағы жылап,
Қоян алған бүркіттей шөге түсіп,
Құралайды жолбарыс жатыр талап.

Тұра ұмтылдым, садақпен қалдым тартып,
Жолбарыс та жығылды сеспей қатып.
Қуанышым, қуатым, жан серігім,
Сұм ажалға кез болды түзде жатып.

Қайғы басты қараңғылық қамағандай,
Қоштасып копа бірге жылағандай,
Жаралы тәнін құшып Құралайдың,
Сорлы жан, мен күңірендім содан былай.

Айырылдым өмірімнің жарығынан,
Алып келіп, копаға тілін алмай.
Жасымнан көргенімнің бәрі қайғы,
Жас жанды аямаған жасаған-ай!..

Несіне сенен қалып тірі жүрем,
Мені де алсын сенімен, тірі қоймай.
Өлейін деп қолға алдым қанжарымды,
Құралай ыңырсыды қозғала алмай.

Жібек шаштың астында қанданған бет,
Жарадан қан саулады, дірілдеп ет.
Күңіреніп басында Келден отыр,
Құралай көзін ашты екі-үш рет.

Сөйледі жүзіне өлім нұры кіріп,
– Құшағын жайып тұр ғой анам келіп,
Қиянатпен тууыма себеп болған,
Жауыз Сейқын жоқ болды бір көрініп...

– Жан анам, барайын ба? Барайын деп,
Риза бол балана деп, қойды күліп.
Аздан соң Келденіне арыз айтып,
Есіл қыршын жан беріп, кетті үзіліп...

Құралай бұл сөзді айтқан сонда маған,
– Сүйіктім, тілегіне жетпей қалған,
Мен өлсем де мақсатқа жетіп өлдім,
Анам сөзін орындадым мойныма алған.

Сен де жет тілегіне әуелдегі,
Шерін жаз жүрегіңнің жараланған,
Мен өлді деп сен өлме, өмір тіле,
Дұшпаныңнан кегінді ал назаланған.

Басында қабыл болды біздің тілек,
Өлсем де сол ісімді қылам тірек.
Өмір сүріп, өркендеп, ұрпақ өсір,
Соны сенен тілейді сүйген жүрек.

Жас шығармай мөлдіреп екі көзі,
Осы еді Құралайдың айтқан сөзі.
Уәде деп зарланып серт айтқанда,
Қуә болып үн қосқан жердің жүзі.

Сұлудың Құралайдай сол болды ісі,
Жеткендей ұмытуға кімнің күші,
Монтайым, қартайғанша қасіретім сол,
Арман ба, емес пе арман, маған осы?

Осыны айтып кеңкілдеп Келден жылап,
Алдын жуды сақалдан жас домалап.
Бұл арман Монтекеннің күйін шертіп,
Мұндасты екі кәрі бірдей жылап.

– Дариға-ай, талай жаудан кегімді алдым,
Соғысты бұл алапта талай салдым.
Үш-ақ күн өмір сүрдім үш мыңжылдық,
Не керек жазылмайтын дертте қалдым.

Деп Келден тамам қылды барлық сөзін,
Қартайтқан бұл қайғымен бейшара өзін.
Жазалы кім, жазасызды күйдірген кім?
Тексерші өткендердің әрбір ізін.



Елубай ӨМІРЗАҚОВ,
Қазақ ССР-ның халық артисі

ИСАМЕН БІРГЕ БОЛҒАН ШАҚ¹

1923 жылы август айында қазақтың халық ағарту институтына оқуға келдім. Институт ол уақытта Орынбор қаласында (қазіргі Чкалов) болатын. Осы институтта Исамен таныстым. Оқуға келген соң-ақ драма үйірмесін ұйымдастырып, ойын-сауыққа ептейлі жігіттердің басын қостық. Бұл үйірмеде Иса да бар еді. Осы үйірмеде Иса өзінің зор талантты екендігін көрсетті. Драма үйірмесінде жүргенде Исамен талайлар айтысты, бірақ біреуі де Исаға тең келіп, қатарласа алмады. Иса сахнаға шыға келгенде, оны жұрт сүйсініп қарсы алатын. Оған әртүрлі тақырып беріп, өлең айтқызытын, Иса берілген тақырыптардың бәріне де іркілмей, саспай жауап беретін.



Өз жасымда Исадай ақынды көргем жоқ. Ол кезде жұмысшы факультеті, совет-партия мектебі және басқа да оқу орындарында ойын-сауық үйірмелері болды. Бірақ бәрінен күштісі біздің институт еді. Біз ойын қоямыз дегенде, кеңсе қызметкерлері де келетін.

Сол Исамен 1925 жылы Қызылордада қазақ театрын аштық. Бұл кезде Иса бұрынғыдан да күшейді. Үлкен сахнаға шыққанда, жел қайықтай есіп жөнелетін. Сөйтіп, концерттің жартысын Иса алатын.

Оның жасаған образы «Бәйбіше тоқалда» күйеужолдасы еді. Тағы бірнеше пьесаларда ойнаған рөлдері өте жақсы болатын. 1926 жылы жаз айында, біздің театр Қызылордадан Алматы, Қарқараға карай гастрольға шықты. Бізбен бірге Иса да, Әміре де болды. Қарқараға кетіп бара жатып, бір елге қондық. Иса ақынды көргесін, ауыл адамдары «мұнда атакты ақын қыз бар, соны айтыстырамыз» деп ақын қызды алдырды. Ол қызды Иса алты ауыз өлеңмен жеңді.

Иса, Әміре дегендер театрдың афишасы болатын. Күн бұрын ел біліп отырады. Күндіз Иса мен Әмірені көреміз деп келгендер үйге сыймай кететін.

1931 жылы Исамен бірге Турксиб бойын аралап, Семей, Павлодарға қарай бардық. Бұл сапарда да Иса өзінің асқан шеберлігін көрсетті. Жол бойы Исамен өнеріне риза болмаған, оған алғыс айтпаған адам болған жоқ.

Сол Исамен 1934 жылы опера театрынан кеткенше бірге болдым. Концертке бірге шығып жүрдік. Менің айтып жүрген әндерімнің де сөздерін Иса жазған еді.

(1950 ж.)


¹ Байзақов И. Шығармалары. Алматы: «Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет» баспасы, 1956. — 455–456 б.

ЕСТЕЛІКТЕР МЕН ЗЕРТТЕУЛЕР

Ертіс БАЙЗАҚОВ,
Иса Байзақовтың ұлы,
философия ғылымдарының кандидаты,
С.М. Киров атындағы ҚазМУ-ның
доценті

ӘНМЕН ОРНАТЫЛҒАН ЕСКЕРТКІШ²

Былыт қазақ драма театрының қарлығаштары қатарында өнер көрсеткен, тұңғыш актрисалардың бірі болған Шарбану Ақымқызы Байзақованың дүниеден өткеніне жарты ғасыр толды. Ол кісінің аз уақыттың ішінде театр өсуінде қалдырған ізі және ойнаған рөлдері туралы тарихшылар білгенін жазып жатыр. Сонымен қоса, Шарбану атакты ақын, артист әрі композитор Иса Байзақовтың сүйікті жары еді. Аталған талантты екі адамның өмірі, өзара сыйластықтары өнер тарихының көрнекті бір бұтағына жатады. Солардың баласы ретінде көңілімде жүрген бірер уақиғалар туралы айтпақшымын, орайы келген жерде баспа бетіне шыққан қателіктерді көрсетпекпін.



Жазушы Сапарғали Бегалин ауруханада жатқан Иса ақынның өз аузынан жазып алған өмірбаянында мынадай үзінді бар: «Қалқа» деген әнді халық ақыны Қалқа айтты дейді. Бұл сөз қате. Оның өлеңін мен жазғанмын. Әні — халықтікі.

Мен алғашқы әйелім Шарбануды 1924 жылы алдым. Одан бір жыл бұрын көріп танысып, көңілімізде айрықша сүйіскен уәде болды. Алғашқыда қыз үйінен батып менімен еріп кете алмады. Бір жыл ермей үйінде қалып қойды. Бұл өлең сол кезде айтылған еді. Бірақ кейіннен ғана ел ішіне тарайды».

Екі-ақ шумақты осы өлеңнен жас ақынның жарына деген жалынды сезімі, оны сағынғанда әнді алданыш еткені түсінікті болып тұрған жоқ па: *Бұл әннің кім біледі аты Қалқа, Қалқаны сағындым ғой айта-айта. Қолға алып домбырамды шырқағанда, Тырнақтан сау қалған жоқ тарта-тарта.*

Қалқаның сағынғанда салған әні, Үзілтіп, елжіретіп толғағаны. Сүйгенін, сүйінгенін есіне алып, Жай таппас әнге салса кімнің жаны.

Бозбала кезімде бұл әнді папамның орындауында бірнеше рет естігем. Әрқашан бір түрлі толғанып айтушы еді. Мұның сыры кейін ашылды. Осы айтқанға байланысты екі нәрсені ескертпекпін. Біріншіден, «Мәдениет және тұрмыс» журналының 1986 жылғы 10-санында филология ғылымдарының кандидаты Ермек Өтебаевтың «Иса Байзақовтың хаты» деген мақаласында бір қателік жіберілген. Онда былай делінген: «Әдебиет зерттеушілер Исамен 1920 жылы ақылды, өнерлі Шарбануға үйленгенін біледі». Бұл олай емес. Шарбану ол жылы тек 12 жаста болған. Бұл хаттың көшірмесін архив

² «Мәдениет және тұрмыс». — 1988. — №1. — 18 б.

қызметкерлері баяғыда Махпуза апайға жіберген, қазір ол менің қолымда. Бұл хатта айтылып отырған қыз сол ауылда тұрған, аты — Рәпия, бертінде қайтыс болды. Екі жастың ойларынан ештеңе шықпағасын, папам іле-шала Павлодарға жүріп кеткен.

Екінші ескертейін дегенім, өлеңдер жинағын шығарушылар осы күнге дейін «Қалқа» әнінің текстісі Исанікі екенін атамай келеді. Осы айтқаным тағы да бірнеше өлеңдерге қатысы бар, солардың ішінде — атакты «Назқоңыр». Бұл өлеңді сөз етейін деп отырғаным, оның да мамама қатысы бар.

Әлемге әйгілі болған жан досы Әміре Қашаубаевтың зор даусына әбден келіп тұрған «Назқоңыр» әніне ақын Иса ерекше шабытпен текст жазған. Оның да сырын ашайын: бұл өлең маманың көркем бейнесі, папамның махаббат толқытқан жүрек тебіренісі:

Ай қабақ, алтын кірпік, қызыл ерін...

Бұл тұп-тура Шарбанудың бет-әлпеті. Мұны кезінде актрисаны көрген адамдар, солардың ішінде Қапан Бадыров, Сабир Майқанова, Камал Қармысов сөзсіз мақұлдайды және суретінен де байқауға болады.

Базардан алып келген күміс құман, Жігітті адастырған қалың тұман.

Соңғы жолдың мәнісін түсіну қиынға соқпайды.



Амангелді ҚҰСАЙЫНОВ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақ Білім академиясының, ЖМ ХФА-ның академигі

АРҚАЛЫ АҚЫН¹

Биіктік пен тереңдікті, кендік пен адамгершілікті, махаббат пен сүйіспеншілікті ерекше қастерлеген қазақ халқы сол қасиетті ұғымдарды рухани әлемнің байрағы етіп желбіреткен парасатты ақындарын әрқашан да арқа тұтып, мақтаныш еткен. Олардан қалған асыл мұраларды көзінің қарашығындай сақтап, ұрпақтан ұрпаққа табыстап

Алыстан асығып келген бетте ғашығына бірден жете алмаған болар. Осы айтқаның бәрі қалжыңмен аяқталады:

*Арадан қыл өтпейтін тату едік,
Біздерге қастық қылған қай антұрған?*

«Антұрған» деген сөзді папамның аузынан жиі еститінмін. Біреуге жеңіл-желпі ұрысса немесе жақын адамды күлкі етсе, ылғи «Ой, антұрған» деуші еді.

Қазақ халқының бай музыкалық қазынасында «Назқоңыр» құрметті орын алады. Кезінде бұл әнді Әміре мен Исамен өзі шарықтата шырқаған, кейін тамаша әншілеріміздің бәрі салған. Бүгінгі таңда атакты артистеріміз Ермек Серкебаев, Әлібек Дінішев және Роза Рымбаева әрқайсысы өзіндік шеберлікпен орындап, құлақ құрышын қандырады. Маған Розаның бірінші шумақты қайталап айтуы ұнайды.

«Назқоңыр» әні де, оған айрықша көрік пен маңыз беріп тұрған өлеңі де өнердің шыңына жатады. Осы шығармасының кейіпкері Шарбану Ақымқызы Байзақова 1937 жылы 28 сәуірде Семей қаласында қайтыс болды. Ол уақытта анамның қабырына темір қоршау да, мүсін тас та орнатылмады. Кейін де реті келмеді, бірақ ақын сүйген жарына өлеңнен өшпес ескерткіш орнатып кетті.

Өлмейтін өнермен бірге анамның бейнесі жасай бермек.

отырған. Табиғатынан зерделі де зерек жыр дүлдүлі, ғажайып тума талант Иса Байзақов та сол айбынды алып шыңдардың, арқалы ақындардың қатарынан орын алады.

Иса — халқының ізгі қасиеттерін ерекше қадірлеп, үлгі еткен сұңғыла ақын, ақындық өнердің телегей теңізі, ұлттық өнердің шамшырағы. Дала перзентінің мөлдірлікке, сұлулыққа іңкәр көңілінің ләззатты күйін кешемін десең Исамен шығармашылық лабораториясының ауасымен тыныста. Сонда ғана Иса өнерінің тамыры қазақ сахарасының тағдырымен сабақтасып жатқанын аңғарасын, сонда ғана шебердің кәусарына қанып, рақатына бөленесін.

¹ Байзақов И. Ақбөпе: Таңдамалы. — Астана: Елорда 2000. — 5-8 б.

Бауыржан ЖАҚЫП, ақын, академик

«... Иса желініп, үзілмей соққан сар даланың желі сияқты, сол даладай кең, мол ақындықтың иесі. Еуропа Исаның ақындығындай суырыпсалма, желермен, тұтқиыл ақындығын, ақындықтың теңізі деп түсінер еді.

Осы күнгі Еуропаның сахна өнеріне мұндай сый жат болып, жоғалып кеткен. Бұл сахна өнеріндегі таза қазақ тумасы. Құмды, желді даланың жан жаралаған жайын төсті сытырғысы сияқты молдан пішілген дала табиғатына үйлескен бір өнер. Бүгінгі қазақ сахнасында Иса әлденеше ғасырларды жиғандай, мәдениет тарихының әлденеше дәуірлерін бітім-дестіргендей.

Мұның арты баяғы кәрі заманнан саналы толғау иесі жыраудан, ру бәсекесінде ат жарыстырғандай, сөз жарыстыратын айтыс ақындарынан келе жатқан суырыпсалма. Бүгінгі тұрған орны сахна. Айтылып қалған сөздері әдебиет туындысы. Иса сахнадан үгіт айтады, сын айтады. Өзі түсінген мөлшерде сұлулықты, жарастықты жырлайды. Өлең-жырмен әңгіме баяндайды. Табиғатты сипаттайды. Өлеңмен күлдіргі қалжың айтады. Жақсының сарынындай құбылып, бүктетіліп толқынған желдірменің әніне қосылғанда шалқыған ақындық сөзін ту қып ұстап, заманды қазып келе жатқан өнер желмаясының шабысы елестегендей болады».

Бұл ұлы Мұхтар Әуезовтің Иса ақынға берген аса құнды бағасы. Ал тағы бір Исаның өзін көрген, өнеріне бас шайқаған қазақ әдебиетінің классигі Сәбит Мұқанов «бұл бір Алланың пендені таңғалдыруға жіберген өкілі еді» дейді.

Ендеше Иса туралы ақиқат пен аңыз астасып жатқан дарияға бас қояйық. Исаны барша тұрғыластары ашық мойындаған. Мәселен, өз дәуірінің керемет эпик ақыны Нұрхан Ахметбеков «Исаның ақындығы менен басым, Екпіні құлатқандай таудың тасын» дегенде, Иса ақындығының жойқын күші мен алапат арынын дәлелдеп бергендей.

«Жазушы» баспасынан 1971 жылы шыққан Иса Байзақовтың «Құралай сұлу» кітабының алғы сөзін жазған Мұзафар Әлімбаев: «Егер поэзия мен өнер саласында қазақ халқының таланттылығын бір-ақ мысалмен дәлелдеу қажет болса, мен Иса есімін атап, жан-жақты өнерпаздығын алға жаяр едім. Сонда кез келген шетелдік тосын көз де тоғыз жасынан талант бәйгісіне түскен жыр дүлділі, «Желдірмелерін» желдей естірген шабытты әнші, дарынды композитор, қазақ театрының кара шаңырағын көтеріскен айтулы артист,

халық фольклорын жинаушы, әдебиет насихатшысы, артына өшпес үлкен мұра қалдырған Иса творчествосына илана ұйыр еді...» деп жазыпты.

Ал аңызға жүгінсек, «... жиырмасыншы жылдардың бірінде Қызылордада, кәдімгі Біржан сал мен Сара қыздың айтысы бойынша құрастырылған постановка жүріп жатады. Сара рөліндегі келіншек бір тұста жаттаған сөзінен жаңылып қалып, Біржанды шанышпа сөзбен шағып алады. Осыған шамданған Біржан сал сахна төрінен айтыстың тексінде атымен жоқ, тың жырды төге жөнеледі. Көрермендер сілтідей тынып қалады. Асыл сөздің ақжамбысын аспанға атқылап, Біржан сал ащы айқайға басады. Сараға дес бермек түгілі, сөз кезегін тигізбей қояды. Постановканы басқарушылар қатты сасады. Біржан боп ойнаушы жігітке режиссер бүйірде тұрып белгі берсе де, бірге ойнаушылар түрткілесе де, ол көрмеген боп, өленді төпей түседі.

— Ой, пәле-ай!
— Ойхой, Біржан! — деп кикүлағандар саны залда көбейе береді.

Басқа арнаға ауысып кеткен постановканы режиссер байғұс шымылдық жаптырып барып, өзгеріс қозғатады.

Сондағы Біржан рөлін орындаушы жігіт Иса ақынның өзі екен. Исадан:

— Саған не болды? — деп сұраса,
— Артист боп отырғанымды ұмытып кетіппін, шын айтысып жатыр екенбіз деп қалдым, — депті ақын маңдай терін сүртіп жатып...»

Міне, шабыттанған шағында Иса дүниені түгел ұмытып, беріле суырып салып, еркін көсілген шақтары көп болған. Ел аузында сол көргендері Иса туралы аңыз болып, ұрпақтан ұрпаққа жеткен.

Әйгілі Мұхтар Әуезов айтты деген мына әңгімеге де қайран қаласыз: *«Бір күні Исаға тұтқиылдан қасақана тиісіп, шүйілмесім бар ма! Осы сен, өр көкіректеніп, өзеуреп, «Мен!» «Мен!» деп неге кезде кересің? Неге бұлданадың, бәлденесің? Кәне, мықты болсаң, көрейін сені! Айталық, мен дүние салған екенмін. Сол тұрасында жоқтау айтышы, кәне, қолма-қол осы арада. Айтарыңның сөзі де, сазы да жаңа, соны болсын! — дедім. Қаршыға бітімді шапаты Иса шапшаңдыққа басты. Шырышық атып, алабұртты. Мойны келтелеу, жылдар ізінен қара қоңырланып жылтырланған кәрі серік домбырасы шанағының бет тақтайын ортан қолымен тарс-тұрс ұрып жіберіп, шырқап кетті дейсің! Иманым қасым болды, қара жер теңселіп, тұңғыық аспан төңкеріліп бара жатқандай. Жер үстінің наза-наласы соның ғана көкірегің кернегендей. Азалы әуен, қара жамылған қам*

келіншектердей тірі сөздер! Төбе құйқам шымырлап кетті. Әттең, әсем әні де, әдемі жыр да сол жерде қалды. О кезде қазіргідей магнитофон, диктофон бар ма еді!» — деп ұлы жазушы Жазушылар одағында Иса Байзақовты еске алған бір жиында кілт кідіріпті.

Бұл да Исаның шын ширыққан,

жаттап өскен. Кейіннен Қаныш Сәтбаевтың кеңесімен Семейге барып білім алады. Одан кейін Орынборда ағарту мекемелерінде оқиды. Сол жылдары орыстың ұлы ақындары Пушкин мен Лермонтов шығармаларымен жіті танысады. Ұлы Абай өлеңдерін де сол кезде үлгі тұтып оқиды. Сол оқығандығы

АСЫЛ МҰРАСЫ



1940 жыл. Фрунзе. Ақын, композитор Иса Байзақов қырғыз жазушыларына күй тартуда

шабыттанған шағында қыран құстай самғайтындығының дәлелі.

1946 жылы ұлы Жамбыл дүниеден озғанда, Алатаудың арғы бетінен келген Қырғыз ақындары жоқтауды нәсердей төгіп-төгіп жіберіп, қазақ ақындарын шаң қаптыра ырлағанда, Мұхтар Әуезов: «Қайран Исаның жоқтығын-ай, әттең, алдына жан салмас еді!» — деп көзіне жасы алыпты жарықтық. Бұл кезде Иса ақын өкпе дертінен қайтыс болып кеткен екен.

Иса — ең алдымен эпик ақын. Оның «Құралай сұлу», «Ұлы құрылыс», «Алтай аясында», «Кавказ», «Он бір күн, он бір түн», «Ақбөпе», «Қырмызы-Жанай» атты дастандары тасқа басылып, бүгінгі күнге жетті.

Әсіресе «Құралай сұлу» поэмасының жазылу үрдісі, суретті кестесі ерекше.

Шығарманың басында:

Қазақтың Есім ханы болған кезде,
Жау жорық жапан түзге

толған кезде,

Болыпты Монтай атты бір әділ би
Руы Ойбас қыпшақ Орта жүзде.

Ол кезде Шудың бойын қазақ алған,
Неше жыл сол алапты мекен қылған.
Оңтүстік Қамсақтының жағасында
Қалыпты Монтекеңнің аулы болған,
— деп бір жүйткіге бастап, әрі қарай:

Қабакты, қара торы, ұзын бойлы,
Кірпікті, бұрыл сақал, терең ойлы.
Бұрылып үлкен мұрын, ойлы түспен
Халқына бір жағалап қарап қойды.
Уа, жұртым, қайғырмайық бір

жас үшін,

Жазмыштың сөгеміз бе еткен ісін?
Ер туса, елден тумақ, елді тіле,
Елсізден ер тумақ па, білмеймісің?
Ер туып жоқ елді бар қыла алмайды,
Ел болса, ер туғызбай тұра алмайды»
— деп көсіле жырлайды.

Исекеннің дастаны ретіндегі ерекшелігі — ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің арасынан келіп шыққан дара ақындық қасиеті. Иса жастайынан ауыз әдебиеті үлгілерін санасына сіңіріп

оның «Құралай сұлу», «Алтай аясында», «Кавказ» поэмаларынан айқын көрінеді.

«Құралай сұлу» — қазақтың басына күн туған «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезіндегі ауыр халін көрсететін, өз арманына жете алмай кеткен қыздың тағдырын жырлайтын кең тынысты романтикалық поэма. Әсіресе адам образын сомдаудағы шеберлігі Келден, Монтай, Құралай бейнелерін адам жадында қалатындай етіп бейнелеуінен көрінеді. Исаның ақындығы 1925 жылы жарық көрген осы дастанымен-ақ қазақ даласын шарлап кетті. Оның поэмадағы табиғатты суреттейтін тұтас полотнолары таңғалдырады. Мысалы:

«Шаңқанда шағалалы құстар ұшып,
Шуылдап сұқсыр қонған суға түсіп.
Қызғыш-қызық, шауқілдек

жағын безеп,

Аққу-қаз сұңқылдайды үнін қосып.

Алыстан көрсеткенде сұлу сағым,
Күлдіреп көтеріп тұр, көлдің бағын,
Жан-жағы көктемнің көкмайсасы,
Толтырып жаңа жарған

жапырағын...»

немесе
«Батуға шеті ілінген алтын арай,
Жер астан, аспан үстен қарай-қарай.
Қоңыр түс ойға түсіп, қабақ жауып,
Тышталып келе жатыр, дүние солай.

От шашып қызыл жібек маңайына,
Нұр төгіп көкжиектің маңдайына.
Түсіріп шымылдығын бір заманда,
Күн сұлу кіріп кетті сарайына,

— сияқты үзінділерден-ақ ақынның жансызды жандыға айналдырып, табиғатты шебер суреттейтіндігінің сан мәрте куәсі боласыз. Поэма ішіндегі диалогтер де жыр тілінде әдемі киюласады. Қазақ-қалмақ шайқасының баталдық көріністері де, жекпе-жектер мен жан алып, жан беріскен майдандар да, Келден батырдың қалмақтардың қолына түсуі де аса сенімді жырланады. Оқып отырып өзін сол шайқастың ішінде жүргендей сезінесің. Оған мысал көп:



«Шашағы найзасының желк-желк етіп,
Айбалта, қылыш, қанжар жарқ-жүркі етіп,
Тістеніп көзі жайнап о да ұмтылды,
Айқасып найза салдым, қуып жетіп.

Қырандай көз айырмай Дауыл қақты,

Қазақстан Жазушылар одағында өткен әдеби бір кеште ауызша шығарған екен. Кейін баспа бетін көргенде көп жері қалып қойған. Оған куәгер болған Д.Әбілев, Ә.Тәжібаев, Ә.Әбішевтер поэманың басылған нұсқасынан ауызша айтылған нұсқасы әлдеқайда көркем болғанын еске салады. Ал М.Әуезов:

– болып кете береді.

Иса Байзақов көптеген ән мәтіндерін жазып қалдырған. Ол көптеген халық әндерін қайта түлетіп, соларға өзі сөз жазған. Бүгінгі таңда халық әндері болып айтылып жүргендерінің ішіндегі ең танымалдары «Назқоңыр», «Қалқа», «Қанапия», «Үридай», «Бір бидай»,

композитордан «Алтай», «Кең сарай», «Бір бидай», «Қалқа», «Үридай», «Кербез сұлу» әндерін жазып алған.

Исаның тағы бір қыры – оның қазақ ауыз әдебиетінің, шығыс дастандарының, батырлық жырлардың насихатшысы болған. Әсіресе «Рүстем-Дастан», «Алпамыс», «Арқалық батыр» жырларын танды таға ұрып жырлаған кездері болған.

Ол Әміре Қашаубаев, Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов, Майра, Қали Байжанов, Құрманбек Жандарбеков, Қапан Бадыров, Қалибек Қуанышбаевтармен бірге қазақ театрының ірге-

ӨШПЕЙТІН АҢЫЗ АҚЫН

Көк найзам күл-күл болды

күміс сапты.

Ол салды айбалтамен, мен сермедім,
Сынығын найзасының аспанға атты.
Суытпай қорамсақтан салып өттім,
Арам тән аударылып сеспей қатты...»

Осы сияқты жыр жолдарындағы аскан дарынның көмейінен ғана төглетін інжу-маржан теңеулер мен эпитеттер, архаизмдер мен тарихи сөздер, тұтас фразеологиялық тіркестер айызынды қандырады.

Поэманың апогейі Келден мен Құралайдың онаша кездесуімен, суға түскен сұлуды суреттеуімен, копадан жолбарыс шығып аруды талап, Құралай сұлудың қапыда қайғылы қазаға ұшырап, жан тәсілім етуімен аяқталады. Ақынның сұлудың бейнесін сомдаған мына жолдары:

«Жалаңаш сұлу тұрды даярланып,
Қанды көл, қопа басты шыр айналып,
Күмістей аппақ тәнге күн шағылды,
Білек, балтыр қояндай жұмырланып.

Астында шам, үстінде құндыз жүзіп,
Еркелейді өзіне-өзі құмарланып.
Екі алма аналықта алдиярлап,
Күліп тұр жас балаша, шамдай жанып.

Жамбыдай тән үстіне әліп тартып,
Мықынсыз сұлу суға кетті батып.
Қанатымен қағынған аққуға ұқсап,
Шомылды сумен ойнап

шапылдатып...»

Жан тебіренеді, осындағы ұлттық бояудың қанықтығынан, көркемдік бейнелеу құралдарынан көз сүрінеді.

Исаның атын шығарған «Алтай аясында», «Кавказ», «Ақбөпе» поэмаларының қай-қайсысы да нағыз ақын қолтаңбасын көрсетеді. «Алтай аясында» Балағаз бен Еркежанның махаббатын сол кездегі қоғамдағы тартыс аясында суреттеп, адал сүйіспеншілікті оптимистік оймен қорғап қалады. Ал «Ақбөпе» поэмасы шындық оқиғаға негізделген. Атақты әдебиет сыншысы Айқын Нұрқатовтың айтуынша, «бұл поэма И.Байзақовтың ақындық шеберлігі толыса өскендігін, оның өмірге, тарихи шындыққа деген көзқарасының тереңдегенін танытады».

«Қойшының ертегісі» дастанында Ақжолтай Ағыбай батырдың ерлігін:

«Ертеде болған екен Ер Ағыбай,
Ол кезде ер болмапты Ағыбайдай.

Баяғы Кенесары заманында,
Ерлігін көрсетіпті елге талай», – деп жырлаған.

«Қырмызы-Жанай» поэмасы аяқталмай қалған. Мұнда Зайсан көлі жағасындағы балықшылардың ауыр халі, Ұсан сияқты бай-бағланның патша жарлығына сәйкес 19 бен 31 жас аралығындағы қазактарды әскерге алуға шығарған әділетсіз шешімі, Жанай мен Қырмызының махаббаты, Қырмызының ағасы Сатыбалды бастаған кедей балықшылардың Ұсан әділетсіздігіне қарсы шығуға бел байлағандығы жөнінде баяндалған тұсында үзіліп қалған.

«Он бір күн, он бір түн» дастанын

«Құлағымызбен естігеніміздің қаңқасы ғана қалыпты», – деп өкінген. Жалпы, Исаның көптеген шығармалары алғаш айтылған нұсқасында сақталмаған. Әлі де баспа бетін көрмеген шығармалары бар. Олар республикалық, облыстық, аудандық газеттер бетінде шашылып жатыр. Исекеннің қай дастанын алсаң да ақынның аскан тіл байлығын, қазақ тарихын, тұрмысын жақсы білетіндігін, көркемдік деңгейінің жоғарылығын байқаймыз.

Иса ақын лирика жанрында да қалам тербеді. Ол өз заманын шабыттана жырға қосты. Қазақ поэзиясына жаңа жанр желдірмені алып келді. Оның желдірмелерінің әні әуезді, сөзі де соны. Қазіргі әншілер ең жиі айтатын бірінші желдірмесінің сөзі былай болып келеді:

Ал, алқа, келді кезің жайнайтуғын,
Бұлбұлдай бақшадағы сайрайтуғын.
Өнердің қиясына шыққан сайын,
Болаттай тастан табан таймайтуғын.

Жөнелдім желдірмемен желдей есіп,
Қырандай аспандағы талмайтуғын.
Тізейін өлеңімді меруерттей,
Есінен жұртшылықтың қалмайтуғын,

Дабылы дауылаздай шарықтаған,
Екпіні самолеттей заулайтуғын.
Талапты жастарымыз, үйреніп ал,
Ән еді желдірме атты, самғайтуғын,



1940 жыл. Фрунзе. Ақын Иса Байзақов, жазушы Сәбит Мұқанов, қырғыз жазушылары Аалы Токомбаев және Түгелбай Сыдықбаев (оңда).

«Төгілмелі», «Қанат талды», «Жонып алды», «Ақ ерке», «Көкаршын» сияқты әндер. Музыка зерттеушісі А.В.Затаевич 1923–1924 жылдары Орынбор қаласында Исамен кездесіп, оның орындаған «Бике», «Маньш ханша», «Жар-жар», «Танысу» тәрізді ән өлеңдерін хатқа түсіріп, жинағына енгізген. Ал Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, өнертану докторы Б.Г.Ерзакович әнші

тасын қалаған тұлғалардың бірі болып табылады.

Сондай-ақ арқалы ақындар Кемпірбай Бөгембайұлы, Шашубай Қошқарбайұлы сияқты ат үстінде небір алуан қызықтарды көрсететін ойыншы, яғни ұлттық цирк өнерінің бастаушыларының бірі болған. Оның шығармашылығында езу тартқызар жырлар, әзіл-қалжыңға құрылған өлең жолдары да кездеседі.

Ал айтыс ақыны ретінде талай арқалы ақындармен айтысып жеңіске жеткен. Иса ақын өзі туралы: «Алайда жиын, айтыс үстінде қасақана, осы сүрінер ме екен деп, ақындық намысыма тигендей мені үкен айтысқа салса немесе тосын тақырыптар беріп, әдейі қиып бөгеттерге әкеліп итермелесе, міне, осы кезде менің ақындық қуатым электрдің тоғындай лап етіп жанып, өрт болып қаулап сала береді... Бұл уақыттарда мені ақындық шабыт, отты сезім, ұшқыр қиял сияқты нәрселер билеп кетеді. Оларсыз ақын суырып салып өлең айта алмайды...» – деген екен. Алматыдағы Абай атындағы Опера және балет театрының ғимаратында 1943 жылы ұлы Жамбыл ашып берген тұңғыш ақындар айтысында бас жүлдені иеленген. Еңбек Қызыл Ту орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

Оның өшпес шығармалары орта мектептер мен жоғары оқу орындарының бағдарламасына енгізіліп оқытылуы керек.

Ертіс-Баян өңірінің тумасы, көрнекті жазушы Ахат Жақсыбаевтың төрт кітаптан тұратын «Иса ақын» шығармасының негізінде көркем фильм түсірілуі қажет.

Сан қырлы талантымен аз ғана ғұмырында аңызға айналған Иса ақынның асыл мұрасы қазақ халқымен бірге жасай береді. Дүлдүл ақынның Иса поэмалары кейіпкерлерінің атын алған Құралай, Қырмызы, Еркежан атты немере-шөберелері бар. Біртуар тұлғаның 125 жылдық торқалы тойы баршамызға құтты болсын, ағайын!



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ
КІТАПХАНАСЫ



ҰЛТТЫҚ
КІТАПХАНАСЫ

Шарғуру

Сізді, ақын, композитор
Иса Байзақовтың 125 жылдығына орай
И. Байзақовтың «Поэмы» (орыс тілінде), М. Байзақованың «Порыв вдохновенный» және «Өнегелі өмір» сериясымен
«ИСА БАЙЗАҚОВ» АТТЫ КІТАПТАРДЫҢ
таныстырылымы және конференцияға шақырады



ИСА
БАЙЗАҚОВ



М. Байзақова



ИСА БАЙЗАҚОВ

ҚР Ұлттық
Кітапханасы
Абай даңғылы, 14

3 қазан
11:00

@ulttyq_kitaphana

(Басы 5-бетте)

Асылы, Исаның өнер дүниесіндегі мүмкіндігі алуан түрлілігімен, жан-жақтылығымен ерекшеленеді. Сегіз қырлы, бір сырлы талант иесінің өнегелі өмір жолы соны аңғартады.

Ең алдымен, Иса Байзақов – суырыпсалма акын, суырыпсалмалылық қасиет оның ақындық шабытының қайнар көзі, тумас бастауы. Бұл ерекшелігі айтыс өнеріндегі табан астында тауып айтатын тапқырлық кернеген шабытынан ғана емес, өмір-өзеннің толқыны жан дүниесін сәбидей әлдилегенде, қызық пен қуаныш, сағыныш пен мұң-нала нәзік сезімін селт еткізіп, тебіренкен сәттердің бәрінде де жарқырай көрінді. Өйткені ақын тіршіліктің жұмбақ сырларының тереңіне құлаш ұрып, түйінін елеңмен шешуге аса құштар болды.

Иса – ауыз әдебиетінің кең тынысты өкілі әрі жазба әдебиетінің қарымды қаламгері. Сондықтан да болар әдебиет зерттеушілері Исаның әдебиеттегі күші таразының қай басына молырақ ауарын салмақтауға көп көңіл бөлді. Ал біздің ойымызша, ол – таразы басын тең ұстаған өнер адамы. Ол ауыз әдебиетінде жеткен жетістіктерін жазба әдебиеттің көркемдік қуаты мен маңызын арттыруға шебер пайдалана алды. Осынау бір-бірімен тығыз байланысты, бірақ өзіндік белгілері мен ерекшеліктері де көп әдеби құбылыстардың бірінен екіншісіне өту жолындағы күрделі сыннан ақын сүрінбей өтті. Бұл тарапта ол, халық поэзиясы тілінің байлығы мен көркемдік қуатынан алған тәлімі мен біліміне сүйенді. Ұлы даланың өзіндей кең, мұхиттай терең, шындағы шынардай асқақ рухта, халық поэзиясы рухында тебірене білді.

Иса талантының тағы бір қыры – танды таңға ұрған, күннен аптаға, аптадан айға ұласатын қара жанбырдай толассыз, керемет жыршылдығы. Естеліктер «Ертеңнен салса, кешке озған тұлпардай ұшқыр қиялды ақын жыры – тартылмас теңіз еді. Халық тарихындағы небір дастан-жырларды («Рүстем-Дастан», «Алпамыс», «Арқалық батыр» т.б.) мүдірмей ұзақ уақыт жырлағанда шаршау орнына шырға түседі» дейді.

Өнерлі Иса – қазақтың профессионалды театрының бастауында тұрған тұлға. Оның Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов, Қалибек Қуанышбаев т.б. сынды өнер жұлдыздарымен бірге қазақ театр өнерінің уығын қаласып, керегесін кеңейтуге қомақты үлес қосқаны белгілі.

Иса кемелдігінің бірі – оның әнші-композиторлығы. Бұл дара біткен қасиеттің негізі де туған топырағының нәрі мен халқының қазыналы болмысында жатыр. «Назқоңыр», «Ақерке», «Жонып алды», «Бір бидай», «Кербез сұлу», «Желдірме» т.б. тәрізді ән-өлеңдері отандық поэзия мен музыкамыздың алтын қорына қосылды. Алайда, Исаның ән өнерінде қалдырған мұрасының арнайы зерттеліп, жете бағаланбай келе жатқаны өкінішті-ақ.

Иса Байзақов шығармалары – өзі өмір сүрген уақыттың айнасы. Олай дейтініміз, ол өз мезгілінің жүрек лүпілі мен тамыр соғысын тап басып, тани білді. «Күндер бар күн ішінде күннен де ерек, Тарихта өштейтұғын қалған дерек», — деп өзі айтқандай, ел басынан өтіп жатқан оқиғалардың бірде-бірін назарынан тыс қалдырмады. Сұңғыла ақын шығармасына өзек етер тақырыпты таңдауда талғампаз болды, оның мазмұнын

жоғары деңгейде ашып көрсетуде кемегерлік танытты. Ерлік пен ездік, данқ пен дақпырт, шаттық пен қасірет секілді қарама-қарсы құбылыстар шиеленістерінің шешімдерін тыңдарман мен оқырман санасына шебер де жеңіл жеткізе білді. Өнерге ғашық ұлы тұлғаның ел жадында жұлдыздай жарқырауының сыры сонда болса керек.

Ақын Иса асқан сезімтал, ғажайып ұғымтал болған. Шығармаларында, әсіресе поэмаларында лирикалық тереңдік пен эпикалық кендік сабақтасып, ұштасып жатады. Қазақ поэзиясының даму, толығу, тарамдалу тарихында Иса поэмаларының алатын орны ерекше. «Құралай сұлу», «Ақбөпе», «Алтай аясында» поэмалары ақынның



тарихи-танымдық білімін, көркемдік түйсігін, эстетикалық сараптау білігін, өнердегі қарымын танытады, халықтың өткен жолына тарихи пайыммен қарауға меңзейді. «Халықтың қасиетін жаныммен ұққан, Бұл жырды мен жырламай кім жырлайды» деген ақын үні сөз өнеріне, ел мүддесіне деген жауапкершілік пен жанашырылыққа толы. «Ақын орны – қаламы қандай биікке көтеріп шығарса, сол жерде. Ондай орын әсіресе биікте көп» дейді ғұлама сөз зергері Ғабит Мүсірепов. Демек, ол биіктен көріну бірдің бірегейінің пешенесіне ғана бұйырады. Иса Байзақов – сол бірегей ақындардың легіндегі тұлға. Сондықтан да оның қазақ қоғамындағы оқиғаларды толыққанды көркем туындыларға айналдырған, эстетикалық әсері мен тағылымы мол, бояуы қанық, сөз суреттері мен сырлы дүниелерін туған халқы құмарта оқып, қадір тұтады.

Иса Байзақов – азаматтық тұлғасы мен ақындық дарыны әсем үйлесім тапқан өнерпаз. Жан дүниесі даналық пен бауырмалдыққа толы ұлттың тартып туған тектілігі – кейінгі толқынға үлгі, келер ұрпаққа темірқазық. Соның бір белгісі осы ұсынылып отырған жыр жинағы. Бұл біздің ұлы Исаға деген құрметіміз, ұрпақтық парызымыз.

Дүниеге небір асылдарды, өнердің мәңгі сөнбес жарық жұлдыздарын берген халық тағы бір ұлы перзентімен, ғажайып та ғаламат өнер иесімен жүздесіп отыр.

Сарғая күткен, сағына күткен күн келді. Ел күтіп еді Иса жырын! Ұзақ күтті! Ел еркесі, өнер серкесі ескерусіз қалып бара жатса да, халық жадында жүруші еді. Ақиық ақын ұлын бүгін алдынан шықты! Қарсы алыңыз, әлемет!



ЕСТЕЛІКТЕР МЕН

алтын қорына қосылған «Құралай сұлу» мен «Алтай аясында» атты поэмалары тарихи оқиғаларды көркемдік тұрғыдан жинақтаудың жаңа үлгілерін танытты. Бұл шығармаларына арынды ақын, алдымен, қазақ тағдырындағы айрықша орны бар ірі-ірі тарихи оқиғаларды арқау етеді. Халықтың бостандық, тәуелсіздік жолындағы мақсатты күресі алдыңғы қатарға шығады да, осынау оқиғалардың ел өміріндегі, жекелеген адамдар тағдырындағы әлеуметтік-рухани салмағына назар аударылады. Ақынның дүниетаным тереңдігі, тарихи көзқарасы, поэтикалық, көркемдік жинақтау әдіс-тәсілдері өзінің кең ауқымдылығымен, шынайылығымен оқырманын баурайды.

Ақындық диапазон, тарихи-деректік оқиғалар шоғыры туған жер туралы идеяны және халқымыздың ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан батырлық рухын асқақтата жырлауға жол ашқан. Жау-жүрек, батыр жігіт Келденнің қалмақтарға қарсы күресі мен Құралайдай сұлу да парасатты қазақ қызының тағдыры қатар өріле сюжет арқауын ширата түсетіндігі, алдымен, суреткерлік шеберлігінен бастау алады.

Қазақ жүрегінде «Есім ханның ескі жолы» деген аңызға бергісіз қанатты сөз қалдырған, ел бірлігі, ұлттық мұрат жолында баға жеткісіз тарихи еңбек жасаған әйгілі Есім ханның заманында тағдыр кешкен, елінің жоғын жоқтаған, әділдігімен, турашылдығымен көпке жаққан Монтай бидің тұлғасы да поэманың құнарлы тұсы десек, қателеспейміз.

«Құралай сұлу» поэмасында туған жерді қасық қаны қалғанша қорғай білетін батырлық болмыс пен адал махаббаттың жолында басын бәйгеге тігетін азамат тағдырының арасындағы рухани сабақтастық, жүрек қуаты қылаусыз поэзия тілінде сөйлейді. Автор осынау адам бойындағы ізгі қасиеттерді нақты көркем тұлғалар арқылы, олардың жан дүниесіндегі сезім толқындарын жарқырата аша отырып, оқырманына терең тебіреніспен жеткізеді. Жаугершілік замандағы қазақ тұрмысы, сол кезеңдердегі алмағайып тіршіліктің тарихи келбеті поэтикалық айшықты суреттермен боямсыз, шынайы түрде көз алдымызға келеді.

«Алтай аясында» атты поэмасы да ақынның осынау ұлы идеясын басқа қырынан алып, оны ары қарай тереңдете түсетін туындысы. Бұл шығарманың да алтын арқауы – тәуелсіздік, бостандық, яғни еркін өмір жолындағы ержүрек жандардың бойындағы күрес рухын, қажыр-қайратын құдіретті поэзия тілінде кестелеу болып табылады. Адал махаббат, шынайы сүйіспеншілік жолында басын бәйгеге тігетін, биік мақсат-мұратты армандайтын, осы жолда қандай да



Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ,
Қазақстан
Жазушылар одағы
Басқармасының
хатшысы,
филология ғылым-
дарының докторы,
«Ал-Фараби атындағы»
ҚазҰУ-дың профес-
соры

ИСА БАЙЗАҚОВ ЖӘНЕ АБАЙ ДӘСТҮРІНДЕГІ ДАСТАНДАР

Дәстүрлі қазақ поэзиясында сюжеттік оқиғаларды арқау етіп, тарихи кезеңдердің шындығын биік көркемдік деңгейде, тартымды суреткерлік шеберлік аясында жинақтап көрсете алған эпикалық шығармалар молынан кездеседі. Поэзиямыздағы осынау арналы көркемдік ізденістердің арғы бастауларына назар аударатын болсақ, бірінші кезекте Абай поэзиясының көркемдік тағылымы, шеберлік мектебі ойға оралады.

Ал енді поэзиямыздағы сондай көркемдік үлгілерді тудырған, қазақ әдебиетіндегі ақындық жаратылысы бөлек, тумас дарын Иса Байзақов шығармашылығы да дара көрінеді. Аса дарынды өнер иесінің басқа бір, өзі қатарлас өнер иесі туралы сөз толғауы, образ сомдауы, сол арқылы киелі қазақ өнерінің тұлғаларын әдебиетімізге көркем бейне ретінде қайтадан алып келуі, әрқашан да оқырман ықыласына бөленіп отырған. Иса Байзақов қаламынан әр жылдары, әр кезеңде туған өнер туындылары да оқшау көркемдік бояуымен, сирек кездесетін ұтымды теңеулерімен, сюжет тартымдылығымен оқырман назарын аударды.

Иса Байзақовтың әдебиетіміздің

қауіп-қатерден тайсалмайтын қазақ жастарының тұлғасы типтік көркем бейнелер деңгейіне көтеріледі.

Поэманың орталық кейіпкерлері Балағаз бен Еркежанды өмірдің қиын өткелдеріне салатын автор сол кезеңдегі дала өмірінің сан қатпарлы тарихи-әлеуметтік шындығын жалаң алмайды. Керісінше, кейіпкерлер тағдыры арқылы сан қатпарлы тарихи шындық көрініс табады. Оқиға желісінде әрқилы әлеуметтік

алдымен сүйегіне біткен, содан соң сан ғасырлық тарихы бар халық шығармашылығының бай мұрасы нәр беріп, қанаттандырған асыл арналар болатын.

Өнер жарысында ешкімге есе жібермеген, алқалы топтың алдында алмастай жарқырап, қырандай самғап өнер құдіретін танытқан ақынның шығармашылығы сондықтан да сан қырлы, сан қатпарлы болып келеді. Жоғарыда сөз болған туындылардағы тарихи

поэмалары көркемдік талаптарының ең биік шыңына көтерілген туындылардың қатарына енді.

Жалпы ақындық шеберлік туралы сөз қозғағанда Иса Байзақовтың өлеңдері, толғаулары, дастандары және ән мәтіндері алдымен көзге түседі. Осынау көркем туындылар несімен көз тартады, қандай қасиеттері арқылы қазақ поэзиясына жаналық болып қосылды? Оның шығармалары алдымен көркемдік сапасымен, кең тыныстылығымен, жаңашыл өрнегімен көзге түсті дегенде ақынның қай бағыттағы ізденістері бірінші кезекте аталуға тиіс? Бұған жауапты, ең алдымен, ақын туындыларының көркемдік бояуынан, суреткерлік болмыс-бітімінен іздеуіміз абзал.

Суреткер қаламгер Мұхтар Әуезов

*Егер де тірі жүрсе арманда өлмей,
Аруды Ақбөпедей ел жырлайды,
Бес кепе, бес арналы көл жырлайды,
Ертек қып, тауда қыран түзде тоты,
Ғашықтың өмірінен сыр жырлайды.*

*Халықтың қасиетін қанмен ұққан,
Бұл жырды мен жырламай кім жырлайды?
Мезгілсіз, мерекесіз өткендердің,
Жандары бізді де айт деп сыбырлайды, –* деп басталатын дастанның тұтастай сюжетті желісі, ішкі композициялық құрылымы, кейіпкерлер жүйесі – барлығы жиналып келгенде бір идеяға тоғысады, бір мақсатқа қызмет етеді. Ол идея – мәңгілік махаббат идеясы.

Сүйіспеншіліктің биік тұғырынан бір елі шегінбейтін қазақ жастарының қайсар мінезін асқақтата жырлау мақсатын көздеген автор суреткерлік талғам мен көркемдік талаптың биік деңгейіне көтеріледі, яғни адамгершіліктің, кісіліктің, азаматтықтың айнымас өлшемі – адал махаббатқа деген тұрақтылық екенін ақын барлық шығармаларында өмір бойы жырлап өтті.

Қаламгердің халыққа кеңінен танылған лирикалық, эпикалық шығармаларының дені осынау тақырыпқа құрылатындығы да тегін емес. Сондықтан да махаббатқа деген адалдықтың ар жағында ерлік, туған жерге деген сүйіспеншілік, батырлық, яғни адамның бойындағы барлық ізгі, асыл қасиеттер тұратындығын көркем тұлғалар арқылы бейнелеп беру Иса Байзақовтың күллі шығармашылық тағдырын анықтайтын басты арна деуімізге болады. Осы арнада ақын шеберлігінің барлық көркемдік қырлары, яғни тұтастай алғанда қазақ оқырманының жүрегіне жол тартқан, ілтипатына бөленген қаламгер шығармаларының сан қырлы суреткерлік қасиеттері жарқырап бой көтерді.

ЗЕРТТЕУЛЕР

топтар өз әрекетімен, өз мінез-құлқымен шынайы танылады.

Әлеуметтік күрес үстінде шындала түсетін қазақ жастарының сан қилы тағдыры, күрес жолдары қоғамдағы көпқатпарлы сюжеттік желілерге арқау болады. Әрқилы мақсатты көздеген, сол жолда беріспей тоқтамға келмейтін сандаған кейіпкерлердің рухани әлемін іштей ашып көрсетудегі ақын шеберлігі өзіндік сан түрлі көркемдік бояумен көз тартады. Тарихи оқиғаларды камтып көрсету, тұлғаның көркемдік қуатын аша түсетін іс-әрекеттерді бір желінің бойында шебер қиюластыру, табиғат суреттері, психологиялық иірімдер – барлығы түптеп келгенде, ақынның суреткерлік шеберлігінің терең құнарынан бастау алып жатады.

Иса Байзақовтың ақындық болмысында сандаған өнердің біте қайнасып жататындығын аңғарар едік. Ақын ең алдымен сан қырлы өнер иесі болған. Оның қалың елге кеңінен жайылған, талай өнер санлақтарын тамсандырған, таңғалдырған актерлік, артистік, әншілік, жыршылық өнерінің өзі бір бойына осыншама дарын қуатын тоғыстырған қайталанбас талант иесі екенін көрсетеді. Оның табан астында қалың қауым алдында, сөз маржандарын ақ жауындай төгіліп алып кететін суырыпсалмалық



оқиғалардың жанды тұлғалар арқылы жарқырап шығатындығы да алдымен ақын талантының осынау қасиеттерінен бастау алады.

Өнердің барлық жанрындағы классикалық үлгілеріне құлаш сермеген және солардың бірде-бірінде осалдық танытпаған төкпе ақынның барлық тақырыптағы туындылары төрт аяғынан тең тұрған дүниелер ретінде оқырман

Иса Байзақовтың шығармашылығына бір жағына, сүйсіне қызықтап, екінші жағынан шынайы ақын талантына оқырман назарын аударып: «Иса желпініп үзілмей соққан сардаланың желі сияқты, сол даладай кең, мол ақындықтың иесі. Еуропа Исаның ақындығындай суырыпсалма, желермен, тұтқиыл ақындығын, ақындық теңіз деп түсінер еді... Бүгінгі қазақ сахнасында Иса ғасырларды жиғандай, мәдениет тарихының әлденеше дәуірлерін бітімдестіргендей.

...Жақсының сарынындай құбылтып, бүктетіліп толқынған желдірменің өніне қосылғанда шалқыған ақындық сөзін туғып ұстап, заманды қазып келе жатқан өнер желмаясының шабысы елестегендей болады» дегенде теңіздей терең талантын, сан қырлы өнерпаздығын, парасат биігін дөп басып айтқандай.

Парасат биігі дегеніміз, шын мәнінде, ұлы Мұхаң, Мұхтар Әуезов мензегендей шығарманың ішкі көркемдік қуатынан бастау алатыны даусыз. Иса Байзақовтың әр алуан, тарихи маңызы терең тақырыптардағы туындыларын сөз еткенде алдымен ақын парасаты, яғни соған сабақтас, астарлас танылатын суреткерлік дүниетаным, көркемдік жинақтау, тіл кестесі, барлығы жиылып келгенде бір арнаға тоғысады. Ол арна – ақындық талант деген бір сөзге сияды.

Ақын талантының тағы да бір қайталанбас қыры «Ақбөпе» поэмасындағы Ақбөпе тұлғасының көркемдік қуатымен сабақтас көрінеді.

*Кім көрді көктің жерге құлағанын,
Кім көрді күннің жарық сұрағанын,
Кім көрді Ақбөпедей қыршын жастың,
Шомылып қанды азапқа жылағанын.*

*...Кім ұқты махаббатты Ақбөпедей,
Жүрегі жанулы тұр әлі сөнбей,
Аспанда ай, жұлдыз шашу шашар еді,*



өнері де тындармандарын таңғалдырған. Өлеңнің өткел бермес теңізіндей әсер қалдыратын арқалы ақынның өнер айдынында қалдырған қолтаңбасы қазақтың қай түпкірінде болмасын ауыздан-ауызға аңыз болып тараған. Қанаты талмас қырандай парлаған ақынды барлығы бір рет көріп қалуға, бір рет үніне құлақ түруге асыққан. Осының бәрі кездейсоқтық емес, тума таланттың

жүрегіне жол тапты. Оны қазақтың ең бір сүйікті, ардақты ақынына айналдырған дүниелері де осы мәңгі тозбас құдіретті поэзияның арқасы еді. Солардың ішінде, тағы да қайталап айтсақ, тарихи тақырыпты, әлеуметтік-рухани мәселелерді арқау еткен туындылары алыстан менмұндалап, айшықты көрінеді. Осылардың қатарында «Құралай сұлу», «Алтай аясында», «Ақбөпе» сынды



Жұлдыз БАЙЗАҚОВА,
Исаның шөбересі

ДАНЫШПАН АҚЫНҒА

*Қүдіретімен өнердің,
Өзертіп*

халық санасын.

*Өлеңменен биледің,
Дарқан қазақ даласын.*

*Атам менің ардақты,
Өшпес мәңгі жұлдызың.
Көтердің ғой қазақтың,
Биік шыңға тұғырын.*

*Көкке ылғи ұмтылдың,
Елдің асыл дарыны.
Кетпес естен ұлыңның
Оттай жанған сарыны.*

*Күн шығардай таң едің,
Таза бұлақ жан едің.
Деңгейіне жетпестей,
Қыран едің, тау едің.*

*Даңқың шарлап әр елді,
Қайта өрлеп жетеді.
«Ақын өлмес» – деп едің,
Парызыңды өтедің.*

*Өлең жайса өрісін,
Ел өзіңмен кеңеспек.
Домбыраңның желісі,
Жүрегімде елестеп...*

Халық эпосына көркемдік, тарихи сапасында зер салған Әлихан Бөкейханның «Қара қыпшақ Қобыланды» зерттеуімен Мұхтар Әуезовтің таныс болғаны даусыз. Қазақ әдебиеттану, фольклортану ғылымының қалыптасып, даму тарихында Алаш әдебиеттануы ұзақ уақыт зерттеу жүйесінен тыс қалды. Кейінгі кезеңдегі зерттеулерде мұраны тану, игерудің кешенді тұтас ғылыми өзектілігінде нақты салыстырулар жасалып отырғанымен, жекелеген мәселелердің арнайы қарастырылуы жалғасын таба бермек. 1915 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған Әлихан Бөкейханның «Қара қыпшақ Қобыланды» мақаласы мен Мұхтар Әуезовтің «Қобыланды батыр» зерттеуіндегі мұраттану ұстанымдары белгілі бір уақыттың еншісі ғана емес, қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу кезеңдері, басым көркемдік ұстанымдар маңыздылығында да өзекті.

Әлихан Бөкейхан жырдың оқиғасы өткен заманды тарихи фактілермен қанықтыра отырып баяндайды. «Едіге би Токтамыс ханға өкпелеп, Еділдің күншығыс жағына өткен. Сонда Токтамыс хан тоғыз батырын шақырып есік алдына қойып, бір-бірлеп алдына келтіріп, ақыл сұраған. Сондағы Токтамыс ханның тоғыз батырының біреуі Қара қыпшақ Қобыланды жайлы былайша жырланады:

*Қараңғыда жол тапқан,
Қысылғанда сөз тапқан,
Тайқазан қақпақ жауырынды,
Қолағаш тоқпақ айдарлы,
Кісі ақылына ермеген,
Қиын жолға жүрмеген,
Қара қыпшақ Қобыландым,
Хан Тоғымға не дейсің?*

Токтамыс хан Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы нәсілінен. Бұл Ақсақ Темірмен соғысып, жеңіліп қашқан. Бұл Қобыландының ісі XIV ғасыр ортасы болуға лайық. Токтамысқа болысқан Литва князы Ветовты Воркесла өзені бойында (бұл *Полтава губерниясында, Днепр саласы*) Ақсақ Темірдің қолбасшысы Едіге алған. Соғыс 1399 жылы өткен (*Қара: Шоқан кітабы, 71-бет*). Бұған қарағанда Едіге Токтамыстан кеткен соң Ақсақ Темірге қолбасы болса керек. Мұнан Қобыландының Токтамыс, Едігелермен замандас болғаны көрінеді.

Әлихан Бөкейхан «Қара қыпшақ Қобыланды» жырының тарихи негіздерін салыстыра екішейді: «Арғынның атасы Дарқожа Әбілқайыр ханның қазысы екен. Әділ билік айтқанынан Ақжол атанған. Қара қыпшақ Қобыланды да ханға сүйікті екен. Сондықтан бұл екеуі күндес болған. Күндестіктен Қобыланды батыр Ақжолды өлтіріп кеткен. Әз Жәнібек хан Қобыландыны өлтірем деп сұрағанда қалың қара қыпшақ бұзылады деп, Әбілқайыр хан бере алмаған. Шәкәрімнің жазуынша, «Қара қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным!» деген қазақ мақалы Ақжол атасы Қолан жылауынан қалған (*қара: «Шежіре», 31-бет*). Бұл екі ханның заманы 1450 жылдар. Бұған қарағанда Қобыланды XV ғасырдың ортасындағы жігіт болады. Онда Токтамысқа жігіт бола алмайды. Мұны Едіге жырына ақын қосқан болады. Шәкәрім айтқаны тарихқа жөн болса, Қара Қыпшақ пен Әз Жәнібек қазағы Қобыланды үшін араз болған көрінеді. Қобыландының айтқаны Қызылбас та, қалмақ та болмай, Жәнібек жұрты арғын нәмі өзге қазақтар болып жүрмесін».

Әлихан Бөкейхан Қобыланды батыр тұлғасына қатысты қилы дәуір дерегін келтіріп, тарихқа жүгінудің жөнін жан-жақты баяндаған. Мұхтар Әуезов кеңестік дәуірдің көкейтестісі, көксегені нендей идеология екеніне сактықпен қараған. Көп ақиқат, көп күрес, бостандық мұраттар бас көтеретін өткен тарихтың әңгімесін жыр оқиғасының, көркем бейнелердің тасасында қалдыруға мәжбүр: «Жырда Қазан қаласының ауызға алынуы, дастанның тарихи төркіні барлығын байқатады. Ол «Қара Қазан», «Сырлы Қазан» деп аталады. Қазан қаласы алғаш Гзаны өзенінің бойында, яғни қазіргі Қазаннан қырық шақырымдай жерде салынғаны, ал кейін XV–XVI ғасырларда Еділ өзені бойына көшірілгені тарихтан аян. Егер жырдың оқиғасы екі қаланы қоса қамтитын болса, онда Қобыланды жорығының мерзім-уақытын анықтау қиынға соқпайды. Сонда ол Қазан (*Еділ*) хандығына, Алтын Орда құлағаннан кейін соның орнына құрылған Қырым хандығына қарсы жорыққа қатысқан болуы ықтимал».

*Алтыстағы шешем Аналық,
Фатимаға тапсырдым,
Қарындасым Қарлыға,
Қарашашқа тапсырдым.
Қосақ жарым қыз Құртқа,
Балуан қызға тапсырдым.
Бөтен бір жаудың елінде,
Шай қайнатып жүргенде
Ғұмыр Осман шаһарияр,
Жиырма сегіз пайғамбар,
Қырда Қызыр пайғамбар,
Суда Илияс пайғамбар,
Ықылас атты Шаш тазы,
Дем бермесен, біз кеттік,
Ықылас атты Шаш тазы,*

Жырдағы тарихи мекен, жер-су атауларына мән берілуі де қағыс қалмаған.

Мұхтар Әуезовтің «Қобыланды батыр» зерттеуі де арғы тарихпен сабақтастырыла басталғанымен, нақтылы дерекнамалық саралауларды «айналып» өтуге тура келген. Едіге туралы Әлихан Бөкейхан айтты. Мұхтар Әуезовке заманы шет жағалап қана айтқызды. «Бұрынғы заманда неше алуан хандық құрған түрік жұрттарының көбінің тойын бірге тойлап шыққан бір ел қазақ елі екені тарих жүзінен белгілі.

Нағыз қазақ бірлігі XV ғасырлар ішінде шықты десек те, сол бірлікті жасаған рулардың көпшілігі ертерек заманда болған.

МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ

Ә.Бөкейхан қайсыбір тарихи деректердің қандай еңбектен, кімнен алынғанын атын атап, Шоқан Уәлиханов жинағына, Шәкәрім Құдайбердіұлының «Шежіресіне» сілтеме жасап отырған. М.Әуезов тарихи құжаттарды қопара көтеріп сөйлеудің қаупін ескеріп, жалпы қамтып, дәуірлік беталыстардың тарихынан қысқа ғана ақпарат беріп өткен. Ә.Бөкейхан қозғап отырған бай тарих көкейінде сайрап тұрса да, осылай сараң ақпаратпен шектеліп баяндайды: «Қобыланды» жырындағы қалмақ ханы Қазан Жошыдан төрт-ақ ата төмен. Бұл Қобыландыдан бұрын болған. Қазіргі Түркияның ескі патшасы Османмен замандас. Осман 1299 жылы патша болған. Шыңғысұлы Толыға алты ата, орысты алған тағы екінші Қазан хан бар. Бұ да Қобыландыға замандас болатын көрінбейді. Қобыландыны Қазанмен ақын соғыстырып қойса керек. Шағатай ұлысында Шағатайға алты ата бір Қазан хан болған. Бұл 1332 жылы таққа отырды. Бұл мықты, қатты, жұртқа зәбірлі болған. Шағатай ұлысын жалғыз қаратып алам деп, көп жаһұт қылған. Шағатай, Жошы ұлысы жанжалсыз болған емес. Қыпшақ Жошы ұлысында Қобыландымен соғысқан Қазан хан осы болуы ықтимал. Бұл Қазан опаты 1347 жылы».

Ә.Бөкейхан жыр кейіпкерлерінің тарихи негізін тарқата түсіп, дәуір, заман ақиқатының Қобыланды батыр тұлғасына қатыстылығын асықпай, салыстыра зерделеген. Ол жырдың бар кейіпкері туралы мол ақпаратты айналымда ұстайды. Тарихта болған адамдарға қатыстылығын елеп-екшейді. Қазақ эпосын зерттеуде тарихи-дерекнамалық дәлдік кейінгі эпостануда қаншалықты өріс алғандығы бойынша да арнайы зерттеулер қажет көрінеді. Түркі халықтарының эпикалық мұрасын салыстырмалы зерттеу, типологиялық тұрғыдан жіктеп жүйелеу Әлихан Бөкейханның «Қара Қыпшақ Қобыланды» зерттеуінде ғылыми негізде жөнін тапқан.

Жыр оқиғасын қысқа ғана ықшам баяндап, осы жырдың тарихи дерегін зерттеу міндетінде Әлихан Бөкейхан түркі халықтарының ортақ тарихында кеңістік ашқан көркем мұра құндылығын негіздейді. Ауызша сақталып, ауызша тараған эпикалық ұшан-теңіз мұраға тән төлтума сипаттар сараланады. Кезеңдік қоспалар, жыр нұсқаларының қилы негіздерін назарда ұстайды. Көптеген адам есімдеріне қатысты болжамдар, нақтылау шарттары айтылып отырады. Жыр мазмұнындағы өзгертулерге мән беріледі. «Қобыланды» эпосындағы Көбіктіні Шоқан Уәлиханов хатқа түсірген «Көкетай» жырымен, «Манас» эпосымен байланыстырады. Шоқан Уәлихановтың «Манас» жыры туралы зерттеуіне сүйеніп, «Манас» эпосын қазақ батырлар жырымен сабақтастыра зерттеуді ғылыми жөнге қоюдың маңыздылығын қадап айтады.

«Қазақ атқа дәрі байлап, ашытып бал ішкен бе? Бұл берідегі ақынның жырға қосқан бал ішкен жұрттан алған жұқпасы болар.

*Жиырма төрт келген сағатта,
Кірпігін қақпай таң атты.
Тоқсандағы әкем Токтарбай,
Құдіретіне тапсырдым,*



*Етегің жайып қағып тұр.
Көл иесі Қамбар-ай...
Жол иесі Қамбар-ай...
...Қамбар өзің қолдасың.*

Қамбар мен Ықылас Шаш тазыға сыйынған. Жылауда Фатима, Шаһарияр пайғамбарлар соңынан ақынның қосыуымен пайда болған болар. Жиырма төрт сағат та Қобыланды заманына келе алмас.

*Ай басына мың сомнан,
Жатып жеген бейбақтар.
Билер мінген жалды атты,
Қырық мың әскер солдатты...
Түймелетіп кигендер,
Түрегеліп жүргендер.
Масақ құлақ мылтық қолында,
Қара сухар қойнында,
Алты атары қолында.
Талай төре келеді,
Төсінде алтын медалі.
Шеміз деп бал алып,
Шайнаймыз деп нан алып.*

Солдат, сухар, түйме, медаль, бал, шай, алтыатар – бұлар Қобыланды заманынан көп бері пайда болған нәрселер. Мұның бәрін бейшара жыршы өзінен қосып, жырдың көркем түрін бұзған», – деп Әлихан Бөкейхан бұл жайлардың «Қара қыпшақ Қобыланды» жырының туған дәуіріне сай келмейтінін жазған әрі көп қисынсыз қоспаның атын атап, түсін түстеп көрсеткен. Жырдың кітап болып шыққаны күпталыды. Безендіру айрықшалығы, мұқабадағы батыр тұлғасының басқа жұрттың кітабынан көшірілгені ескертіледі.

Алтын Орда, Қазан хандығы, ноғайлы, өзбек бірлігі сияқты хандықтардың бәріне де кірген, солармен бірге ыстығына күйіп, суығына тонып ірі тарихи уақиғаларды бастарынан бірге кешіріскен. Бұл мағлұматтың шындығын жалпы тарих жүзінен бір көрсек, ел қиялы жасаған, ел есінде сақталып қалған ескіліктен екінші рет тағы көреміз.

Кейінгі заманда қазақ бірлігін жасаған рулар бұрын Алтын Орда бірлігінде болған. Бері келе кейбірі Қазан хандығына, көпшілігі Ноғайлы бірлігіне қосылған. Ноғайлыдан айырылған рулар өзбекпен бір болған. Осы сияқты тарихи дәуірлердің әрқайсысынан қазақты бүгінде сақталып келген әдебиетінде айқын із болмаса да, долбар жасатарлық ұлы сұрлеу бар.

Қазақ руларының бұрынғы заманда қоныстасып оттас болған елдерінің бәрінің тұсынан алып шыққан ырымы, жүлдесі бар.

Бәрінен де қазақ ескілігінде сақталып қалған белгі бар. Алтын Орда бірлігінің мезгілінен Едіге батыр әңгімесін алып шыққан. Одан бері Алтын Орда бірлігі құлап, жалпы саяси бірлік жоғалған уақытта бұрынғы бірлік көзі жақсы кездей болып ұмытылмай жүреді. Ел көңілінде ашық күнді жақсы мезгілдей ниет бірлігі, тілеу бірлігі жоғалмай жүрген бір кез болады», – дейді ғалым.

Мұхтар Әуезовтің «Таң» журналының 1925 жылғы 1, 2-сандарында жарық көрген «Қобыланды батыр» зерттеуі мен әдебиет тарихы бойынша айналымда жүрген

«Қобыланды» эпосы туралы зерттеуі туралы айтылар қайсыбір ойлар ХХ ғасыр басы мен орта тұсындағы қазақ әдебиеттануының түбегейлі айырмасы пайда болған зерттеу ұстанымдарымен ұштасады.

«Таңда» (1925) жарық көрген зерттеудің «Әдебиет тарихы» (1927) еңбегімен үндестігі даусыз. Дегенмен де қазақ фольклортануында Мұхтар Әуезовтің эпос және тарихи қаһарман тарабындағы тоқтамдары ұзақ жылдар бойы толық нұсқасында айналымға түсе алмады. Ғалым Керімбек Сыздықов әуезовтануда осы мәселеге арнайы тоқталғанын айтқан жөн. «Жазушының «Қобыланды батыр» мақаласы

Қобыланды батыр ардақтаудан кенде қалмаса да, эпосқа қатысты Мұхтар Әуезов бағасының жөні басқа. Әлихан Бөкейхан айтып өткеніміздей, Қобыланды жырының қоспасы көп деп, кейінгі айтушы тарапынан өзгергеніне қынжылса, Мұхтар Әуезов бұл жырдың қатпар-қатпар көркемдік құндылығына, Тайбурылдың шабысына тамсанып, таңғажайып сұлулық нұрына малынып отырып тебіренеді. Романтик Әуезов тұлғаланады мұндайда.

Мұхтар Әуезов қазақ сөз өнерінің айрықша екенін әрбір ертегі, жырдан, әр жоктау мен жұмбақтан, әр жаңылтпаштан көрді, ортақ, ортаймас құндылық мәнінде

атауына қатысты күні бүгінге шейін әркімде мәнде қолданылып отырады. Қобыланды жырындағы Қазан – Қазан қаласы деген деректі М.Әуезов келтіреді: «Әңгімеде Қобыланды Қазан қаласымен соғысады. Әңгімеде аталған Қазан қаласы қай Қазан? Бізше, бұл бұрынғы Қазан хандығының астанасы болған бүгінгі Еділ бойындағы Қазан қаласы. Бұның дәлелі әңгіменің өзінен көрінеді Қобыланды аттанып барған Қазан екі қала екен дейді, бірі – сырлы Қазан, бірі – қара Қазан. Бүгінгі Қазан қаласы ХІV–ХV ғасырлардың шекарасында екі жерде болғаны рас. Әуелі Қазан ХІV ғасырдың аяқ кезінде әуелі

беймәлім қалып жүретін бірқатар айналымда болуы тиіс фактілерді қосқан.

Ташкенттен Ленинградқа барып оқып жүріп Семей педтехникумында біраз уақыт мұғалімдік жұмыста қалғаны, сол кездегі «Таң» журналында шыққан «Қобыланды батыр» мақаласынан өрбітіп айтылған мына бір деректің «Қобыланды» эпосының зерттелу тарихында да, М.Әуезовтің эпикалық мұраны игеру ұстанымдарының ғылыми негіздемесін қалыптастыру тәжірибесінде де өзіндік маңызы бар деп ойлаймыз. «1899 жылғы «Туркестанские ведомости» газетінің кезекті үш санында (№34, 38, 42) «Туземецтің» «Женщины по киргизской былине Қобыланды» деп аталатын көлемді мақаласы жарияланды. Мұнда мақаланың өз атымен көрінгендей «Қобыланды» жырындағы әйелдер образына бірінші рет әдеби талдау берілді. Бұлай ету келешекте аталған жырды әр жағынан зерттеудің алғашқы бастамасы ретінде өз кезі үшін елеулі жаңалық еді. «Туземец» Аналық, Құртқа образдарының халықтық сипаты жайлы орынды-орынды пікірлер айтты. Мәселен, Қобыландының шешесі Аналықты тек батырдың ғана емес, халықтың анасы, сондықтан Құдайдан күндіз-түні баланы өз басының қамы емес, халықтың тілегі үшін сұрайды деп қарады. Жырдағы Құртқа образына қазақ әйелдеріндегі даналықтың, мінезділіктің жиынтығы деп баға береді. Мақаланың авторы аталған эпоста көрінетін қазақ әйелдерінің әлеуметтік жайына көңіл бөліп олардың бас еркі жоқ, мұндай халге мұсылман дінінің тұзағына түскен соң душар болып отыр дейді». Ә.Молдаханов, осылайша, автордың көзқарасы, эпикалық жыр туған дәуір шындығы тұрғысында ой өрбітеді. Осындағы «Туземец» бүркеншік есімі кім?

Бәлкім, кейінде «Қыр баласы» болып көп жазған Әлихан Бөкейхан шығар? 1915 жылы Ә.Бөкейханның «Қазақ» газетінде «Қара қыпшақ Қобыланды» мақаласы шыққанын білеміз. Ә.Бөкейхан Түркістан газетіндегі мақала шыққан тұста «Дала уәлаятасының газетасында» тілшілік жұмыста болған. Бұл жөнінде әлихантану бойынша еңбектерді қарап көру міндет.

Ә.Молдаханов: «Туземецтен кейін Қобыланды жырын зерттеген профессор П.А.Фалев өзінің ноғайлар арасынан жазып алған Қобыланды жырын Радловтың Қырым және Сібір татарлары арасынан жинап бастырған варианттарымен салыстырады. Соның нәтижесінде осы үш варианттың мазмұн мен стиль жағынан өзара айырмашылығын көрсете келіп, Сібір татарлары арасынан жинаған Радловтың «Қара қыпшақ Қобыланды» деп аталатын вариантында қара сөзді жырдың өлеңмен айтылатын оқиғаларын өзара байланыстыруға дәнекер сияқты деп қарайды.

Ал «Қобыланды батыр» жырына бұлардан кейін көңіл бөлген орыстың көрнекті шығыстанушы ғалымы А.Н.Веселовский де кезінде «Бұл жыр батырдың ерлігі жайында бұрын-соңды айтылған жеке-жеке әңгімелерден құралып, тұтас бір эпосқа айналуы ықтимал» деген еді.

М.Әуезов мақаласына дейін «Қобыланды» эпосының зерттелу жайы жоғарыдағыдай болатын. Сол кездегі ғылыми дәлдіктің жеткіліксіздігінен өз мақаласында бұлардың кейбір пікірлерін атап көрсетпегенмен, Мұхтар Әуезовке аталған ғалымдардың тұжырымдарымен таныс болуы, олардың бастамалары осы жырды зерттеуге ұйытқы жасап, септігін тигізуі ықтимал», – дейді тағы бір тұста.

Қалай дегенде де, М.Әуезовтің бұл эпосты зерттеудегі аса елеулі еңбегін естен шығармауға тиіспіз. Көпшілік назарынан тыс қалған Ә.Бөкейхан зерттеуінің де қобыландытану, эпостанудағы мәнін үнемі айтып отыру қажет.

Қанипаш МӘДІБАЕВА,

филология ғылымдарының докторы,

профессор,

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және

өнер институтының бас ғылыми

қызыметкері

«ҚОБЫЛАНДЫ» ЭПОСЫН ЗЕРТТЕУІ

алғаш рет «Таң» журналында (1925, №1, №2) жарық көрді. Кейін жазушының 20 томдық шығармалар жинағына (1984, 15-том, 45–53-беттер) қысқартылып жарияланды. Мақаланың негізгі мазмұны жазушының 1927жылы шыққан «Әдебиет тарихы» кітабының «Қобыланды» әңгімесінің мәнісі атты тарауына енген. Мақалаға «Ел әңгімесіндегі Қобыланды – ел қиялының ұлы батыры» деген қосымша анықтама атау қойылған. «Қобыланды батыр» жырының әңгімесінде де тарих «өлшеуінен бірде ілгері, бірде кейін кетіп отыратынын», жалпы ел қиялынан туған әңгімелерде бұрын-соңды өткен оқиғаларды кейде бір дәуірге, бір кісінің басына жиып қоятын кездердің болатынын да ескертіп, автор Қобыландының Қазан ханымен соғысуына байланысты Қазан хандығының тарихына қысқаша шолу жасайды. Мақаланың кейінгі 15-томдағы басылымында алғашқы журналдық нұсқадағы осы шолудың машинкаға басқанда 3 беттей көлемдегі мәтіні қысқартылған. Ол жері жазушының «Әдебиет тарихы» кітабында (А., 1991, 68–70-беттер) сақталған. Мақаланың кейінгі, 1984 жылғы басылымында сол кезеңнің үстем идеологиясына байланысты қысқартылғаны белгілі. Онда негізінен, орыс патшалықтарына қарсы наразылық күресті сөз ететін және «кәпірлер» деген сөз бен Шәкәрімнің аты аталатын жерлерін алып тастаған. Мақаланың соңында жырдағы Қобыланды бейнесінің жасалу ерекшеліктеріне, оның жан серігі ақыл ой, нәзік сезімді махаббат иесі бола алған Құртқаның жарастықты бейнесі және «кыл құйрықты, жел жетпес есті серігі» – Тайбурыл туралы талдау толғауы берілмеген», – дейді ол.

Мұхтар Әуезовтің «Әдебиет туралы» (1997) оқу құралында «Батырлар жыры» тарауының «Қобыланды батыр» тараушасы жырдың тарихи негізі, дәуірі, жинаушы, сақтаушы, бастырушы туралы сараң мәлімет береді. Оқиға желісі қысқаша баяндалған. Бір маңызды ақпараты – жырдың нұсқалары туралы айтуы және образдылық, көркемдік сапа тұрғысынан озық тоқтамдар жасайды: «Дастанда әр алуан мінез, әр алуан образ көп. Сараң да күншіл, болымсыз Қараман бейнесі Қобыланды образына кереғар. Қобыландымен құрдас бола тұра, Қараман солатқалайық емес. Қобыландының, Қазан, Алшағыр, Көбікті сияқты дұшпандары да бір-бірінен өзгеше дербес образдар. Басқа, көптеген халықтардың батырлық эпосындай емес, қазақтың батырлық жырында талай-талай небір тамаша әйел образдары бар».

Жазушының «Қобыланды» эпосына қатысты зерттеулері – қажырлы тұлғаның қазақ сөз өнерінің барын сақтап, жоғын түгендеудегі ұлы мұратының бір фактісі. Нендей қызу еңбектен тартынбай, құштарлықпен атқарған ғұмырлық ісінің «шағын» да шалқар бір бағыты.

ғұмыр бойы қорғады. Қорған болды.

Жас Әуезовтің жастығы білінбейтін ересек ойлары қашан да қайран қалдырады. Ол айнала, ортасының мұң-мүддесін «сорғыш» қағаздай сіңірген. Ұқсатып, жаратқан. Алаш арманын алпыс үш жыл ғұмырда ауырсынбай арқалап өткен. Оның: «Алғашқы жасаған долбарымыз қазақтың тарихын тексеріп жүрген азаматтарға орынды көрінсе, «Таң» журналының кейінгі сандарында өзгелердің жайынан да жалпы ой жүргізбекшіміз.

Менің әзірше қарастырмағым – Қобыланды батырдың әңгімесі. Қобыландының ел әңгімесіндегі мезгілі мен қалпын сынаудан бұрын әуелі Қобыланды жайындағы өзім естіген шынға жуық мағлұматтарды білдірмекшімін.

Ел есінде сақталып келген батырдың шынында болған адамнан тарайтын әңгімесі де болады. Кейде жалғыз ғана ел қиялының өзі туғызатын да батыр болады. Қобыландының әуелі осы жағынан қарастырайық. «Орынбор архивная комиссиясының мағлұматында, Илецкий Захитадан ауылға қарай жүретін қара жолың үстінде Қобыланды деген бекет бар. Соның жанында Қобыландының бейіті деген бейіт бар дейді. Сол манайдың қазағы Қобыланды жайынан әңгіме де айтады. Бұл – Қобыландының болған адам екеніне бір дәлел», – деген тұжырымы да ғылымға үлкен азық.

Жазушы сонымен қатар Қобыландының тарихта болғаны туралы ел әңгімелерінен дәйек келтіреді. Қобыландының ескіліктен қалған ақсақалдар шежіресінде келтірілгендей, Әз Жәнібек пен Әбілқайыр ханның тұстасы дейді. Әдебиет, ел тарихында бірде Қодан тайшы, бірде Қыдан тайшы аталып жүрген ақынның өлеңі дегенді мысалға алады:

«Қара Қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным,

Сексен асып, тақағанда тоқсанға,

Тұра алмастай үзілді ме жұлыным?!

Адақаның жолға салдың,

Бұл ноғайлы ұлының,

Аққан бұлақ, жанған шырақ,

Жалғыз күнде құрыдың,

Қара Қыпшақ Қобыландыда

Нең бар еді, құлыным».

Бір қарағанда, Әлихан Бөкейхан Қобыланды батырдың тарихта болған-болмағаны туралы келтіретін деректер мен Мұхтар Әуезовтің осы мәндегі топшылаулары екі басқа ұстаным, екі басқа дерек-намалық негіз болып көрінеді. Түптеп келгенде, екі зерттеудің де мақсаты ортақ. Бір мүддеден туындаған. Дайырқожа өлімі үстінде айтылған өлең, Әз Жәнібек, Әбілқайыр хан заманы, ноғайлы-қазақ бірлігінің тұсы туралы баяндап отырып Мұхтар Әуезов Қобыландының ХV ғасырдың орта кезінде өмір сүрген деп болжайды.

Қазан хан ба? Қала ма? Осы сауал батырлық жырларда айтылатын «Қазан»

«Ғызын» деген судын құятын жерінде балқардан шыққан Алтынбек, Қалымбек салған қала болады», – деген ол, Қазан хандығы тарихы туралы егжей-тегжейлі, нақтылы тарихи деректермен баяндайды. Қандай да бір дереккөз, ғылыми әдебиет аталмаған. Бірақ соншалықты уәжді, тың фактілер келтірілген: «Алтынбек, Қасымбек балқардың Ғабдолла ханының баласы, бұның елдігін Ақсақ Темір ойрандап, өзіне қаратып алғанда, ханның екі баласы Еділді өрлеп кетіп, жоғарғы Қазан қаласын салған, ортаны ХV ғасырдың бас кезінде Алтын Ордадан бөлінген бірнеше рулар келіп, Еділ бойының хандығын жасайды. Оның астанасы Қазан қаласы болады. Бірақ бұлардың тұсында Қазан қаласы бұрынғы ескі Қазаннан 7 шақырым төмен жерден салынады. Кейінгі уақытта Қазан хандығының астанасы да сол болады».

Қазан хандығына қатысты Мұхтар Әуезовте келтірілетін деректер Әлихан Бөкейхан мақаласында жоқ. Осыған қарағанда, Қазанның бірде қала, бірде хан аталатыны жыр нұсқаларына қатысты болып отырған сияқты. Бұл тұрғыдан зерттеуде Шәкәрім «шежіресін» ескеру керек және Ә.Бөкейхан тоқталған «Қара қыпшақ Қобыланды» жинағын арнайы қарау керек.

«Мөлшермен есептегенде, Қазан хандығы 1430 жылдардан 1552 жылға шейін еркін өмір сүрген, өзгеден елдігі, іргесі бөлек бір хандық болады. Өз бетімен еркін өмір сүріп тұрғанда, Қазанда 14 хан болған. Алғашқысы – Махмұт, соңғысы – 1552 жылы Иван Грозный Қазан қаласын алған уақытта хан болып тұрған Ядгар. Бұл екі арада болған 14 ханның ішінде біздің әңгімеде аталатын Қазан деген хан жоқ. Бұл ат Қазан қаласының атына ұйқастырып, елдің өз қиялы қосқан ат болса керек» М.Әуезов жырдағы Қазан хан туралы осындай болжам айтады. Ал бұл есім тарихта болған адамға қатысты дегенді Ә.Бөкейхан сенімді баяндайды. Осы тұрғыда тарихи дереккөздерді таяныш жасап, саралау керек сияқты.

Зерттеуде Қобыландының «ежелден кекті болған алыстағы мықты жауға аттанатыны» екпін түсіріліп айтылған. Бұл – тарихтың қатпарлы, астарлы болғанымен, айдай анық ақиқатының бірі.

Қыпшақтардың айбынды замандарына мензеу, арқаланып, марқайып айту да осы зерттеудің құнын өсіре түсетіндей. «Білмейтіні жоқ» заңғар ғалым, әлемнің Әуезові сол жас күнінің өзінде түркілердің арғы тарихын, асқақ елдің аспанға шығара айтуды көксейді. Айтып та тастайды. Қобыландының қайтпас тұлғасы – тұтас жауынгер жұрттың қасиеті.

«Абай, Шәкәрім, Әуезов дәрістері» оқулығының «М.Әуезовтің фольклортану мен әдебиеттанудағы іргелі еңбектері» атты тарауында Ә.Молдаханов өзекті зерттеу бағыттың дерекнамалық дәйегінде көпшілікке

Мемлекетіміз тәуелсіздігін алып, көгінде көк туын желбіреткеннен бері ел өмірінде болып жатқан оңды өзгерістер, әрине, көңіліңе жұбаныш ұялатары сөзсіз. Әсіресе дәстүр-салтымыз қайта жаңғырып, әдет-ғұрпымыз ұлт көсегесін көгерте бастады. Ұмыт бола бастаған танымдар мен ұғымдар ұрпақ санасына ұя салуға бекемденді. «Қиуадан шауып, қисынын тауып» (*Абай*) ұлттық үрдістер салтанат құруда.

Қазақылығымыздың куәгеріндей, жеті атаңды білу – тексіздік емес, тектілік екені алдымызға көлденең тартылды. Іштей булығып жүрген жұрт әуелгіде ауыл, аудан, өңір, аймақ бола таратылып, шежіре жазуға бас қойды. Ел қорғаған батырларымыз бен солардың ерліктерін жырларына арқау еткен ақындарымыз көпшіліктің қозғауымен, ұлтжанды, қалталы азаматтарымыздың қолдауымен «қайта тіріліп», тас мүсін боп орнықты. Қастерлі тұлғалардың қараусыз, күтімсіз қалған мазарлары дін иелерінің Құран-Кәрімдегі тәртібіне сай уақыт ағымымен қайта жаңартылды. Қазақстанның о шеті мен бұ шетін жалғастырған осындай іс-шаралар қазақтығымызды тағы да бір дәріптегені рас.

Осы үрдістен тарихы тереңнен жыр-шежіре боп өрілген Семей өңірінің азаматтары да қалыс қалған жоқ. Өз аймақтарындағы дүниеден ертерек озған даралары мен даналарын ғана әспеттеуді місе тұтып қоймай, «қай жерде үзіледі қайран сапар» (*Қасым*) дегендейін топырақ бұйырған аймақтағы аталастарын да жұрт көкірегінде жаңғырту әрекетін қатаң ұстанды. Осындай, дегенін орындайтын, айтқанынан қайтпайтын, түкті жүректілердің бірі – барын сұңқарша айналасына шашып жеуге дағдыланған кәсіпкер-меценат Кәкен (*Қалиден*) Кәлімұлы Токтар. Өзі ың-шыңсыз аяғын нығыз басып жүргенімен, соңында дүйім көпшілікке қаржылай жасаған шектеусіз қолдаулары мен қайырымдылық, мейірімділіктерінің самалы ұйтқып тұрған Кәкенді, оның ыстық ықыласты мерейін көрмегендер кемде-кем-ау!..

Біраз жыл бұрын Қызылорда облысының Жаңақорған ауданына 20-30 шақырымдай іргелес маңда «топырағын қырда қымтап» жатқан Найман Төлегетай баба мен оның атасы Қылыштың басын көтеріп, мазарлы кешенді орнату қолға алынады. Полицияның үлкен шенді тұлғаларының бірі Дәлелхан Сабуров бөрінің басын қосып, игілікті іске Қазақстанда тұратын күллі наймандар ақша жинап, жұмыла әрекет етіп, Төлегетай баба мен оның атасы Қылыштың кесенесін тұрғызады. Төлегетайдың төрт ұлы — Қаракерей, Садыр, Матай, Төртуылдардан тарайтын, еліміздің көптеген өңірлерінде өсіп-өніп жатқан ұрпақтары біріге мұрындық болады бұл іске. Кесененің құрылыс жұмыстары ақсуаттық Қонысбек Ақжасаровқа тапсырылды. Ол екі жыл сол маңнан ұзамастан, кесенені орнатып бітіреді. Еңселі кесене басында жылда ас беріледі. 2020 жылы ата-баба аруағына бағыштап Құран оқытып, ас беруді жоспарлаған спорт шебері, түйепалуан Хамит Ысқақов сонымен қатар осы мекенде музей салатынын да тілге тиек етеді. Себебі кесене мемлекет қарауына өту үшін музей бой көтеру керек екен. Осы мақсатпен қомақты қаржы жиналады. Әйтсе де, 2021 жылы денсаулығы тың, ән айтқанда әуелете шырқайтын, өмір бойы спортты жанына серік еткен сері жанды Хамит Ысқақов коронавирустың тырнағына ілініп, дүниеден өтіп кете барады. Аста өтілмей қалды, музей де салынбады, жиналған қаржы да өзгенің қолына түсіп, жоқ болады. Хаменнің қыркы да таяп, Кәкен Кәлімұлы спорт шеберінің

еңбек жолына арналған «Боз кілемнің баһадүрі» кітабын шығарады. Сол аста жары көзжасына ерік бере отырып, Хаменнің өмірден өтер соңғы күніне дейін Төлегетай бабаның музейін салуды айтып, армандап кеткенін



жеткізеді. Бұл Кәкенге ерекше әсер етіп, бабасының атындағы мұражай салу ісін өзі жалғастырмаққа бекінеді. Тағы бір алқалы жиын өткізіп, мұрат жолында иықтаса жұмыс істемекке Дулат Тастекеев, Аман Сембаев, Берік Әубәкіров, Еділ Дүйсенбаев, Жандос Тұрсынғалиұлы, Ақылғазы Алтыбаев, Ертіс Бұтабаев, Қайнар Дүйсенов, Алмас Әмірғалиев, Мақсат Ожанов сынды Ақсуаттың он азаматының басын қосып, музейді салып бітіреді. Ендігі жұмыс музей ішін ұлттық құндылықтармен жасақтау. Кәкеннің өзі о баста уәде еткеніндей бір жарым миллионға Төлегетай бабасының үлкен портретін салдырып, ол кешеннің төріне ілінеді, бертін келе екі қыш құмыра, Абылай мен Әбілфейіздің мөрін қояды. Белгілі меценат Дулат Тастекеев екі миллионға күміс ертұрман жасатса, Ертіс Бұтабаев күміс шоқпар мен қылышын, Естай Даубаев айбалтасын тарту етеді. Осылайша, музей іші құнды жәдігерлермен толығыады. Жәдігерлер қатарының орнықты толығына да манағы он жігіт барын салып, атсалысады.

Қазақстанның кез келген түкпіріндегі ата-баба дәстүріне қатысты, өткізіп жатқан рухани мәселелерге қаржылай көмек беруден еш уақытта тартынбайтын, «ақырын жүріп, анық басатын»



(*Абай*), осы материалымыздың тұлғабойғы кейіпкері – Кәкен Токтаровтың кім екеніне жіп таққысы келетіндердің баршылық екенін аңғарамын. Ендеше, оның арғы тегіне үніле кетудің еш ағаттығы жоқ.

туралы сөз қозғамау азаматтығымызға сын болар еді. Сұсына ісі жарасқан Кәлім Токтарұлы – Ақсуат өңіріндегі тұңғыш механизатор-тракторшы.

РУХ

«Жақсыға сөз ілескіш» демекші, көп ортасына тараған әзіл әңгімелер де Кәлімнің тұғырын биіктете түседі. Мал, жан асырағандардың тракторға ісі түспейтіндері бола қоймас. Іскерлігі, ақыл-айласы қалжыңға ұласа тұтасқан Кәлім колхоз бастықтарының, бригадирлердің шаруаларын тындырар тұста «Темір болса да, талғамы бар ғой, трактор өз майынан жалығып жүрмей тұр. Енді бұған «сары май мен ет керек» дейтін көрінеді. Шаруасын тындырғысы келгендер көнбей қайда барады. Әзілдің астарында Нұрыш анамыздың көкірегін жарып шыққан тоғыз баланың қамы да жатыр. Бертінге дейін «Кәлімнің тракторы сары май мен етсіз от алмайды» деген күлкілі жай жұрттың риясыз ықыласына іліккен.

...Кәкен Кәлімұлы туралы сөз өре отырып, Тана мырзаға да тұмсық тірерің даусыз. Тарихи шежірелердің кейіпкеріне айналған Тана мырзаның рухын асқақтату да ұрпақтарына парыз. Осы міндетті атқаруға семейліктердің бас көтергендері болған. Көпшіліктен қор жинау – аса ауырлау бейнет. Өйткені екінші келгенше біріншісі өз бағытын тауып кетіп жатады. Семей қаласынан бой көтермек мешіт үйінің құрылысы тоқтап қалады. Сол тұста Жанболаттардың есіне берген қолды Кәкен Кәлімұлы түседі. Бір-бірімен ілік-шатысты бұлар Семей қаласының бас имамы арқылы Токтаровқа қолқа салады. Мешіт құрылысын толық аяқтауға көмек берсе, осы Құдай үйіне Тана мырза есімін бекемдеуге уәде береді. Қазақ халқының әр аймақтағы игі істерін қолдауға қашан да буынып-түйіне дайын жүретін ұлтжанды азамат бірден келіседі. Құрылыс басындағылармен апталап, айлап араласа жүріп, бөркіне көркі сай ғимаратты жұрт игілігіне тарту етеді. Айналасын да қоршатып, ойдан-қырдан ниеттес, тілектестерді жинап, дәстүрлі ашылу салтанатын жасап, Құран-Кәрім бағыштатып, ас беруді де өзі атқарады. Істеткен ісінің шаңы білінбегенмен, қаржылық дабырасы бауырластары мен

Қалтасына қарап, Кәкенге иіліп сәлем бере тұрып, оның әкесі Кәлім

ауылдастарының көңілін желпінтіп-ақ тастады. Қашан да тарихтан тамыр тарта жүретін Кәлімұлы жетінші атасының жалғасты ұрпағы екенін шежірелерден сыр суыртпақтай жүріп анықтап, Тана мырзаның туғанына 220 жыл толу мерейтойын ақсуаттықтар ортасында өткізетін үлкен іс-шараға айналдыруды да алдын ала жоспарлап қойған. Ұрпақтарының қор құрып, қаржы жинауға ықыластары кәсіпкерлікпен көркейіп келе жатқан Кәкен Тоқтаровты шырықтырды. Ескерткіш орнатуға лайықты жер таңдалып, аудандық әкімдіктің шешімімен заңдастырылып, атшаптырым алаң қоршалды. Бірақ ескерткішті орнатуға республикадағы билік иелерінің шешімі қолбайлау болып тұр. Қашан да бітер іске – бір теріс қанымызға сінді ауру ғой. Әйтпесе

кесене соғыпты. Ал ол қорымда жатқан Қожаберген Кәкен Кәлімұлының алтыншы атасы екенін жергілікті жердегі ескі көздер растап отыр. Кеудесін жел кернеген керейлер тыныш жатқан жыланның құйрығын басып, аруақтың кім екенін заңды түрде анықтауға «жол ашып береді». Ас беріп, той тойлауға бет алған даурықпалық тоқтатылды. Керейлер жағынан Мерей, мына жақтан Байшора мен Сарттан (*адам аты*) тарайтын Кәкен мен генетик Нұрбол Баймұханов, археолог, Есік мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығының аға ғылыми қызметкері Төрәлі Жақсылықұлы — төртеуі аудан әкімінен, бас имамнан рұқсат алып, қабырды қазып, мәйіттің төрт тісін алдырып, сараптама жасауға Америкаға жібереді. Сараптама қорытындысы



ЖАНАШЫРЫ

алақан жайып, өздерінен қайыр-қаржы сұрамай-ақ көпшілік көңіліндегідей ескерткіштің орнатылуына шенеуніксымақтардың қол соға қолдаулары қажет-ақ еді. Адымынды аштырмас бойкүйездік деген, әрине, осы ғой. «Соктықпалы, соқпақты», қылышынан қан сорғалаған ішкергі билік иелерін көрегендігімен де, шешендігімен де, саясаткерлігімен де мойындатқан мырзаны екі ғасырдан соң құрметтеуге бөгет болу – ұлт намысын қоздырудың бір түйткілі ғой. «Өлі разы болмай, тірі байымайтынын» ескеруден де қалып бара жатырмыз-ау!..

Осы тұста бір тыныстап алайық. Ары қарай айтыс пен тартысқа киілетін түріміз бар.

Көрнекті жазушы Қабдеш Жүмаділовтің Қаракерей Қабанбай туралы жазылған «Дулыға» дилогиясына жүгінер болсақ, батыр бабамыз қалмақтардың соңғы тұяқтарына дейін ат бауырына ала, найзамен шанши жүріп, Тарбағатай тауының қос аңғарынан ары асырып тастап барып, бел шешкен екен. Бұл шындық кеңес кезінде де мойындалған. Талмаурап атқан тәуелсіздік таңынан кейінгі жылдары қаншама әулиелер мен көріпкелдерді, ел қорғаған батырларды, даналар мен дараларды қойнауында сақтап жатып, Ақсуат жері еш бұлк етпеген еді. Жаңғырықтары жер жарғандардың бірі жер-көкті кезе жүріп керей Қожаберген бабамыздың сүйегін Ақсуаттың Қарғыба өзенінің бойынан таптым деп жаһаннамға жар салмасы бар ма? Қанша момын болса да жергілікті жердегілер бабалары жатқан зираттарға ойнақ салдырып қойып, қалай тыныштық сақтасын. Шежіреші ақсақал Ахметқали Құрманғожин бұл жерге қанысінді болған Найман Қожаберген деп дәйекті түрде айтқанымен, құлақ асқан ешкім болмады. Қытай мен Моңғолиядан келген қандастарымыз Ахметқали қарияның сөзін тындамай, 1880 жылы әлдебір орыс зерттеушісінің «Могила Кожубергена» деп картаға сызып кеткенін тауып алып, сол жерге



2023 жылдың 29 қарашасында асыға күткендердің қолына тиді. Онда бұл аруақ өр Алтай мен Атыраудың, Еділ мен Ертістің арасын жалғап жатқан қазақтың ұлан-ғайыр даласын ат үстінде жүріп қорғасқан, қанын төккен Найман Қожаберген, яғни Кәкеннің ұлы бабасы екені 95 пайыз тайға таңба басқандай расталған. Бұл – бабалар тегін талассыз ғылыми дәлелдеуден өткізген Қазақстандағы алғашқы дәйектеме еді. Дау-дамай басылған күннен Кәкен Кәлімұлы қорымның қараған, шеңгелдерін отатып, ондағы жатқан аруақтардың кімдер екендерін анықтап, аты-жөндерін жазып, бастарын көркейтіп, 300 метр көлемінде қымбат түсті темірден қоршау орнатты. Жанай ата ұрпақтарының шежіре кестесі төбесі жабылған арнайы қабырғаға өрнектеліп, ескерткіш алаңқайға айналды. Қорымдағы Түсіп, Жантемір, Өтебек қажыларға ерекше құрмет көрсетілген.

Осы қайырымда ұлы Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқас» әніндегі хакім атамды да тәнті еткен кейіпкер – Қаламқас ару туралы «Ақсуат» деген кітапта жаңсақ пікір жазылғанын кәсіпкер Кәкен, әдебиетші Кәкен ретінде сынап, тезге салады. Қаламқастың Жанай Тана мырзаның қызы екенін

деректі дәлелдермен көпшілік көкейіне ұялатады.

Кәкен Тоқтаров таяуда аудан халқына ортақ тағы бір аталы іс атқарды. Сауын айтып ел жинап, Қожаберген баба кесенесінде жиын өткеріп, қорымда жатқан бүкіл аруақтарға да қатым түсіртті. Ата-бабалар туралы естеліктерді ескі көз қариялар мен ақсамайлы апалардың өздеріне айтқызды. Кешкілік Ақсуат ауылының үлкен мейрамханасында ас беріп, аталарға құндыз жағалы шапандар кигізіп, кейуаналарға ноқалы өрнекті камзолдар тарту етті. Өлілерді риза ете жүріп Кәкен тілектестердің алғысын арқалады. Бұл Кәкеннің ата-бабалар рухына тағзым ету төңірегінде атқарған жұмыстарының бір парасы. Оның ұлт руханиятына да қосып жатқан үлесі аз емес. Тарихи, тарихи-шежірелік кітаптар мен көркем әдеби шығармалардың баспадан жарық көруіне де қол ұшын беріп жатады. Әдебиет, өнер, ғылым қайраткерлерінің мерейтойларының ортасында жүреді. Әнші, биші, күйшілер жағының Кәлімұлына өзімсіне салмақ салмайтындары кемде-кем. Өткен жылдан бері 90 жылдан астам тарихы бар «Қазақ әдебиеті» газетінің жазылымын молайтуға қаржылай ықылас танытып жүргенін де ұмыт-

пауымыз керек. «Кәке» деп, сәлем бере келіп жақындасаң, телефон соға қалсаң:

– Мен таяуда өткізілмек Пәленше қайраткердің іс-шарасын талқылап, жасау үстінде отыр едім, – деп еткізулы әңгімеден хабар береді. Келесі бір соққан қоңырауында мемлекеттік мәдени тапсырыстарды қабылдау үстінде отырғанының куәсі боласын.

– Еліміздің ана шеті мен мына бұрышындағы өз міндетіңе алған құрылыс жұмыстарын сырттай бақылау арқылы жүзеге асырасың ба? – деген сауал өз-өзінен бүйрегінді түрткілейді.

– Жо-оқ, – дейді Кәкен. – Сол істің өз көңіліңдегідей тиянақталуы үшін апталап, айлап басында боламын.

Қаржыландыруы бір басқа, құрылысшылармен жұмыстың ыстық, суығын бірге көтерісу – табиғатына сінді еңбеккерлік.

– Атымтай Жомарттығын, сіңірген табан ет, төккен маңдай терін айтасын да өзі жайлы ақпарат беруге тым сараң екенсің, – деп түртпектейді қос бүйір.

– Қысқаша ғана қайырайық. Өйткені өзін дабырлата жарнамалауға жаны қас. Сөзден қашатындығы – істің нәтижесін тезірек болдыруға ұмтылатындығы. «AIDONI» сауда бірлестігінің негізін қалаушы әрі Бас директоры, қазіргі тілмен айтқанда меценат. Ғалия сынды аймандай ару жары, қол ұстаса жүріп өсірген балалары, солардан тараған немерелері бар. Халық алдында сіңірген еңбегі тиісті орындардан лайықты бағасын алып, Абай облысы, Ақсуат ауданының Құрметті азаматы атанды. Қазақстан Республикасы «Bilim – orkenieti» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы қоғамға қосқан айырықша еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының құрметті азаматы» атты байқауының төс белгісімен марапаттап, куәлігін табыстады.

– Кәкен жайлы жазғандарың – нұскалық сөз түйіні – қысқалық. Сонда ол, ұлт тұлғасы болды ғой.

– Иә, Кәкен – ұлт тұлғасы!

Еркін ЖАППАСҰЛЫ,
халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері



**Ахметжан
Исрапилов**

Бірнеше күн болды, көршім көрінбеді. Бір жағынан көңілім тынышталған тәрізді. Ертемен менің сыртқа шығуымды күтіп тұрғандай алдымда пайда болып, «Бармысың-ей, көрші» дейтін Құнахунның сәлем орнындағы осы екі ауыз сөзі кейін бір тағар болып, намысыма қатты тиетін. Асығыс екенімді білдіру үшін сағатыма қайта-қайта қарап қоямын. Түсіне қойсашы.

Қызық. Көндігіп қалдым ба, әйтеуір, біртіндеп оның жоқтығы біліне бастады. Ақыры шыдамай, бақ тамандағы қорықтан айқайлап шақырмақшы болдым.

— Құнахун, әй, Құнахун...

Алдымен, кәндек иттің ащы даусы естілді. Артынан-ақ әйелі Гүлшән гәләшнің соңын басқан бойы жүгіріп шықты. Бет-әлпеті аянышты.

— Бармысыз, Гүлшән! Құнахун көрінбейді ғой?

— Әссалам, біздің Құнахун бүгін он күн болды... — ол сөзінің соңын шығармай, орамалының шетін бетіне апарып жылай бастады.

— Ой, не болып қалды? Аман ба, әйтеуір?

— ...

— Сабыр етіңіз, Гүлшән. Не жағдай болды? Ауруханада жатып қалмаған шығар?

— Ауруханаға түссе мейлі ғой. Абақтыда жатыр. Түрмеде. «Мелисті ұрды» деп қамап қойды, — ол тіптен еңтігіп, өксіп қоя берді.

Қолдау көрсеткендей болдым. Сосын, қайсы бөлімшеде екенін анықтап, жағдайды білуге уәде беріп, жұмысыма кеттім.

Жол бойы Құнахун есімнен кетпей қойды. Көп сөйлейтін демесен, қойдан да жуас. Арақ та ішіп кетпейді. Темекіні де, қымбаттағаннан кейін тастап, насыбайға өтіп алған. Әй, бірақ мені көрсе болды, құмары ұстап кетеді. Біз көрші болғалы екі қыс өтті. Балаларының бәрі қалалық болып кеткені, ол да ауылдағы қара шаңырағын арзан бағаға сатып, біздің жұртқа көшіп келген. Бұл жерден алған екі бөлмелі үйді ұлдары бір жазда-ақ бұзғызып, төрт өзбекті жалдап, орнына қуыршақтай үй салып берген болатын.

Құнахун мен Гүлшән шағын жерін күтіп, мәпелеп, мәуелі ағаш отырғызып, күлзарлық жасап, адам танымайтындай өзгертіп жіберді. Әйтпесе бұл жерде тұрған орыс шал шошқа асырап, айнала дем алғысыз еді. Сондықтан Құнахундар көшіп келгенде, қазақ-ұйғыр — бәріміз өте қуанған едік.

Оның үйі сенбі-жексенбі күндері ерекше қайнап кетеді. Үш ұлы бала-шағасымен келіп, монша жағып, кәуәп пісіріп, тамаша отырыс ұйымдастырады. У-шуға қарағанда, немерелері де біраз бар сияқты. Бірақ бәрі орысша сөйлейді. Бұларға қосылып, Құнахун мен Гүлшән де шорпақ тілдерімен, кекештеп өздерінше «орысша» әңгімеге түседі әлі. Екеуінің келіндері ұйғыр болғанымен, «ата қоныстары» қалалық болғасын, жерүйде тұруды ұнатпайтын көрінеді. Бұл шаңырақ Құнахунның балалары үшін саяжай орны тәрізді.

Біздің көшедегілер де онып тұрғанымыз жоқ. Ұйғыр деген атымыз төлқұжатта ғана. Немерелер орысшаға барады. Сол тілде ойлайды, сөйлейді. Әйтпесе үш отбасы қазағымызды есептегенде, қалған қырық түгін ұйғыр. Және келіп, көбісі

ауыл-аймақтан жиналғандар. Үш-төртеуіміз, намысқа тырысып, газетке жазылып қойды. Бұлардың арасында Құнахун жоқ. Әу баста оған «бұл өзі жаңа көшіп келді, намысы бар шығар» деген оймен, «Көрші, газетке жазылып қояйық» деп ем, тез жауап қайтара қойды.

— Көзім нашарлап кетті. Оқи алмаймын. Гүлшән бейшараның газетке қарайтындай уақыты жоқ. Балалар, немерелер ұйғырша оқи алмайды. Қазіргі қағаз тапшы деген кезде, жазылғанмен пайдаланбасақ бекер, өкіметке де зиян ғой, — деп алдымды бөгеп қойды. Өте қатты ренжідім.

Араласпайын десем көрші. Көрші ғайыптан деген сөз бар емес пе. Күнде көре бергесін, аулақ жүруге шараң жоқ.

Ғажайып кептер

Сыпайы, жуас бұл отбасы басқалармен де қою араласады. Ал менімен ерекше. Үндемейтінімді пайдаланып, ол маған тіптен жақындап алған. Екі-үш қойын бордақылайтын қора мен тауықханасын біз таманға жақындатып салып алды. Арғы жақтағы көршісінің әйелі біраз ұрысқак. Бәріміз аулақ жүруге тырысамыз.

«Ай, Құнахун, Құнахун» деп қоямын өзімше, ол туралы ойлаған сайын. Өзі бір сараң жан. Көшіп келіп, аз уақыттан соң қол арбасын сүйреп, коқыстардан отын ағаш, темір-терсек және істен шыққан мәшине доңғалақтарын жинай бастады. Соңғысын көріп мен «қап, мынау оңбаған бүлдіретін болды-ау» деп ойлаған едім. Айтқандай-ақ, ертесі оның моншасынан шыққан ащы түгін мэхәллени бір алды. Құдды, өткен ғасыр басындағы паровоздарды еске салатын бұндай көрініс, әлбетте, ешкімге ұнаған жоқ. Құнахун екінші рет монша жаққанда, қайсыбіреулердің шағымдануынан үйіне учаскелік полиция мен өрт сөндіру мекемесінің бір уәкілі келіп, «баталарын» берді білем, іс сонымен тоқтады.

...Жұмысқа келісімен ұжымдағылардан кімнің ішкі істер органында танысы бар екенін сұрай бастадым. Дегенмен біреудің араласатыны, біреудің қайынағасы және біреудің құдасы, әйтеуір, біраз бар екен. Көп «кандидаттардың» ішінен мен атағына сай, мәселені шеше алады-ау деген біреуді лайық көрдім.

— Әй, сол көне қояр ма екен? — дедім оны ұсынған қызметтесіме күмәнмен қарап.

— Ақша не істемейді дейсің? — деді ол.

— Рас айтасын, бәрін шешетін сол ақша деген пәле, — деді және бір дос сөзге араласып.

— Мейліші, бала-шағасы бар емес пе, бір нәрсе етер. Кеше ғана ауылдан келіп, бүгін түрмеге кетсе, ел-жұрттан ұят, — дедім Гүлшәннің жылағаны көз алдымнан кетпеген соң.

Қымбатты оқырман, мен Құнахунды азат ету «операциясының» егжей-тегжейіне тоқталуды жөн көрмедім. Бұл — көрген кісіні ғана емес, естігендерді де сескендіретін өте нәзік, лас шаруалар. Онсыз да адамдардың сіркесі су көтермейтін бүгінгі жағдайда оны әңгімелеп беру бірнеше жылғы өмірінді қысқартып жіберетін, жүйкенді тоздырып, рухынды сындыратын мәселе болуы да мүмкін. Бұл оқиғалар Құнахунның үлкен ұлы Илахун мен әлгі біз жалдаған делдал кісі арасында қалсын.

Құнахунды жұрт болып, салтанатты түрде күтіп алдық. Отбасы қой сойып, ет асыпты. Ауылдан келген туған-туыстары да жетерлік. Көшемізде имамдық етіп жүрген жас жігітті шақырып, Құран бағыштады. Оны демеп жүрген аруактардың рухына да атап ұзақтан-ұзақ аят-дұғалар оқылды. Құнахун үнсіз отырды. Ләм-мим демеді. Өңі өшкен. Үй ішінің де көңіл күйі жоқ.

Арада бір апта өтті. Баяғыдай «бармысың-ей, көрші» дейтін Құнахуннан еш дерек жоқ. Арба сүйреп оны-бұны жинайтын әдеті де біржола басылған сыңайлы. «Әй, бұл бар ма, жоқ па? Әлде ауылға кетіп қалды ма?» деп, олар таман құлақ саламын. Күндегідей, кәндегі ауласында үріп қояды. Тауықтары да тынбай шақырады. Өздері ілгеріде де көп жұмыртқа беретін. Өтеші де

болып кететіндеймін.

Мендегі таңдану енді қорқынышты сезімге айнала бастағандай. Көше арқылы емес, қорықтан секіріп, біздің аулаға кірдік. Мен көрші-достың маған ғана сенім артқан сырын тындауға асығып, тездетіп бақ ішіндегі оңаша жайға дастарқан жайдым. Оның зор сеніміне ие болу үшін ашылмаған бір құты қымбат темекіні ортаға тастап қойдым.

Көршімнің әңгімесі мен күткеннен де қызық, шырмалған және сырлы еді. Мен оның басынан кешкендерін тілменен жеткізуге әлсіз болсам да, адам ақылына лайық қабылдағандарымды баяндайын.

— Барлық пәле-жала қатыннан екен, досым, — деді ол үлкен стақандағы арақты жұтып жіберіп, аузына бір тал темекі

күніне 4-5 мәрте міндетін атқарып тұрады. Бірақ сол әртүрлі нотадағы дауыстар ішінен мен қандай да бір ғажайып үнді ерекше айыра бастадым. Е, айтпақшы, бұл дауыстар арғы көшедегі кәсіби кептер асыраушы Николайдың бұғ-бұғ сайрайтын кептерлеріне ұқсап кететін. Оның түрлі-түсті, әдемі кептерлері бар. Күнде бір кез ұшырып қояды. Бұл құстар көк аспанда сондай әсем самғап, аударылып билегенде, балалар ғана емес, ересектер де қызығып қарайтын, бірақ олардың үйі бізден біраз алыс. Үн тарқатушыны қосқан жағдайда да, бізге естілуі мүмкін емес. Бұл ғажайып дауыс, неге екен, маған Құнахунның ауласынан шығып жатқандай сезілетін. «Бұ-бұ-бұғ, ғұ-ғұ-ғұғ, құр-құр-құр». Тоба, бұл не болғаны? Әлде бұл да әуесқойлықпен мен білмейтін бірер құс бағып алды ма?

Не болса да қызығушылық таныттым. Қазір есімде жоқ бір нәрсені сылтауратып, қалтама екі қорап темекі салып, қақпасын ұрдым. Өзім дәл сол ғажайып дауыс шыққан кезді таңдаған болатынмын. Шеткі есік дереу ашылды, бірақ Құнахун бөтен біреуді күтпесе керек. Мені көріп сасқалақтап, шашылып, артына шегінді.

— Е, сен бе едің, досым. Гүлшән бағана көшеге кетіп еді. Кілтін тағы да ұмытқан шығар деп ойлаптым.

Мен сасқанымнан, тілім сөзге келмей қалды. Бір жағынан, алғаш рет «досым» дегені құлағымға қонбай жатқан сияқты. Ол қолындағы сырнайға ұқсаған бір затты қойнына жасырды да, екеуіміз бір-бірімізге қарап қатып біраз тұрғаннан кейін, ауласына бастады.

— Темекі шегіп, осы бақшанда отырайық — дедім жазғы шай ішетін орынды нұсқап. Ол қарсы болмады. Берген темекіні дереу аузына апарды. Тұтатып бердім. Өзім де біреуін тұтандырдым. Ол екеуіміздің әңгімеміз, әдеттегідей, солай басталушы еді.

— Не болды, көрінбей кеттің ғой? — дедім шыдамым таусылып.

— Солай, досым, маған сыртқа шығуға болмайды.

— Не үшін?

— Үйінде біреу бар ма?

— Жоқ. Бәрі жұмыста.

— Арағын бар ма?

— Бар.

— Онда сенікіне шығайық. Гүлшәннің келетін уақыты болып қалды. Саған бәрін айтып берейін, бірақ «біреуге тіс жармаймын» деп, ерекше уәденді бер.

— Ал бердім.

— Саған сендім, досым. Бәрібір, сырымды біреуге айтпасам, шын жынды

салған соң. — Мен әлгі күні саған «Гүлшәннің еш уақыты жоқ» дегенім есінде ме? Ол жәйбасардың қайдан уақыты болсын? Шаһарға келе сала ұялы телефонға үйренді. Сонымен жатып, сонымен тұрады. Не туралы сөйлесетінін білмеймін. Бұл Құдай ауызды не үшін жаратқан. Сол күнгі бұл келеңсіздік осы телефоннан басталды. Ол таң атпай келіндерге телефон соғуға кірісті. Тапқан «жаналығы» — немерелердің біреуінің дене қызуы көтеріліп кетіпті. Кейін ол бұл хабарды таныс-білістердің бәріне дәл жеткізіп, ақыл сұрады. Біреудікі біреуге ұқсамайды. Соңында, Гүлшән бұл емдеу әдетін қорытындылап, немеремізге кептер қанының дәрі екенін анықтады. Ертенгі ас ішпегеніме қоймай, кептер балапанын әкелуге жұмсап, үйден айдады. Тура кептерші Николайдың үйіне бардым. Ол менің өтінішімді естіп, мазақ еткендей мырс етіп күлді.

— Сен менің кептерлерімнің бағасын, жобалап болса да білесің бе?

— Кептер де сатыла ма?

— Менікі сатылады. Себебі олар дүнидегі аз кездесетін құнды кептерлер. Шетелдерден алушылар іздеп келеді. Ең арзаны 500 доллар, — деді ол күліп.

Мен оны әзілдесіп жатыр деп ойлаппын. Немеремнің ауырып жатқанын айтып, жалынып көрдім.

— Ей, — деді ол ашуланып, — Алматы көшелерінде не көп, кептер көп. Қалауынша ұстап алмайсың ба. Сосын, су тегін. Әйтпесе құс базарына бар. Сайранда.

Ақыры мен такси жалдап ол айтқан мекенжай бойынша жетіп бардым. Шындығында да, ит-мысықтың түр-түрі, құс атаулы толып жатыр. Николайдыкіне ұқсаған кептерлер де көп. «Бұл кәпір менің басымды қатырмаған шығар» деп, бағаларын сұрастырдым. Рас екен. Адам құнынан да қымбат па бұл пәлелер деп ойлаймын. Кәдімгі өзіміздің кептерлерді іздеп зорға таптым. Көп болған соң, қадірі жоқ қой бұл байғұстың. Сатып жатқандар 30-40 жастар шамасындағы екі ұйғыр. Түрлеріне қарасам, өзіміз сияқты ауыл жақтан келіп, жұмыс таппай, бір шишаға зар болғандай көрінеді.

— Кептерің нешеден, інім? — деп сұрадым.

— Бес мың сұрап тұрмын. Сізге төртке берейін.

Дір етіп артыма құлауға аз қалдым. Ашуым келіп, өзімді зорға бастым.

— Ей, аузыңды шәйіп сөйлесенші! Мына жұрттың бәрі сен сияқты көшедегі құсты ұстап алып сата берсе, әлдеқашан бай болып кетпей ме?

— Бай болғанның не зияны бар. Қала-

саң ал, қаламасан жолыңмен жүр!

— Әй, жарымаған, — дедім де әрі қарай кеттім. Көп араладым. Қырсыққандай, басқа жерлерден кезіктіре алмадым. Амалсыздан әлгі екі сатушының қасына қайта баруға мәжбүр болдым. Бұл жолы олар тіптен еркөкірек болып алыпты.

— Жарайды, ала ғой, аға. Тандап ал, бірақ бағасы енді түспейді.

Мен оларға немеремнің ауырып жатқанын, тездетіп қанын сүртпесек жағдай ауыр екендігін айтып, жалындым.

— Маған үлкені емес кішісі керек. Бес мың берейін, екі балапанын бер, — дедім.

— Өй, аға-ай, бағанадан «бачка» деп айтпайсың ба. Оны қазір қайдан табасың? Балалары әлдеқашан үлкейіп кеткен ғой. Бачканы келесі көктемде табасың енді, — деді олар.

— Ойбай, енді не істесем екен, бейшара немерем...

Әріректе және бір ұйғыр бұны байқап тұрған екен.

үшін емес...

— Тоқтат! Шыныңды айт, күніне нешеуін жейсің, әлде сатасың ба?

Мен кептерді өлтіріп жегенше сатқанның жазасы жеңіл шығар деп ойлап, оңайырақ құтылу үшін сатамын дедім.

— Нешеден?

— Бес мың теңгеден.

— Так-так, күніне екі кептер. Он мың теңге деген сөз. Айына есептесек, үш жүз мың, жылына 3 миллион 600 мың теңге! Пай-пай, слушай, бұл бір жақсы кәсіп екен, ә? Яғни заңсыз пайда табу. Бұл үшін неше жылға кететінін білесің бе?

— Жок, жолдас капитан. Жана сізге өтірік айттым. Немеремді емдеу үшін амалсыз ұстаған едім. Сенбесеңіз әйелімнен сұраңыз. Бұл істі де соның айтуымен істеген едім.

— Біріншіден, мен саған жолдас емеспін. Түсіндің бе? Екіншіден, әйелің саған куәгер бола алмайды. Бұл заңға қайшы. Шыныңды айт. Жазан біраз жеңіл

таста! Қарай гөр, бұл арамзаларды...

Сержант мені жерге сүйреп түсіріп, ұрып-теуіп, томпылдата бастады. Қай жерге ұруды біледі екен өздері. Бетіме тепкен жок. Көбінесе ішке, бауыр мен бүйрекке тиісті. Қарасам, тектен-текке қор болатын түрім бар.

— Келістім, — дедім тілім зорға сөзге келіп.

Олар бір-біріне мұқият қарады да, қолымды босатты.

— Қасымда ақша жоқ, үйге бару керек.

— Мекенжайыңды айт.

— Әне, анау көк дарбазалы үй. Бірақ сендер осы жерде күтіндер. Мен үйге кіріп, ақша алып шығайын. Көрші-қолан көрмесін.

— Жок, көрсін. Сен сияқты қанішер, табиғаттың нағыз жауларын халық білсін.

— Өзбірайы, капитан мырза, міне, төлқұжатымды ала қойыңыз...

Ішек-қарным тынбай ауырып жатты. Өзім сандырақтап жүріп, үйге зорға жеттім. Кірсем, Гүлшән пышақ-қайрағын дайындап отыр екен. Аузы ашылып, көзі жұмылды.

— Қайда жүрсің, маубас? Елгезерге шығып, ерге тиген қатындай. Доғдыр шақыртып, баланы өрең емдеп алдық.

— Аузыңды жап! Жағдай ушықты. «Кептер тап» деп мені қып-қызыл пәлеге ұрындырдың. Дерееу 200 мың теңге бермесек, соттап кететін түрі бар. Бол, тездет! — маған сөйлеудің өзі қиын еді. Ішімдегі бір ішек үзілгендей ауырып, шаншып, жанымды жегідей жеді.

Бірақ Гүлшәннің аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығып, дүрсе қоя берді.

— Әй, қаңғыбас, өзінді сатса бес тиынға да алмайды. Және 200 мың деуін қарай гөр. Бар айда, ә десе, бада-бада болып келіп алатын ауылдағы туған-туысқандарына айт.

Айқайлауға әлім келмейді. Отыз жылдан артық шаңырақ көтерген қатынымды, тіптен танымай да қалдым. Ол кейінгі жылдары ерекше өзгерді. Ұялы телефон арқылы 99 кісімен сөйлесіп, солардың айтқан кеңесімен жүретін болып алған. Жұмыртқа, ет, көкөніс сатып, тапқан зейнетақыдан үнемдеп жиған ақшаға, теңгенің құны түсіп кетті деп, біртіндеп доллар алатын. Кейін алтынға көшті. Жақында тағы бір досының «Ойбай, Түркияда үй арзан екен. Қазір алып қою керек» дегеніне еріп, енді бар жиған-тергенді евроға айналдыруға өтті.

Біздің талас-тартысымыз біраз ұзаққа созылып кеткен сынайлы. Күтпеген жерден әлгі өгіздей сержант баса-көктеп кірді.

— Аюпов, сіздің уақытыңыз бітті. Енді түрмеге отырасыз, — деп қолыма кісен салды.

Гүлшән сол кезде ғана есін жиды. Бозарып-қызарып, артына құлағалы аз-ақ қалды. Мен де оған қаһарлы және өшпенділікпен бір қарап едім, тіптен бұтына жіберіп қойғандай халде болды. Сосын, бір басып, екі басып, серванттан кобдишасын алды да, 200 мың теңгеге жобалап 400 евро ақшаны сержанттың қолына ұстатты. Қалғанын кеудесіне басып, тұрған орнында шүк отыра кетті. Оның қолындағы көлемді орамды көрген анау өгіздің көздері ойнап қоя берді.

— Күйеуіңіз біраздан соң кіреді, — деп мені тағы да жұлқылап далаға сүйреді.

Олар мені мәшинеге отырғызып қойып, сыртқа шығып ұзақ сөйлесті. Мен болсам, «Уһ, енді құтылатын шығармын» деп, өзімді сәл жеңілдеу сезіне бастаған едім. Өкініштісі, көретінім әлі алда екен. Екеуі енді екі жағыма отырды да, тергеуді қайта жалғастырды. Біреуі сұрайды, екіншісі ұрады.

— Сен, Аюпов, сөйтіп, өз теңгемізді де менсінбейді екенсің, ә? Жұмсайтының евро, тамағың қымбат құс пен жануарлардың еті. Мінгені «Джип». Анау тұрып жатқан үйің кемінде 100 миллион тұрады. Мәселе былай, Аюпов, «ауа райы» өзгерді (жана мен шыққанша бұлар кептерлерді қылқындырып өлтірген екен). Енді есепте, бұлар тірі болғанында, келер жылы

әр қайсысы 4-5-тен балапан шығаратын. Келесіде саны жиырмадан артылатын еді. Барып қатыныңнан тағы 1600 евро алып кел. Әйтпесе түрмеде шірісің.

Мен енді бәрінен кешкен едім. Аузыма келген сөзбен оларды қарғап, сөге бастадым. Осындай паракорлардың, жалакорлардың кесірінен бүкіл ел азап көріп жатқанын айтып, «прокуратураға, президентқа шағым жазамын» деп, қорқытпақ болдым. Айтқаным сол-ақ екен, олардың зор денелісі басымды артқа қайырып, мұрынымды жұмып, екінші қолымен жағымды тартып, аузымды керіп ашты. Екіншісі бұлқылдатып, аузыма арақ құя бастады. Басқасы есімде жоқ.

...Ақыл-есімді жиғанымда, мені тергеуге алған жас офицердің маған жаны ашығандай болды.

— Кінәңіз біраз ауыр екен, Аюпов. Мас күйіңізде кішкентай бүлдіршіндер ойнап жүрген алаңда кептерлерді өлтірген екенсіз. Адамдарға тіл тигізіпсіз. Тәртіп сақшыларына да қол көтеріп, киімдерін жыртып, пагондарын жұлып тастапсыз. Бір емес, үш куәгер сіздің кінәңізді растайтын құжатқа қол қойыпты. Бұған не айтасыз?

— Еш нәрсе есімде жоқ, — дедім. Енді біреуге бірдеңе деуге сенім жоқ еді менде. Ақша сұрап, ұрып, азаптамаса болғаны. Қалғанына мен риза. Сондықтан «кінәларыма лайық жаза кесе беріңіз» дедім.

...Бірақ кейін барлық нәрсе лезде өзгере қойды. Мен ештеңе түсіне алмадым. Өзін адвокат деп таныстырған кісі:

— Сізді ұзақ жылға соттайтын түрі бар. Одан құтылуды қалайсыз ба? — деп сұрады.

— Әлбетте, — дедім.

— Онда, мен айтқанды орындаңыз. Мынау таблеткінің бір данасын әр күні тіліңіздің астына салып аласыз. Камераға кіргеннен кейін аузыңызға келген сөзді айта беріңіз. Айқайлауыңыз ба, ән айтасыз ба немесе біреуді қарғайсыз ба, өз қалауыңыз, — деп қоштасып шығып кетті.

Не дәрі екенін білмеймін, бірақ мен оны пайдаланғаннан соң, балалық шақтарыма барып келгендей боламын. Айқайлап ән айтудан зерігіп, құстарша сайрайтын әдет шығардым. Ол жерден құтылған соң, әлгі кісі маған:

— Енді сені бәрі жынды деп танытын болады. Білдірме. Әйтпесе қылмыстық іс қайта қозғалады. Тыныш жүр. Тағы да шатақ жасайтын болсаң, психологиялық диспансерден бір-ақ шығасың, — деп баса айтты. Әнеу күні Николайға барып, мынау мүштекті сұрап алдым. Кептерше сайрайды.

Әңгіме осы жерге келгенде, Гүлшәннің:

— Ай, Құнахун, қайда жүр бұл қаңғыбас, — деген удай ащы даусы естілді.

Құнахун тездетіп мүштекті аузына салды да, бір минуттай «Бұ-бұ-бұ, бұ-бұ-бұ» деп сайрады. Гүлшәннің де үні өшті.

— Енді не істемексің? — деп сұрадым.


— Жұрт білмесе екен, үкімет мені бәрібір жындыға шығарып жіберді. Бұл істер біраз тынышталсын. Сосын, әлгі екі жалақорды тауып, атып тастаймын. Маған бәрібір ештеңе істей алмайды.

— Сен оларды атқаныңмен, ертең тағы да оны шығады. Қой, Құнахун досым, одан да тыныш өмір сүр. Бұл дүние қазір өзгере қоймайды.

— Бәлкім, сенікі дұрыс шығар, — дей келе қалған арақты қағып тастап, бір қорап темекіні ептеп қойнына сүңгітіп жіберді. «Жақсы, досым, мен барайын» деп орнынан тұрды.

Содан бері көршім жақтан бейбітшілік құсы — ғажайып кептердің бұғылдап сайрағанын естіп жүрмін. Ол тынышталып қалса, кәдімгідей уайымдап, қорық бағанасына жақындап, «Құнахун» деп айқайлаймын. «Төбет» бұрынғыдай-ақ үре бастайды. Тауықтар да коқылдай береді. Олар басыла қалса, Құнахуннан хабар жетеді. «Бұ-бұ-бұ, бұ-бұ-бұ...»

Ұйғыр тілінен аударған
Минәмжан АСИМОВ



(әңгіме)

— Ағасы, кептер қаны деген бір ырым. Жасына қарап не істейсіз, — деп сөзге араласты. «Дұрыс-ақ, деймін ішімнен, кептер болса болмады ма. Мынау екі арамтамаққа бес мың теңге бергенше, қасымыздағы көп қабатты үйлердің ауласында дән теріп жүрген кептерден қалауымша ұстамаймын ба» деп ойлады да, кері қайттым. Жол-жөнекей дүкеннен бір уыс тары сатып алып, әлгі аулаға келдім. Ол жер, бұл жерде кемпірлер, кішкентай бүлдіршіндер нан уақтарын шашып, кептерлерді дәндетіп жүр екен. Арырақ барып, тарыны шашып ем, бір топ кептер пыр етіп келіп қонды. «Осылар балапандары ғой» деп жобалап, екеуін ұстап, қалтама салдым да, үйге жүгірдім.

Сонша әуреленіп қолға түсірген олжамды үйге жеткізу несіп болмады. Екі жүз қадам да басып үлгірген жоқпын. Ала жасыл шырақ жағып, гүрілдеп жетіп келген патруль мәшинесінен түскен екі полиция қызметкері қолыма кісен салып, қастарына отырғызды.

— Қош, бауырым, дорбада не бар? — жасы жиырма бестер шамасындағы томпақ капитан дереу сұрай бастады.

— Кептер.

— Сен, өзін кімсің?

— Құнахун. Аюпов Құнахун боламын.

Бұл жерге былтыр көшіп келдім.

— Күніне неше кептер ұстайсың?

— Иллабилла, алғаш рет ұстауым.

— Жаңа бізге қонырау соққан кісілердің сөзіне қарағанда, күнде кептер ұстайды екенсің.

— Өтірік. Бар-жоғы екі дана. Ол да өзім

болады.

— Жол... капитан інім, өзбіреңі Құдай...

Екінші полиция ішіме қатты бір ұрып еді, ішегім алмасып қалғандай болдым. Бұлардың атағы кішілеулері ірілеу келетінге ұқсайды. Анау сұрақ сұраса, бұл ұрып береді екен. Жок жерден пәлеге қалғаныма өкініп, не айтарымды білмей қалдым. Шынымда айтсам да, екеуі сене қоймайды. Бір-екі жұдырықтан соң есімді жиғанша, капитан маған уағыз оқи бастады.

— Қайта анау орыс кемпірдің ұяты бар екен. Қала үшін, табиғат үшін жаны ашиды. Сен оңбағандар кеше ауылдан келіп, бүгін шаһарымыздың ауасын былғадыңдар. Сүйікті қаламыздың символы, жок, бүкіл дүние халқының бейбітшілік символы болған кептерлерді шетінен қырып жеп, сатып, елімізге едәуір зиян тигізіп жатырсыңдар. Сендерге қарағанда әне, аналар жақсы...

Оның сөзі таусылар емес. Мен бұл екі сақшының мені маскара етпек болғанын түсіндім де, өзара келісуге көндірімек болдым.

— Өзің неше дейсің?

— 20 мың теңге берейін. Айналайындар, немерем ауырып жатыр. Сенбесеңдер...

— Ей, шал, сен бізді ақымақ көріп тұрсың ба? Ол ақшаңа мысық күнгеіге шықпайды. Тағы да бір нөлді қос.

Енді мен ашуландым.

— Сонда мынау бір кептердің құны жүз мың теңге болғаны ма? Өй, пагон таққан рәкеттер, одан да қаматып тастандар! Атып



Жұмабай ҚҰЛИЕВ,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

Сағындым туған даламды...

Шымырлар даланы аңсап желік қанда,
Шаһардан ызы-қиқы жалыққанда.
Су асты мезі қылып жібергесін,
Әуеге секірмей ме балықтар да!

Аңсаймын кеп қайтейін, түсін мені,
Ескі ауылдар сияқты түсімдегі.
Ет қайнап, қоңырсыған жерошақтар,
Шүйкеленген көгілдір түтіндері.

Сағынтып Жем, Сағыздың еркін желі,
Киіктер келген шығар желінгелі.
Сағымға жүрген шығар батып-шығып,
Сахара мұхитының дельфиндері.

Қиялымда көп бейне бұлыңдады,
Қалды алыста мұнартып мұның бәрі.
Қалқатайлар жүретін аха-хаулап,
Тоқ ішектей өрілген бұрымдары.

Төңіректің тапқанда мігір жаны,
Газ көпіршіп, су беті құрылдады.
Біздің жақтың жай жатпай көлдері де,
Қайнап жатар осылай зығырданы...

Түнің қандай, ол да баябан жыр,
Байғыз, үкі уілеп салады әңгір.
Мол сеуіп тастағандай мұсатырды,
Айнала айран дүние, ақ аяң нұр.

Сәске де өтті, таяды ұлы бесін,
Тасбиықтан кез келер үзілетін...
Жылда өзіңді бір рет көріп кету —
Осы еді ғой бар бұйым-қызметім!

Түбінде бір тасыңда қалар атым,
Гүл қалай ынтықтырса бал арасын.
Дәл солай құштар қылдың пақырыңды,
О, менің қасиетті уалайтым!

Жүрсең де атып шеңбірек,
Мықшитар уақыт жсырынды.
Бір күнім тағы өлді деп,
Жылайтын шалдар бұрынғы.

Жастығым қайда қара үздің,
Тамсанып қалдық тойынбай.
Құрышында қалған қарынның,
Сәуірдің сары майындай.

Киімңді баяу ылғалдап,
Сіркелеп жауын жауады.
Күз келді, міне, бізді алдап,
Қайран жаз бастан ауады.

Амалың бар ма көндікпей,
Мұныңды мезгіл тыңдар ма?
Өңеш байлайтын ақ жіптей,
Қырау да тұрды сымдарға.

Айтпаймыз қазір күмілжіп,
Өтті ғой бізден зайғы шақ.
Уды да талай сімірдік,
Қарақұрт жеген қой құсап.

Фарасат мына сапардың,
Мүбәрәк болғай арты кіл...
Бәріне көндім, хош алдым,
Кезеңге келдік саркідір.

Көп күнәм жанды қинады,
Боз қырау арты-боқырау...
Өмірдің соңғы финалы,
Қыс келе жатыр, япыр-ау?!

Түнгі зираттағы ой

Есте жоқ, бір соғып ем қай жылдары,
Қорымға — Былқылдақты бауырындағы.
Сол түні ай да туды дөңгеленіп,
Мөріндей пайғамбардың жауырындағы.

Жеті түнде әкелді бұрып мені,
Жатқан жер осы өңірдің күліктері.

Осы бір суық ойлар ылғи менің,
Бақадай мұзда тады бүйірімді.

Жатыр әне, біздің де барар орын,
Жеміріле ойлайсың шара жоғын.
Сиқыр дұға жазылған жартастардай,
Қалды артымда бұлдырап қара қорым...

«Жан қайығын жарға ұрған...»

Өтежан Нұрғалиұлына
Бір аунап түсер бөтекең,
Келтірер өлең көзге жас.
Сияқты еді ғой, Өтекең,
Сына батпайтын безді ағаш.

САҒЫНТЫП ЖЕМ, САҒЫЗДЫҢ ЕРКІН ЖЕЛІ



Пәниге келіп шырқырап,
Зар илеп кеткен бақиға.

2010 жыл. Табылдымен қоштасу

Сол жылы үйіме кеп аялдадың,
Сезіп ем көңіліңде қаяу барын.
Кешікпей «бауырымдаған» хабар жетті,
Қайтейін, бақұлдасып қала алмадым.

Болды-ау бұйрық төтеннен,
Жаратқаным,
Бой жазуға, әй-шайға қаратпадың.
Шаһбазым, думандатып жүрушы еді,
Білді ме, дәурені өтіп баратқанын.

Дерт меңден, жүдетті ғой асау ұлды,
Босаңдау тартушы еді шап айылды...

Ақыры ажал жасыны таңдап түсіп,
Алып бір қарағайды қақ айырды.

Қадірін білетіннің сағы сынды,
Арулап Табылдыдай арысымды.
Сүйек тебен инемен келін тігіп,
Үш шелек сумен жудық мәйітіңді.

Көп кешсең де өмірдің сор бұлағын,
Қалды артыңда тамылжып мөлдір әнің.
Көзім қиып қалайша көмдім екен,
Сегіз арыс Адайдың кер бұланын?!

Сан ойларға сүрініп, ірметіле,
Садақаңа келдім мен сүйретіле.
Түс көргендей егіліп қарай бердім,
Қара лента қоршаған сүгіретіңе.

Жалғандықты сүймейтін бұл нар талап,
Көппен бірге ел жүгін жүрді арқалап.
Дариға-ай, сері шатыс бір жан еді,
Кең Алла, күнәсін кеш, қыл мархабат!

Есіл ер әнмен қырған тамам елді,
Қала берді төмпек боп маяжонды.
Жусаның жоқтау айтып, селеу сыңсып,
Сазыңды сахараға жаяды енді.

Қып-қызыл шапақ жалындай,
Мал-жанды түгел қаратты.
Көрпесін түрген арудай,
Ақсаңданып кеп таң атты.

Уа, алтын күн, күлімде,
Жасауға көшті жұрт қамын.
Жатыр-ау жусан түбінде,
Уытты қарақұрттарым...

Құдайдың құйттай жәндігі,
Өрмегі нұрға боялып.
Кеткен де шығар ендігі,
Мал дүбірінен оянып.

Жайнайтын белес, қыратым,
Кір-қоңынан бір арылып.
Таң ата шөптер тұратын,
Жыланкөз шыққа малынып.

Көмейім кетті жыбыршып,
Боздаттым әнді ақ еркем.
Жібберер үнді құбылтып,
Таңғы ауа бейне камертон.

Қағбасы асыл арманның,
Ғұмыр бойына сағынар.
Бұл ала-көбең бар жанның,
Сәби шағы ғой сәруар!

Көктегі айға қол созып зираттағы,
Жарқырайды кішкене ай тіліктері.

Бәріміз тірі күннің батырлары,
Осы ғой мекеніміз ақырдағы.
Мұқатып бірін-бірі далиғанмен,
Толпайып жеңгені жоқ жатыр бәрі.

Жүз аршын, қотандай жер, осы құрттай,
Талай туыс, жақсымды
жасырыпты-ай.

Өлілермен іргелес тірілер де,
Екі ауыл — Мағұрып пен Машырықтай!

Алда мезгіл, алдап бақ, алда жылым,
Бәрі ғайып түбінде қолдағаның.
Қалай тудың білмейсің, есінде жоқ,
Қайтар күнің және де беймағұлым..

Тыным бермес мол сауал, сірә, жанға,
Не бітірмек мына жұрт бұ ғаламда?
Даналар да шеше алмай дүние сырын,
Көрге түсті ақыры, құдауанда?!

Шарласаң да Ұрымың, Қырымыңды,
Жақсы емес қой жаман ат тірі күнгі.

Сен жалғыз жүріп, беренім,
Алыптарменен тірескен.
Көрпелдеш туған төл едің,
Тоқаш, Мұқашқа ілескен.

Қайғысы қақпақ төңкеріп,
Қайнайтын қара қазандай.
Келе жататын теңселіп,
Сүйектен шыққан адамдай.

Оқыған соттай үкімді,
Сөздері жүрек жарады.
Құдды бір зымыран сықылды,
Ысқырта тілген ауаны.

Күн кешті кітап арқалап,
Жоқшылық талай қаңғытты.
Сонда да жүрді өр талант,
Тастамай мәтөк — паңдықты.

Қалмады онда ғаси дос,
Шайнаумен кетті бармағын.
Хан-сұлтаныңа бас имес,
Топырағы ауыр тарланым.

Не көрсеттік біз шұрқырап?
Өлеңнің пірі — асылға.



**Торғын
ТҰРЛЫБАЕВА**

АУЫЛ ДЕГЕН...

Алқымынан арманның жұпар аңқып,
Шақыратын алысқа құмар тартып.
Ауыл деген бесігі бал қиялдың,
Күн тоңатын, ай шалқып, бұлттар балқып.

Албырт шақтың бақытын кім түстеген,
Аңсататын адамды бір күш пе ерен?!
Ауыл деген, ардағым, ауыл деген –
Аңқылдаған көңіл ғой кір түспеген.

Мәнері де, мәні де сәтті күнде,
Қалпы қонып, мінезі тартты кімге?
Ауыл деген – даладай кең жүректі,
Дархан пейіл, шек жоқ кой мәрттігінде.

Қағажудың көрсе де қаншамасын,
Тарықпаған тәубаға тамсанасың.
Ауыл деген әжемнің әңгімесі,
Қозғайтұғын әріден әлсанасың.

Ақтарылсам қайталап аңыз бәрі,
Ақ жаулыққа түйілген аңыздары.
Ауыл деген айрандай ұйыған жұрт,
Ақылына тоқтатқан абыздары.

Жазылмаған заңы мен ғұрыпы бар,
Қалт кеткенге құпия құлығы бар.
Ауылда бұл еріксіз өкпе-наз да,
Шәйі орамал кепкенше ұмытылар.

Өтірікке өртең боп өнбегендер,
Көбесіне біз сұқса көнбегендер.
Бәрін тастап кеттікші ауыл жаққа,
Мейірімге бөлекше шөлдегендер.

Қасиеті қорғаған құйынынан,
Талай мәрте жол тапқан тұйығыннан.
Ауыл деген – қаймағы қазақтықтың,
Бұзбау бізге аманат бұйырылған.

Ауыл жақта тынши ма арым бір сәт,
Дәтке қуат бере ме сағым-құрсақ.
Кіндігіміз өзіне байлаулы ғой,
Ауыл, бізді кешіріші, сағындырсақ.

АУЫЛ МҰҢЫ

Қала жаққа қарай берем алаңдап,
Бір жақсылық көрінер деп қараңдап.
Кеткенім не, әсершіл боп әрнеге,
Әбгігершіл әдетпенен маған жат.
Ұясы едім аппақ қанат арманның,
Талас жүрмес төресі едім талғамның.
Дәптеріне асау жүрек ақынның
Ақауы жоқ тамшы-жыр боп тамғанмын.
Аңқылдаған ағайынның бағына,
Саркылмайтын менде еді қазына.
Сағыныш боп қалған сұлу кештердің
Бөлек еді жан тербейтін сазы да.
Бүлкіл қағып тіршіліктің тамыры,
Көлім толқып, егін – мол құт дарыды.
Ұбап-шұбап мал өрістен қайтқан кез,
Естелік пе, қайталанбас қалыбы.
Сонау жылдар... көктемім бе ең,
жазым ба ең?
Ұрпағыма ұяттымын қазір мен.
Көк сөздерді көпсітеді бәзбіреу,
Көтерем деп көңілімді әзілмен.
Ебін тапқан кәрісі де, жасы да,
Қала жаққа көшіп кетті асыға.
Шүкір, қазір кейде келіп-кетіп жүр
Құран оқып бабасының басына.
Қала жақтан іздеп кеткен несібе,
Өз жұртымды жазғырайын несіне.
Қоштасарда мөлт-мөлт ете қараған,
Сол бір жанар түсе берді есіме.
Бейбіт күнде берекемді алған кім,

Неге мені ауызға алсаң арландың.
Өмір, өлім... шарам қайсы жарығы
Мен көретін сөнер болса жалғанның.
Сынық сәуле. Сұрауы жоқ ауылмын,
Ертелі-кеш еңсемді езді ауыр мұн.
Әй, бірақ та... сұрай қалса сын көздер
Деп жатыр де: «Хәлім жақсы, тәуірмін».
Қалса-дағы қолға қарап күтімім,
Көбейер деп үміттімін түтімім.

ТЫНЫШТЫҚ

Ғалам мына толған сұмдық, сын, егес,
Көкжиектен бұлдырайды мың елес.
Жанталасқан жаһан дерті жанында
Менің таудай тауқыметім дым емес.

Нені дұрыс, нені бұрыс дей алам,
Байлығымен астамсиды кей адам.

Жан-жағымның бәрі алғыр, мықты,
Жапырақтай жанымды кім ұқты?
Өкінішке
орын да жоқ тіпті,
Өмір деген –
түбі өлім бір сәт.

Алқымынан арманның жұпар аңқып...

Кең заманда маған да бір, тағдырым,
Қия көрші бақытыңның бүтінін.

АНА

Бұл пәниде бағанды артық етті Алла,
Дүрия-дәурен дүрмегі озып кетті алға.
Аңқылдайсың ойлап арғы-бергіні,
Ана, сенің пейіліңде шек бар ма?

Жалғанда бұл жетер жанға дәру мың,
Қалпын көрдім қаланың да, ауылдың.
Қаталдықтан қалтыраған заманда,
Ана, сенің мейіріміңе зәрумін.

Көрдің бе сен қия баспас пендені,
Еркелеудің қисыны бір келмеді.
Балалықпен сезе алдым ба білмеймін,
Ана, сол бір сағынышты сендегі.

Жүрегімді мұндай бір зат жаншымас,
Жанарыңа жасырынса тамшы жас.
Қайсарлыққа егер бәйге тігілсе,
Ана, саған табылмайды қарсылас.

Көрген талай тіршіліктің тартысын,
Басымдағы бар бақыттың нарқысын.
Киналғанда маған бер деп сұрадым,
Ана, сенің төзіміңнің жартысын.

Тағат таппай сыртылдайды сағатым,
Жаңылмайды жорғасынан жаңа күн.
Тынысташы, ұяласын уайымсыз,
Ана, сенің кірпігіңе қара түн.

Ой қуасын күндіз-түні білемін.
Жүрегіне құндақтаулы жүрегім.
Абыроймен жүрсек біздер жер басып,
Ана, сенің орындалған тілегің.

ҮНСІЗДІК...


Үнсіздік,
Білмейміз оның бағасын.
Үнсіздік,
Алыстап бізден барасың.
Қаламыз кейде ұяттың даусын естімей,
Айқайлап жүріп, жақсының
жыртып жағасын.

Үнсіздік
Өткенді еске түсірер.
Үнсіздік,
Кімдер бар сені түсінер?
Қабағын түйіп, сөзсіз-ақ жөнге салатын
Үлкендер қайда, жолынан тайса кішілер.
Үнсіздік,
Ғашықтар үнсіз тілдескен...
Үнсіздік,
Шығатын құны күнде естен.
Шулаған топтың тарылмас па екен сүрлеуі
Барады шұбап бағытын барлап білместен.

Үнсіздік,
Тілден де өткір жанарын.
Үнсіздік,
Сенімен сырлас қаламын.
Түңілсем егер, түсін сен, мейлі, түсінбе,
Жылармын іштен, үндемей
бірақ қаламын.

Үнсіз күн.
Қылмайды адам күнсіз түк.
Үнсіз түн...
Жаратқан бәрін үнсіз қып.
Сырынды ашпай, сыныңды алға тартасың,
Қуат бер, елге, құдірет болсан, үнсіздік.

...Тағы да үнсіздік.



Азып-тозған ашқұрсақты көргенде,
Тойып ішкен тамағыма ұялам.

Жарылыстан естерін де жия алмай,
Назаланса көз жастарын тия алмай,
Жазықсыздар жанұшырып жатқанда,
Қалай ғана ұйқым қанар ұялмай?

Зұлым ойлар шымылдығын түруде,
Кедергі көп қамсыз өмір сүруге.
Бүтін бір жұрт қайғы кешіп жүргенде,
Қақым жоқтай емен-жарқын күлуге.

Шама жетпей бүлік дейтін дүлейге,
Үркек ойлар түндігіме түней ме?
Бейбіт елде өмір сүрген бақыт қой,
Орын да жоқ қорқыныш пен үрейге.

Қолда барды қуат тұтып, ырыс қып,
Сабырменен күн кешуге тырыстық.
...Қолыма ұстап әлдилесем жер шарын,
Әлди, әлди...
Аңсағаным тыныштық.

БІР СӘТ

Жанарымды малындырып мұңға,
Жамалымды шомылдырып нұрға.
Сұрақ белгі...
Әлде сынап тұр ма?
Сезімімді сендей соққан бір сәт.

Көз ілмей-ақ атқызғанда танды,
Кеудемдегі бұлбұл әнін салды.
Естимісің,
Есте солай қалды
Балдай еріп бақыт құшқан бір сәт.

Жерік қылып ақыл-есті жырға,
Еліктіріп айтылмайтын сырға.
Гүл ектіріп
қуаң тартқан қырға,
Ертегіге сеніп қалған бір сәт.

Жәутең қағып жанарымда жалған,
Шыркөбелек айналғандай бар маң.
Бекем бол деп,
Мені әуреге салған
Қоштасуға қия алмайтын бір сәт.

Аптықтырып асау желік жеңді,
Көзбен ұрлап тылсым тұнған реңді.
Білемін ғой,
Қайталанбас енді
Көңілімді көктем еткен бір сәт.

Сараң ғана сіркіреп сеуіп өткен,
Қозғамады бұл сезім мені көптен.
Сен менің жүрегімнің төріндесің,
Сағынтып, аңсатады нені көктем?
Үсік шалған бүршіктің бағы қысқа,
Мелдектейді жанары сағынышқа.
Көмектесе алмайды жедел жәрдем
Жүректегі алапат жарылысқа.

Ұмытқандай көктемде бірденесін,
Суық қардың бар екен гүлде несі.
Тас құшақтан қаулаған құштарлықты
Үркітіп алмайық біз, үндемеші.

Күркірінен аспанның құлақ тұнып,
Бүлкілінен қалды ма бұлақ тынып.
Бөбек-гүлді ренжітіп алмайын деп,
Күлемін, ішімнен шын жылап тұрып.

Үмітімнің үзілді есіл демі.
Тұма жырдың тұсауы кесілмеді.
Көзіне тік қарамай көзімді ілсем,
Кешір мені, ей, көктем, кешір мені.

Қатпарынан бұлт басқан аршылар күн,
Тамшыларын нәр қылып жан суардым.
Көркем болса көңілдің ақ парағы,
Көне дәптер ішінде бар шығармын?

Беттемейтін белгісіз қабаттарға,
Қосылмайтын бәзбіреу санаттарға.
Жылдамдығын жарықтың місе тұтпас,
Жеті аспандай құпия жаратқан ба?

Жер үстінен тым келте көретінім,
Бөлінбесті білмедім бөлетінін.
Қыркүйекте мен туған жанған жұлдыз
Қарашада сен туған сөнетінін.

Қара бар ма қарманар қараңғыда,
Жанар мұңға малынып...
санам нұрға.
Ізгілікке іргемді жанай түсем,
Болмасам деп кінәлі ар алдында.

Сенгенім көп шындық деп жалған бірақ,
Жаным күнде сол үшін жардан құлап.
Жел өтінде қорғансыз қалмаса екен,
Түкпірінде жүректің жанған шырақ.

Бұл көктемнен сезіледі күз лебі,
Салқын тартты неге лезде түз демі.
Жылы қабақ танытпаған жақынға,
Сезді ме екен суықтықты біздегі.

Бір-біріне жуытпаған жаманат,
Жоққа сабыр, барға қылған қанағат.
Сан сынақтан сақтап келген елімді
Махаббат қой – Алла берген аманат.

Соқыр көзбен асқақ болу не тенім?
Солкылдасам жасқа толар етегім.
Жүрегіме мейірім бер өлшеусіз,
Мұқтаждарға жылу сыйлап өтемің.

Жүрегімнің соқыр қылма жанарын,
Алып келем бұл дүниенің сабағын.
Жаратқанға сансыз сауап, шүкірмен,
Толтыра көр сауабымның табағын.

Қонақпыз ғой бұл өмірге бәріміз,
Тәубеге де келерміз-ау әлі біз.
Жетері анық көктем жақтан жылылық,
Ал қазірше қамықпасын кәрі күз.

*Жетісу облысы,
Текелі қаласы*

Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,
Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясы Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, академик

Түркі әлеміне танымал тұлға, түрколог-ғалым, академик Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойы елімізде кеңінен аталып өтілуде. Қазан айының 10-11 күндері Алматыда өтетін Халықаралық түркология конгресіне алыс-жақын шетелдерден келетін тілші-ғалымдар академиктің түркология ғылымын дамытуға қосқан үлесін сөз ететін болады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, түрколог-ғалым, ұстазым Шора Шамғалиұлы Сарыбаевтың шығармашылық шеңбері кең, ауқымды әрі әр алуан. Ғалым — 300-ден астам ғылыми мақалалардың, оның ішінде 20 шақты монография, оқулықтар мен сөздіктердің авторы. Академиктің еңбектері тек елімізде ғана емес, бұрынғы одақ көлемінде шығып тұрған «Вопросы языкознания», «Советская тюркология», «Народы Азии и Африки», «Советское востоковедение» тәрізді ғылыми-теориялық журналдарда, сондай-ақ шетел баспаларында жарық көрген.

Ғалымның еңбектері қазақ тілінің өзекті салаларына, атап айтқанда, қазақ тілі тарихы, диалектология, лексикология, лексикография, грамматика, т.б. көкейкесті мәселелерге арналған.

Академик зерттеген екі саланы ерекше бөле-жара атауға болады. Оның бірі — диалектология болса, екіншісі — тіл білімінің тарихы. Әсіресе ғалымды түркі әлеміне танытқан аймақтық лексикографияның ғылыми-теориялық мәселесі жөніндегі монографиялық зерттеуі түркі диалектологиясындағы жаңа бір бағытты айқындап берді.

Шора Шамғалиұлының әріптестерімен бірлікте жазған «Современный казахский язык» еңбегі түркітілдес республикалардағы жаңа грамматикалар топтамасын дайындауды бастап бергенін Кеңестер одағының ғалымдары жоғары бағалаған болатын.

«Түркі аймақтық лексикографиялық проблемалары» атты докторлық диссертациялық еңбегінде тек қазақ тілінің ғана емес, сонымен қатар жалпы түркі тілдерінің аймақтық лексикография проблемаларын індетте зерттеуінің нәтижесінде Шора Шамғалиұлы түркология әлемінде өзіндік орнын алып, түркі дүниесіне танымалдығы артқаны анық.

Жиналған мол диалектілік материалдар негізінде бірнеше ғылыми-зерттеулер жарық көрді. 1976 жылы жеке кітап ретінде жарияланған «Қазақтың аймақтық лексикографиясы» атты докторлық диссертациялық еңбегі түркітану ғылымында аймақтық лексикография теориясына арналған алғашқы монография еді. Әлемдік деңгейде өткізілген халықаралық конференцияларға, симпозиумдар мен форумдарға қатысып, «Диалектілік сөздіктерді құрастыру», «Диалектілік

лексикографияның талас мәселелері», «Тіл мәдениеті және жергілікті ерекшеліктер», «Әдеби-сөйлеу тілі сөздігі», «Диалектілік терминология», «Түркі тілдерінің аймақтық лексикографиясы» сияқты тақырыптарда баяндама жасап,

ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ТАНЫМАЛ ҒАЛЫМ

әлемдік түрколог-ғалымдардың назарын өзіне аудартқаны айқын.

Түркі лексикографиясына түрэн салып, диалектологиялық сөздік түзудің теориялық және құрылымдық негіздерін жасағанын сөз еткен белгілі лексикограф-ғалым, профессор Мырзаберген Малбақов академик Ш.Сарыбаев қазақ аймақтық лексикографиясын теориялық тұрғыдан зерттеудің негізін салушы ғалым екенін айта келіп, «Жалпы қазақ тіл білімінің, қазақ диалектологиясының дамуына зор үлес қосудан бірге, күллі түркі лексикографиясында алғашқылардың бірі болып, диалектологиялық сөздік түзудің теориялық және құрылымдық негіздерін жасаған ғалым» екенін ерекше атап өтеді.

«Ғалым есімінің кеңінен танымал болуына себеп болған тағы бір жағдай — оның қазақ тілшілері арасынан алғаш алтаистика проблемасымен шұғылдануы. Өйткені ар жағы алтай (түркі, моңғол, тұңғыс, манжур, орал, фин, корей, жапон, т.б.) тілдерінің, бер жағы 30-дан астам түркі және моңғол тілдерінің туыстық төркінін анықтау — түркология ғылымының 150 жылдан бері күн тәртібінен түспей келе жатқан күрделі де өзекті мәселелерінің бірі. Осы күнге дейін бұл мәселені алтаист, түрколог ғалымдар көбіне-көп тек теория жағынан ғана қарастырып, нақтылы тілдік фактілермен дәлелдеуге тереңдеп бара алмай келсе, Шора Шамғалиұлы қазақ тілі мен моңғол тілдерін салыстыра-салғастыра зерттеу арқылы бұл тілдердің генеологиялық туыстығын айқындауда алтай теориясына («болжамына») өзіндік үлес қосты» деген академик Әбдуәли Қайдаровтың пікірі барлық түрколог ғалымдардың ортақ ойын білдіреді десек, артық айтпаған болар едік.

Алғаш рет 1958 жылы Алматыда өткен VI түркологиялық ғылыми-теориялық конференцияда баяндалып, ғалымдардың оң пікіріне ие болып, одан әрі алтаистика саласында жазылған еңбектерге арқау болған ғылыми ізденістерінің нәтижесінде академик нағыз түрколог-ғалым ретінде ғылыми жұртшылыққа танылды. Осы пікіріміздің дәлелі ретінде бір-екі белгілі ғалымның берген бағасына тоқталғанды жөн көрдік.

Белгілі лексиколог-ғалым, профессор Жамал Манкеева «...Тіл тарихы мен диалектология мәселелерін сабақтас қарау дәстүрін қарастырған, көшпелі тұрмысы мен мәдениет ұқсастығы негізінде қалыптасқан тілдік ортақтықты қазақ-моңғол туыстығы деп қараған, диалектілік лексиканы әдеби тілді байытудың қайнар көзі деп санаған көрнекті диалектолог-лексиколог ғалым Ш.Сарыбаевтың бұқаралық ақпарат

құралдары тіліндегі жаңа қолданыстар, аудармалар және терминдер туралы ой-тұжырымдарын тілге деген науқандық сипаттағы жай қызығушылық, әуестік деп түсінуге болмайды. Біздің ойымызша, оның тамыры жоғарыда



көрсетілген ғалымның ғылыми-зерттеушілік мұрасы мен теориялық-әдістанимдық қағидаларымен сабақтасып жатқан, ішкі даму болмысын көрсететін идеяларымен сабақтасады» десе, академик Фаузия Оразбева: «Профессор Шора Шамғалиұлының қазақ және моңғол тілдерінің өзара байланысы жөніндегі зерттеулері алтайтану теориясына қосылған жаңалық деп танылып, кезінде түркология ғалымдары тарапынан жоғары бағаланды.

Алтайтаным мәселесін әртүрлі тілдер тоғысында қарастырған ғалым 1958 жылы өткен VI түркологиялық ғылыми-теориялық конференцияда өз пікірін ғалымдар талқысына салып, көпшіліктің назарын аударды. Профессор Шора Сарыбаев қазақ тілі мен моңғол тілдерін анық деректер мен нақты бірліктер аясында салыстыра талдау, теориялық-практикалық дәйектеу арқылы жаңа тұжырымдар мен тың пікір-көзқарастардың пайда болуына, ғылым өрісінің кеңеюіне әсер етті» деп баға беруі академиктің түркі дүниесіне танымалдығын айқындай түседі.

Академик Шора Шамғалиұлы түркітілдес халықтар мұрасын жинақтау ісіне де қызығушылық танытқанын білеміз. 1989 жылы баспадан шыққан «Түркітану әдебиетінің библиографиясы» кітабы түркология ғылымына қызығушылық танытқан жас ғалымдардың кәдесіне жарар пайдалы еңбек екенін атап өткіміз келеді.

Ғалымның қазақ тіл білімінің өзекті мәселелерімен қатар, өзге туыс тілдерге байланысты тақырыптарды да қаузағанын аңғаруға болады. «К вопросу о монгольско-казахских языковых связях» (1960), «Монгольско-казахские лексические параллели» (1971), «Қазақ, моңғол тілдерінің туыстығы жайлы» (1967) атты мақалаларына алтаистика мәселесін арқау еткені пікіріміздің дұрыстығын көрсетсе керек.

Академиктің түркі әлеміне танымал болуы зерттеу ізденістерінің нәтижелерін халықаралық форумдар мен

ғылыми конференцияларда баяндап, әлемге белгілі түркологтардың оң бағасын алуында деп бағамдауға болатын сияқты. Түркия, Германия, Болгария, АҚШ, Қытай, Моңғолия, т.б. елдерде өткен халықаралық ғылыми жиындар қорытындысы бойынша жарық көрген жинақтарға қарап, осылай ой түюге болады.

Шора Шамғалиұлының ғылымды ұйымдастырушылық қырын да ерекше атап өткен жөн. Өйткені оның Тіл білімі институты басшыларының бірі ретінде алыс-жақын шетелдерде өткен ғылыми іс-шараларды ұйымдастыру ісіне де белсенді араласқанын тілші-ғалымдар жақсы біледі. Әсіресе Бүкілодақтық аймақтық диалектологиялық конференция (1973 ж.), Бүкілодақтық түркология конференциясын (1976 ж.) өткізудегі ұйымдастырушылық қызметі үшін Кеңестер одағы Ғылым академиясының Құрмет грамотасымен марапатталуы ғалым еңбегіне көрсетілген құрмет деп бағалауға әбден болады.

Академиктің басты еңбектерін атағанда, айтпай кетуге болмайтын, әрбір тіл білімі ғылымымен шұғылданған тілшіге шамшырықтай болатын «Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші» кітабы. Осы еңбектің алты томын жариялау барысында, бір ғасырға жуық мерзімде жарық көрген том-томдаған кітаптарды шаң басқан мұрағаттардан аршып, мерзімді баспасөздерде жарияланған мақалаларды, монографиялық еңбектерді екшеп, оларды картотекаға түсіріп (қазіргідей компьютер болса сөз баска), жүйелеп, кітап етіп бастырып, көпшілікке ұсынуын бұрынсоңды қазақ тіл білімі тарихында кездесе бермейтін ерлік ретінде таныған Ө.Айтбайұлы осы «Көрсеткіштер» арқылы барша қауым тіл білімінің тарихын біліп, осы салада еңбек еткен, еңбектеніп жүрген тілші ғұламалардың ой-пікірімен толық танысуға мүмкіншілік алып, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлы, Т.Шонанұлы, Н.Төреқұлұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Дулатұлы, Қ.Кемелгерұлы, О.Жандосұлы, Ғ.Тоғжанұлы, т.б. 1920–1930 жылдардағы маңдайалды қазақ зиялыларының еңбектерімен кейінгі ұрпақ алғаш осы көрсеткіштер арқылы табысқанын, ерекше бағалағанын баса айтқанымыз абзал.

Түрколог-ғалым Ш.Сарыбаевтың халықаралық терминдерді қолдану, бұқаралық ақпарат құралдары тіліндегі жаңа қолданыстар, аудармалар, жаңа атаулар туралы және баспасөз тіліне қатысты зерттеулері профессор Қалбиқе Есенованың мақаласында кеңінен тарқатылған.

Академик Шора Сарыбаевтың есімі елімізде ғана емес, күллі түркі әлемінде әйгілі болуын сөз еткен ҚР ҰҒА академиктері, көрнекті тілші-ғалымдар Ө.Қайдар мен Ө.Айтбайұлы: «Оның басты себептері, біріншіден, ғалымның жеке басына тән қасиеттеріне — ғылымға деген адалдығына, жауапкершілігіне, принципшілдігіне, еңбексүйгіштігіне байланысты болса, екіншіден, зерттеу жұмыстарының жан-жақты жүргізілуіне, ауқымдылығы мен ғылыми-практикалық тиімділігіне, актуалдылығына байланысты деп қараған жөн», — дейді.

Жалпы, түркологияда түрэн салған ғалым, академик Шора Сарыбаевтың қазақ тілі білімі атты іргелі ғылымды ілгері дамытып, оны түркі дүниесіне танытуға қосқан үлесін әлі де зерделей түсу — келешектің ісі.

Өскеменнің қақ төрінде, Алтайдың асқақ рухын арқалаған өнер ордасы бар. Ол – Шығыс Қазақстан облыстық драма және оперетта театры. Бұл театрды өзгелерден даралайтын басты ерекшелік – оның құрамындағы төрт труппа: қазақ, орыс, жас көрермен және оперетта.

Әрқайсысының өз тарихы, өз мінезі, өз өрнегі бар. Бірақ бәрін тоғыстыратын ортақ құндылық – өнерге адалдық пен көрерменге деген шынайы махаббат. Жарты ғасырға жуық уақыт ішінде бұл театр сахна шырағын өшірмей, қазақ пен орыс өнерін қатар өрбітіп, қос қанаттай дамытып келеді.

Қазақ театры – руханияттың шамшырағы

Шығыс Қазақстан облыстық драма және оперетта театрының қазақ труппасы – ширек ғасырға жуық тарихында талай биікті бағындырған шығармашылық ұжым. 2000 жылы алғаш шымылдығын «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» спектаклімен ашқан бұл труппа бүгінде тек өңіріміздің ғана емес, тұтас қазақ театр өнерінің мерейін үстем етіп келеді. Осы жолда қазақ сахнасына жанын арнаған талай тұлға еңбек етті. Солардың бірі – талантты режиссер, Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының иегері Рүстем Есдәулет

Рүстем Есдәулет қазақ театрының кәсіби деңгейде қалыптасып, жаңа тыныс алуына зор үлес қосты. Оның сахналаған қойылымдары терең ойы, ұлттық бояуы мен заманауи ізденісі арқылы көрермен жүрегінен орын тапты.

Сонымен қатар оның есімі халықаралық фестивальдердегі жетістіктермен де тығыз байланысты. Қазақ театры қатысқан әрбір өнер додасында Рүстем Есдәулеттің режиссерлік қолтаңбасы, ізденісі мен шеберлігі сезіліп тұрды. Ол сахнадағы әрбір детальға мән беріп, актерлердің мүмкіндігін ашып, шығарманың идеялық өзегін айқын көрсете білді.

Өкінішке қарай, бүгін ол арамызда жоқ. Дегенмен, Рүстем Есдәулеттің қазақ театры үшін сіңірген еңбегі ешқашан ұмытылмайды. Оның шығармашылық жолы – Шығыс Қазақстандағы қазақ труппасының тарихымен бітеқайнасақан алтын парақ. Келешек ұрпақ оның еңбегін қадірлеп, есімін әрдайым құрметпен еске алары анық.

Қазақ труппасы ширек ғасырдан астам уақыт бойы сахна мәдениетінің

ӨНЕРДІҢ ТӨРТ ТАҒАНЫ – ШЫҒЫСТЫҢ РУХАНИ ОРДАСЫ



санлағы болып келеді. Әр қойылымы арқылы ұлттық руханиятқа өлшеусіз үлес қосып отырған ұжым соңғы жылдары халықаралық сахналарда да үлкен табысқа жетті.

• 2025 жылдың мамыр айында Қырғызстанның астанасы Бішкек қаласында гастрольдік сапар барысында Шыңғыс Айтматовтың «Шыңарым менің, шырайлым менің» лирикалық драмасы (реж. Асыл Қозықанов) және Женишгүл Өзүбекованың «Толғақ» драмасы (реж. Рүстем Есдәулет) сахналанып, қырғыз көрерменінің ыстық ықыласына бөленді.

• 2025 жылдың қыркүйегінде Жетісу облысы, Талдықорған қаласында өткен «BIKEN FEST» III халықаралық театр фестивалінде Оралхан Бөкейдің «Қар қызы» драмасы (реж. Дина Жұмабай) «Үздік сценография» номинациясын жеңіп алды.

• 2025 жылдың қазанында Түркістан облысы, Жетісай қаласында өтетін Құрманбек Жандарбековтың 120 жылдық мерейтойына арналған I республикалық театр фестивалінде өнер көрсетуге жолдама алды.

Жас көрермен театры – шабытты ізденіс сахнасы

Театрдың нағыз өркендеу кезеңі

2015 жылмен байланысты. Сол жылы сәуір айында Өскеменде заманауи үлгіде салынған жаңа театр ғимараты Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің қатысуымен салтанатты түрде ашылды. Бұған дейін қазақ және орыс труппалары ескі ғимаратта өнер көрсетіп келген еді. Жаңа шаңырақ жаңа серпін әкелді. Сол жылдың қарашасында осы сахнада Жас көрермен театры құрылып, өз маусымын К.Людвигтің «Жұлдызды сәт» комедиясымен ашты.

Жаңа ғимаратпен бірге дүниеге келген Жас көрермен театры он жыл ішінде талай белесті бағындырды.

• Алғашқы қадамынан бастап-ақ халықаралық деңгейге шыққан жастар труппасы Оңтүстік Кореяның Каннин қаласында өткен XIV халықаралық жастар фестивалінде «Алтай түркі әлемінің бесігі – бөрілер» және «Жүрек қағысы» музыкалық-пластикалық қойылымдарымен жоғары баға алды.

• 2025 жылы Грузия, Озургети қаласында өткен халықаралық Нодар Думбадзе атындағы театр фестивалінде Н. Думбадзениң «Ит» драмасымен «Үздік интерпретация» номинациясын жеңіп алды.

• 2025 жылы Алматыдағы жас режиссерлер театр фестивалінде А. Дәулетұлы «Үздік режиссер» атанды.

• 2025 жылы Ақтөбеде өткен «BALAUSA» экспериментальды театр фестивалінде «Чехов. Толстой. Абай. Шие. Война и мир» трагикомедиясы «Ең үздік қойылым» деп танылды.

Орыс труппасы – дәстүр мен тереңдік

Облыс орталығында алғаш құрылған труппа – орыс драма театры. Оның тарихы ғасырлар қойнауына кетпесе де, талай буынның өнерге қадам басқан мектебі болды. Классикалық орыс драматургиясын сахналап қана қоймай, әлемдік әдебиеттің жауһарларын да көрерменге ұсынып келеді. Орыс труппасы – сахналық мәдениеттің тұрақтылығы мен көркемдік дәстүрдің жалғасы.

Оперетта – сахнадағы сазды әлем

Театрдың ерекше бояуын толықтыратын оперетта труппасы. Музыка мен драма тоғысқан бұл өнер көрерменді шаттық пен сазды әуенге бөлейді. Ән мен би, күлкі мен драма астасқан қойылымдар театрдың көркемдік палитрасын байыта түсуде.

Оперетта труппасы ресми түрде ашылғанына небәрі бір жыл ғана болса да, кәсіби деңгейде жұмыс істеп келеді. Өзіндік оркестрі, балеті, хоры мен солистері бар шығармашылық ұжым сахнаға жаңа серпін әкелді. Әр қойылымда музыка мен драмалық әрекет тоғысып, көрерменге әсерлі әрі есте қаларлық сәттер сыйлайды.

Бұл – театрдың болашағына үлкен үмітпен қарауға себеп болатын, тың жанрлық бағыттағы қанаттарының бірі.

Бір шаңырақ – төрт қанат

Төрт труппа – төрт түрлі мінез. Бірақ бәрін тоғыстырған бір арна бар. Ол – өнерге деген адалдық, сахнаға деген сүйіспеншілік. Қазақы болмысты танытқан қазақ труппасы, жас толқынның жалын-шабыты, дәстүрлі орыс драмасының тереңдігі мен опереттаның сазды әлемі – барлығы қосылып, ШҚО драма және оперетта театрын нағыз мәдени айнаға айналдырып отыр.

Бұл орда тек спектакльдер сахналайтын мекеме емес, ол – халықтың жүрек үні, рухани тәлімнің мектебі, болашаққа сенімнің шамшырағы.

Еркежан АЙТҚАЗЫҚЫЗЫ,
ШҚО драма және оперетта театрының баспасөз хатшысы

Абдуллиндер атындағы өнер колледжі

1955 жылы, соғыстан кейінгі ауыр жылдары құрылған оқу ордасы қазір тәуелсіз елімізде өз жұмысын сәтті жалғастырып келе жатқан оқу орындарының бірі. Өнер ордасы 70 жылдың ішінде он мыңнан астам шәкірт тәрбиелеп, ұшырған екен. Колледж шәкірттері тек қана қалалық, облыстық деңгейде ғана емес, республикалық, халықаралық додаларда да топ жарып жүр.

Бүгін өз өнерлерін ортаға салған Шалқар Рысханов жетекшілік жасайтын «Жігер» ансамблі үлкен фестивальдерге қатысып, колледждің ғана емес, облыстың, қала берді барша қазақтың абыройын аспанға көтеріп жүр.

Өнер ордасы кәсіби мамандарды даярлаумен қатар, түрлі концерттер, семинарлар, көрмелер өткізуді дәстүрге ай-



налдырған. Уақыт талабына сай жаңарып, 2002 жылы оқу орнына Қазақстанның мақтанышына айналған, туған жерінен түлеп ұшқан Ришат пен Мүсілім Абдуллиндердің есімі берілді.

Мерейтойға орай өткізілген мәдени шаралардың бірі – «Танцы времен» атты классикалық музыка концерті болды. Оған колледждің 2023 жылғы түлектері, бүгінде Германиядағы Вестфаль университетінің Жоғары музыка мектебінде білім алып жүрген Жанель Ағзамова мен Шынар

Мұрат қатысты.

«Музыка саласында шетелде оқу – үлкен жауапкершілік. Біз бұл кешті альма-матерімізге деген алғысымыз ретінде арнадық. Бұл – біздің 70 жылдық мерейтойымызға жасаған сыйлығымыз», – деді Жанель Ағзамова. Концерттік бағдарлама Франц Шуберттің нәзік әуендерінен бастап, Бахтың полифониялық шығармаларына, Григтің ұлттық билеріне, Дворжактың «Славян биіне», Брамстың венгер әуендеріне, Рахманинов пен Чайковскийдің жауһар туындыларына дейін жалғасты.

Қазан айының басында колледж 70 жылдығын атап өтпек. Колледж түлектері тек Қазақстанда ғана емес, шетелде де табысты еңбек етіп жүр. Бұл – оқу орнының білім сапасының жоғары екендігінің дәлелі. Мемлекет басшысы өз Жолдауында мәдениет пен өнерге ерекше мән

берді. Оқу орны осы бағыттағы жұмысты одан әрі жалғастыра беретін болады. Айта кетейік, колледж мерейтойы аясында жыл бойы түрлі мәдени және шығармашылық жобалар жүзеге асырылмақ.

Халық артистері ағайынды Абдуллиндер атындағы Шығыс Қазақстан өнер училищесі Шығыс Қазақстан өнер колледжі мен Дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған музыка мектебінің бірігуі нәтижесінде құрылды. Оқу орны мәдениет, музыка және өнер салаларында техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлауды жүзеге асырады. Сонымен қатар балалар музыка мектептерінің бағдарламалары бойынша қосымша білім беру қызметтерін ұсынады.

Өзірлеген Арнұр ТОЛЫБАЙ

Қазақ жерінің шығысындағы жазық дала мен жазира жоталардың күншығысы мен теріскейін үлкен тағадай иіле түсіп қоршай жантайған Қарт Алтай таулары мен дегелең жоталары мыңдаған шақырымға созылған. Осы таулардың иықтасып келіп Қиыр шығыс жеріндегі Саян мен Верхоянға жетіп жығылатын ақ басты, сүйір ұшты найзадай көкке шаншылған шыңдары мен құзар-құзар шыңыраулары осы өңірдің үстімен өтетін қара суық ызғарлы желі мен дауылды ақ түтек боранына ғана тосқауыл емес-ті. Бұл таулар көшкен елге де, азаттығынан айырғысы келген қалың басқыншы жаудың қалың қолына да асу бермес қамал болған еді. Қазақтың ұлы даласы сонау сақ-ғұн дәуіріндегі Еділ қаған заманынан бері қарай санасақ Шыңғыс хан, барлас руынан шыққан Тарағай бидің баласы атақты жиһангер Ақсақ Темір, Тоқтамыс хан, Ақ Орда, Алтын Орда шайқастары мен қазіргі қазақ-қалмақ соғыстарының күәсі болған жерлер.

Бұл жолғы шайқас та соның бірі еді. Алдағы болатын кезеңдерде, тарих дөңгелегі айналған сайын қазақ жұртының өмірге келер болашақ ұрпағының алдында әліде қаншама қан-төгістер күтіп тұрғанын ешкімде болмай алған жоқ.

Таң қараңғысының көбесі сөгіліп, пердесі түріле Шар өзенінің теріскейі тұсындағы ұзыны мен көлденені ат шаптырым жазық адырдағы қазақ-қалмақ шайқасының жеңіспен аяқталғанын тойлаған орта жүздің аламандары шейіт болғандарын жер қойнына тапсырып жорық шатырларында тағы біраз аялдады. Дәл сол жылы болатын қазақ қосындарының жорық жолы Баянтау, Қарқаралы бағытында басталғанымен, бас-аяғы екі-үш айдың ішінде Қалбатаудың жазық адырлы алқабы Шар маңына келіп бір-ақ түмсық тірегені. Бұл кезде Жоңғар түмендері де бар күшін жұмсап, табан тіресе соғысуға жанталаса дайындалу үстінде еді. Көп ұзамай-ақ Балқаштың айналасын иемденіп жатқан «Анырақай ханның бес мыңға жуық қолы осы жерге келіп, ошарылды» деген қазақ әскерінің жортуыл шолғыншы жасақтары хабар әкелді. Сол жылы көпті көрген сұңғыла адамдардың айтқаны да келді. Қарт Алтайдың қысы май тонбайтындай жылы, қар барысының таутаны қар үстіне балалап мәулендерін аяқтандыратындай жұмсақ болады деген-ді. Байқампаз қарттардың жыл басталмай тұрып айтқаны келіп, баһар айының басында сіресе кіреуекеленіп жатқан қар астына қызыл су жүгіріп, аптаға жуық жыртық көрпедей әр жерінен тесік қалдыра елеусіз ғана ери, барлық нышандарын білдіре көктем туғанын көрсеткен еді. Қазақ жерінің шығысына бет алған жорықтың жолы болатынының хабаршысындай биылғы жылы көктем ерте шықты.

Иә, дәл сол жылы болатын қалмақтың ұлыс бектері мен хандарының бастары қазақ жерінде мәңгілікке қалғаны. Осы жылдарға дейін қара ағаштай қалың найман жасақтарының сондарында шұбатыла асу бермес таулар, сағым қуған ескі сүрлеу жолдар қалды. Өткен жылғы соғыста орта жүздің аламан-дары қазақ жерінің күнгейіндегі Баркытбелді бөктерлеп былайғы тұсы ағысы қатты Қатынсудан өтіп, бір күншілік жердегі Ақшоқыдан ары асқанда Қарауңгір дейтін өзенге жетіп тоқтаса, түстігі Еміл, Алакөлдің арғы жағымен иықтасып жатқан Тоқта тауына дейін барған еді.

Алайда бұл қоныстарда қазақ жұртының бір дуан елі сиятындай мекендерде қырық тарам керуен жолдарын бауырына басып сыңсыған қалмақтар иелік етіп жатқанды. Қалмақ болғанда да осы уақытқа дейін жеңілістің дәмін татпаған төрт ойраттың бірі жанкешті дүрбіттер болатын. Олар алғашқы жоңғар аттанысы кезінде-ақ осы қоныстарға иелік етіп, сіресе бағтасып жатып алғандарына да міне, ұзын ырғағы қырық жылдай уақыт өтіпті. Олардың бұл шұрайлы өлкелерді

оңайшылықпен қолдан бермесі алғашқы айқастарда бірден көрінді. Қалың дүрбіттер өздері мекен еткен қоныстарының ішіндегі ең киелі санайтындары Ұрыжар маңы еді. Осы уақытқа дейін қазақ батырларының жоңғар-қалмақтарымен қидаласып өткізген ұрыс жорықтарында түсінгені олар өздерінің күре салып ғибадатхана тұрғызып жерлерін жандарын сала қорғайтын әдеттері. Ұрыжар өзенінің теріскейіндегі салынған күре — ғибадатхана алаңына жиналған бір топ кешіл, келен, кеңкүлері қолдарындағы алтын бұрхан мүсіндерімен киіз кітаптарын көтере будаға жалбарынып жорыққа аттанған қалмақ қосындарының тілеуін тілеп, етектері жер сызыған қызыл шекпендері желбірей шығарып салды. Көп ұзамай-ақ Ұрыжар өзенінің құбыласындағы жазық алаңқайда түзем құрып, данғара-дабылдарын ұрып қазақ аламан-дарын ұрыстың алғашқы күні де басталып кеткен еді. Сол шайқаста дүрбіт тайпасына қарасты бектері мен зайсандарының ұлдары кезекпен-кезек жекпе-жекке өздері тіленіп шығып жатты. Алғашқы шайқас Қолқа Зайсанның үлкен ұлы Серенжаппен мыңбасы Шыңқожа батыр арасында болып, қалмақ батыры шапшаң қимылды Шыңқожаның тақымында кетті.

Иә, осы оқиғадан бері жылдан аса уақыт өтіпті-ау. Шығысқа ат басын бұрған аттаныстың бас қолбасы Қабанбай өзінің жіберген жаушыларының мәліметіне сай қазақ қосындарын үш бағытқа бұрды. Бөгенбай батыр бастаған қалың қол қақ маңдайдағы ортада олар Қарғабаның Зайсанға құяр айлағына табан тіреді. Керей Жәнібек батырдың оң қанат сарбаздары Баркытбелді теріскейіндегі жоңғарлардың күшті қарсылығына ұшырап, аса тез алға жылжи алмай бөгеліңкіреп қалды. Ал көкжал Барак бастаған сол қанат жасағы Қалбаның қалың бұйратын жаудан арылтып, Ертісті өрлей жылжу керек болатын. Енді, міне қазақ қолы Шар өзенінің түбінде түзем құрып тұр. Сонау жылдардан бері, тіпті шежіреші жыраулардың ұзақ жырларында жиі айтылатын Қалба өңірінің терістігі мен түстігі, күншығысы мен құбыласын қазақ хандығынан бері найманның матай жұрты қоныс еткен деседі. Түстігі сонау Аяғөз, Балқаш жерлерін бауырына басқан төрт төлегетайдың бірі садыр жұртымен иықтасып жатыр. Терістігі мен шығысы шапшыма тік шындарын айға білеген Бұқтырма мен Ертіс бойындағы Қарт Алтайдың қойны-қонышын жайлаған жеті көкжарлы ұрпағымен бастары төсекте, малдары төскейде бірігіп жатқан он екі абақ керейдің ата-қонысымен шектескен. Алты арысты орта жүздің найман, керей қолы Қалбатаудың теріскейі баурайына жақын түмен басы Көкжарлы көкжал Барактың кіндік қаны тамған жерден бір күншілік жерде. Шығысқа қарай аттанған осы қолды Абылай ханның жарлығымен найман, керей жұртына тапсырған болатын. Ата қоныс қара орман туған жерлеріне бет алған шайқаста қайрат көрсетіп, көзге түсіп қалуға әркімнің де бар таласы, батырлардың бәрі-ақ ынталы болатын. Тіпті жүзбасы батырлардың өзін былай қойғанда мыңбасылар ақнайман Жаман, бура Ақпантай, сарыжомарт Танах батырлардың арасында да қылан берген бәсеке де жоқ емес-ті. Туған жердің шетіне түяк іліндіре ентелеп көңілдері алап-ұшып жүрген сол батырлар түмен басының алдына келіп, рұқсат сұрады...

Көкжал Барактың үнемі қасынан табылатын қандыкөйлек замандас-құрдастары мен інілерінің қайсысына кезек берерін білмей сәл ойланып қалды. Ойланып қалды да лезде: — Сап-сап батырлар, қалмақ жағының бет-алысын байқайық. Қарсы жақтан кім шығар екен. Егер жоңғар қолы жекпе-жекке жүзбасы батырларының бірін шығарса, біздің жақтан да соған орай теңдесіне бата беруіміз керек қой — деп, өзінің зор даусымен гүр ете қалды. Кешегі шолғыншылардың айтқандарына қарағанда жоңғарлар бас құрап өткен жылғы жеңілістің ессесін қайтармақ ниетте екен.

Қалба таудың теріскейі тұсындағы томарлы кепешін қыңырайта жантайған шоқыларының жұтқыншағынан бастау алып, еніске қарай жарыса құлдилаған Қарасу мен Шар өзенінің екі аралығындағы аңғарлы жазықта екі жақтан жиналған бір түмен қол тұр. Жау қарасы онша көп емес сияқты. Ұзаса үш-төрт мыңның айналаласында. Бұл жолғы майдан алаңы мүлде басқа бағытқа бұрылып бара жатты. Жоңғардың ойлағаны қазақ аламан-дарының екпінін түбегейлі тоқтатып оларды кейін серпіп

тастау емес секілді. Ұйыса жиналған әскердің соңында асыға жиналып жүктерін артып көшуге дайындалып жатқан қалмақ күрлендері байқалады. Абыр-сабыр атандарға жүк артып тоғанақтарын толтырып жатқан елді аман-есен жоңғар жұрты жиі қоныстанған тұсқа асырып жіберу болса керек. Өздерінше түзем құрып, қазақ-қалмақ соғыстарының барлық үрдісін сақтағандай кейіп танытқанымен біраз уақытқа дейін ортаға жекпе-жекке ешкімді шығармай найкалып жүрді де қойды.

БАРАҚ ӨТКЕЛІ

Қазақ қосындарының оларды қозы көшпіндей жерге келіп күтіп тұрғандарына біраз уақыт өткен. Енді болмаса қалмақ шебіне атой сала лап қойғалы тұрған мезетте қарсы жақтан астында құйрық жалы төгілген жирен қасқа аты бар бір дәу қалмақ әскерінің жүзбасы суырылып шыға берді. Астындағы аты мен үстіне қабаттап киген сауыт сайманына қарағанда жай ғана жүзбасы емес, қалмақтың көп зайсандарының бірі қордалы байдың тегінен екенін әйгілегендей. Сауытының сыртынан жамылған желбегейі де қытайдың қаракөк түсті ламбегінен оюлап тігілгені көрініп тұр.

Қалмақтар жағы «жекпе-жек» десіп шуласып кетті. Қазақ қосындарының ішінде жекпе-жекте ысылған жүзбасы батырлар аз емес еді. Қалың қаракерей ішіндегі Дәулетбай, тоқпақ Қасабай батырлар осы жолғы кезек менікі дегендей дайын тұрған. Бірақ түмен басы Көкжарлы көк жал Барак бұл жолғы сайысты өзінің бауырларынан бастамақшы ниетте болып, айналасына көз салды. Осы кезде астындағы қаракөк айғырын ойната бастырып түмен басыға такай берген бір жас батырға көзі түсті. Барак оны бірден тани кетті. Жеті көкжарлының үлкені «көкжарлының қайраусыз қара қылышы» атанған Қаратай батырдың үлкен ұлы Бескенің тұңғышы Дәулеттің немересі заманында «құратайдың қос бөрісі» деген атпен құба қалмақты шулатқан жүзбасы Есбол батыр еді. Бүгінде Есболдың туған ағасы Байберді батыр жеті көкжарлы жұртында Барактан кейін аты аталып мыңбасы дәрежесіне көтерілген. Қазірде Байберді батыр сапта тұрған түземнің маңдай тұсындағы өзінің мындығының алдында жер тарпып, ауыздығымен алысып тұрған ала аяқ, қаракөк тұлпарының үстінде байыз таппай тұр. Астындағы қаракөк айғырының басын тарта ыркына жібермей түмен басына такай бере Есбол:

— Қалмақ батыры дүрбіттен шыққан бір қаракөк болуы керек. Өзі дәл маған арнап жіберілген секілді, жас мөлшері де менімен тұстас көрінеді, алғашқы сайысқа маған батаңызды беріңіз! — деді атынан қарғып түсіп, бір тізерлеген күйі екі алақанын жайып.

— Жолың болсын, «көкжарлының қайраусыз қара қылышы» атанған Қаратайдың ұрпағы емессің бе! Жауыңды жайратып абыройыңды асқақтата ата даңқын жалғастырып қайт! — деген оған ықылас білдіре.

Барак батырдың сөзі аузынан шығуы мұң екен, сол мезетте-ақ Есбол бұдан ары бөгелместен сарт етіп қаракөк айғырына қарғып мініп қалмақ қосынына қарай айқас алаңына құйындата жөнелді. Ежелден келе жатқан салт, дағды бойынша екі жақта бір-бірінен жөн сұрасып алатын-ды. Бірақ бұл жолы бәрі де басқаша өріс алды. Есболдың қаракөк аты айқас алаңының орта тұсына жетер-жетпестен қарсы жақтан жирен қасқа атқа мінген қалмақ батыры жұлдыздай ақты. Екі жақтың батырлары найза сілтейтін қашықтыққа жеткен мезетте-ақ бір-біріне кезек күттірместен қаруларына бар күштерін сала ұмтылысты. Алғашында-ақ шақыр-шұқыр етіп найзалары қолдарындағы қалқандарына қатты екпінмен тиіп сыртқа тайқып кетті. Әзірше бір-екіден найза сілтесіп өтті. Біздің ұшындай үшкір найзаның шарқылдаған үнімен қашырылған қалқанның дыбысынан басқа ештеңе естілер емес. Қалмақ батырының астындағы жирен қасқа ілкімді ұшқыр жылқы екен. Ат екпінмен Есболдың қасынан сағымдай зулап өте шығып, алысқа ұзамай таяқ тастам жерде шұғыл кілт бұрылып, қарсы шауып найзасын оңды-солды сілтеп жүр. Қанша шапшаң қимыл танытқанымен Есбол қалмақ батырының найзасынан зорға қорғанып

қалқанын екі қолына кезек алмастырып, өзіне оңтайлы сәтті күтті. Екі жақ та түзем алдындағы шағын алаңқайда айқасып жүрген қос батырдан көздерін алар емес. Айқас созылған сайын түмен басының көңіліне күдік ұялай бастады. Біраз уақыт өте қаратай батырының қимылы ширай түскендей болды. Қалмақ батырының астындағы ұшқыр жирен қасқа аты болдыра бастағанын сездіргендей сауырынан тер тамшылары саулай ат ағынымен Есбол батырдың жанына өтіп бара жатып тағы

бір рет найза сілттеп үлгерді. Оның сілтеген найзасының екпіннің қаты болғаны сондай, батыр найзасының ұшымен қағып үлгергенде екеуінің де қаруы анадайға ұшып барып жерге қадалған күйі сабы теңселе ырғақтап біраз тұрып қалды. Дәл осы кезде жирен қасқаның басын бұра сала қынабынан қылышын суыра қалмақ батыры Есболға өшіге ұмтылды. Талай ұрысты басынан өткерген Есбол өзіне қарай ағызып келе жатқан жауының екі арасындағы ара қашықтықты тез шолып өтті. Шолып өтті де өзіне қарай жүйткіп келе жатқан қалмақтың қолындағы қылышының жетер-жетпес тұсына келді-ау дегенде қаракөк айғырды шұғыл бұрды. Қылыш сілтер аралыққа жеткізбей өзінің дағдылы әдетімен андыздай жүйткіп келе жатқан ұшқыр аттың қарсы алдына ағын суға көлденең кездескен алып қара тастай талыстай талтайып тұра қалды. Қарсы алдында тұрған қара айғырдың айбарынан сескеніп, жирен қасқа жалт бұрылды. Жалт бұрыла бергенде бір қолында қылышын, екінші қолында қалқанын жүйрігін тақымымен икемдеп келе жатқан қалмақ батыры ерден түсіп қала жаздап еңкейе бере ат жалынан шап берді. Оның оң қолына қыса ұстаған қылышы жерге суси түсе берді. Дәл осы сәтте қаракөк айғырдың үстінде отырған Есбол батыр ат жалына жабыса еңкейген қалмақтың қара құсын көздеп бағанадан бері қыса басқан тақымындағы басының үлкендігі шауғімдей Алтайдың шынар қызыл қарағайынан жасалған шокпарын екі аяқты үзегіне тірей сілтеп қалды. Жойқын күшпен сілтенген қарағай шокпар өз дегенін істеді. Қолының құрышы қанғаны сонша, болат дулығаға тиген қарағай шокпардың дыбысы Есболдың құлағына ызындай жетті. Сол ызыннан болат дулыға қабысып қалған еді сияқтанды. Оның аттан аунап құлап бара жатқанын іштей сезіне артына бұрылып қарады. Қалмақ батыры ерге түзеліп отыруға шамасы келмей аттың жалынан ұстаған күйі жирен қасқаның бауырына қарай сырғи берген екен. Есбол сол күйі артына қарамастан, ағындап өтіп кетіп барып, қайта бұрылды. Қаракөк айғырдың басын бұрып қарағанда Шар өзенінің құбыла жазығындағы ат тұяғымен илектеле таптатып майда ұлаға айналып кеткен топырақтың шаңын бұрқ еткізе құлаған жоңғар батырын байқады. Іле-шала дәл қасынан ойнақтап иесіз бос тізгінін сүйретіп шыға берген жирен қасқаның шылбырын іліп алып, Есбол өз қосынына қарай асығыс тебіне ызғыта жөнелді. Оның қалқан ұстаған оң жақ қапталы аман болғанымен найзаның ұшы қадалған сол жақ иығы мен қара саны жаралы еді. Торғай көз бадана сауытының әр жерінен шылпылдап шыққан қан іздері байқалады. Тегі қалмақ батыры да осал жау емес көрінеді. Есболдың ұлы денесіне найзасын дарыта алмай сауытының сыртынан тілгілеп шабақтай берген тәрізді. Бірақ жеңістің буына қызып алған Есбол жарасын елейтін түрі жоқ. Түмен басының алдына келіп аксия күліп:

— Барак батыр, батаныз қабыл болып ата даңқын асқақтатып оралдым, — деді өзінің де қатты жараланғанынан ақталғандай кейіп танытып. Түмен басы Есболдың үсті-басы қан басқан түрін көріп дереу арттағы бақауыл тобына жөнелтті де қарсы жақтан жекпе-жекке шығам деген белгі болмаған соң, жедел дабыл қақтырып жаппай ұрысқа белгі берді.

Көп ұзамай-ақ, айнала айғай-сүренге ұласып, соны қаптама соғысқа жалғасып кете барды. Бағанадан істің осылай кері бұрылатынын күтіп тұрғандай дүрбіттер де атының басын шығысқа қарай бұрып жосылып берді.

Арада екі-үш күн өте қалмақ зайсанымен болған жекпе-жекте қатты жараланған Есбол



жүзбасы келместің атын жетектеп мәңгіліктер мекеніне мәңгілікке аттанып кете барды. Қанды қасапта өлгендерді жер қойнына тапсырып, жеңістің тойын тойлап, бір түмен қол Шар бойында біраз аялдап қазақ қолы шығысты бетке алды. Қалың қосын сонында каза болғандардың зираты менмұдалап көз ұшында қалып бара жатты.

Иә, жеті көкжарлының қаратай бұтағынан тараған құртайдың қос бөрісінің бірі жүзбасы Есбол батырдың қырық серкінің майы мен жылқының қылы қосылып өрілген мазары әлі күнге дейін Көкжарлының қаратай ұрпағының көкжал батырының бүгінгі ұрпаққа қалдырған мұрасындай Шар өзенінің құбыласындағы ескі қорымдардың ішіндегі ерекше еңселі биік қалпында менмұдалап тұр.

Алда Бұқтырма өзенінің Ертіске құяр айлағының түстігінен Құзғындының теріскей тұсынан бастау алып, Сарымоинақ өткеліндегі жазықта қазақ қосындарын үлкен айқас күтіп тұрды. Бір түмен қолды шығысқа қарай бастап бара жатқан Барак батырдың көзі жеткені жалпы екі ғасырға жуық «ұлы жоңғар хандығы» деген атпен қазақ даласын дүбірге толтырған қалың ойрат әулетінің күні батуға айналғаны.

Алға озынқырап кеткен бура Ақпантай батырдың мыңдығы жеті иректі Ертіс өзенінің бойындағы Қалбатаудың шығысқа қарай жантая сұлаған жоталарының кезеншесіне таяу тұсынан өтетін аңғарына жеткенде, қалың қалмақпен қоян-қолтық ұстаса кетті. Олар осылайша бір-бірінен ажыраса алмай сіресіп тұрғанда, қатын бесін мезгілінде түмен басы Барактың негізгі қолы келіп ошарылды. Салған жерден қаптама ұрыспен шабуылдайын десе қалмақтар тұрған Ертістің жағасы қалың ағаш болғанымен бергі қазақ қолы келіп тірелген қапталы ағаш пен бұта-қарағаннан түлдір жетім тырдай жалаңаш. Тағы бір ойы өзеннің жайылмалау таяз тұсынан өте шығайын десе, қалың ағаш ішіне жасырынған мергендер шиті мылтықтарымен садақтан оқ жаудырып қия бастырмайды. Ертістің арғы жағасындағы биік тұрғылар мен онтайлы тұстарының барлығына жоңғар жасақтары бекініп алыпты. Барак жауға қарсы осы уақытқа дейін ешбір айла-тәсіл ойластырмай тұрған Ақпантай батырға ренжи:

— Қаншама уақытты босқа өткізіп, қалың қалмаққа қарсы қарап тұра бергенше бір амалын таппадыңдар ма?!

— Қалмақтар бізді дәл осы жерде күтіп алуға дайындалғаны белгілі. Өзеннің арғы жағында әдейі құрылған тұзақ та болуы мүмкін. Бір жағынан өздеріңді күттік, келісіп пішілген тон келте болмайды ескергенім ғой, — деп Ақпантай батыр бір сәт үнсіз отырды да лезде серпіліп түмен басының бетіне күле қарады, — жарайды олай болса бәріміз бірігіп бір амалын іздейік. Барлық мыңбасы, жүз басы батырлары менің жорық шатырыма

жиналсын, — деді де өзі атының басын шұғыл бұрып жүріп кетті.

Бір шай қайнатым уақыт өте Барактың алты қанат жорық шатыры икемделіп, абылайша жаппа ретінде құрылып болды. Қосын сонын ала келген мыңбасы, жүзбасы батырлар да жиналып болып қалды.

Түмен басы көкжарлы Көкжал Барак кендеу етіп тігілген жорық шатырының қақ төрінде қабылан терісінің қалың ойдын үстінде отыр.

Балдырған(4-5) жасынан туған әкесінен айырылып, әкесінің ағасы Шонаның тәрбиесін алды. Сығыр жасына (14-15) жетер-жетпестен балаң қолына найза алып, кісесіне алмас қылыш байлаған екен. Ес біліп бозбала(16-17) жасына жеткеннен бері көк сүңгі мен қайқы қылышты жанына сері етті. Содан бері еліне, жеріне тиген жауды қоғадай жапырып жамсатып келеді.

Көкжал Барак ауыр күрсінді.

Шатырға таяу жуан терек түбінде байлаулы, еті қара қайыстай қатып сіңірленіп алған ала аяқ ақжал аты ішін тартты. Осы мезетте алыстан тым алыстан құлағына Шеген жыраудың домбырасының қоңыр үні жеткендей болды. Оны домбыра тартысынан бірден-ақ кім екенін танығандай. Екінді мезетіндегі тымқай ауамен оның дауысы үдей түскендей болады. Әлде алдағы болар ұлы шайқасқа дем бергендей шайырдың жыры айналасына алапат күш берген тәрізді, мына жарық дүние ішін тарта тына қалыпты. Шеген жырау оның дәл қасында отырып жырын ақтарғандай күйде. Жалды батыр Шеген жыраумен өткен Шыңғыстау, Шаған шайқастарында бірге болды. Қарап отырса, жарты ғасырға жуық өмірі ат үстінде болып жерін қорғаған екен. Осы өткен өмірінде әйгілі Анырақай шайқасынан бастап, Бұланты, Шыңғыстау, Шаған, алдарында болатын ұлы Шорға шайқасының сыбағасы да оны күтіп тұр. Тіпті осыған дейін болған қытай-сібе соғыстарының да басы-қасында болыпты.

Орта жүздің аламандарын басқарған сол қанат түмендерінің батырлары Барактың жорық шатырына түгелдей жиналып болып ішке кіргенде, қақ төрдегі қабылан терісінің үстінде жартастай болып батырдың өзі ғана отырған еді. Есіктен кірген батырлар түмен басының екі жақ қапталын жағалай өздерінің дәрежелеріне қарай жайғаса бастады. Батырлар түгел кіріп болған кезде, ерлігі елге аңыз болған айбарлы түмен басының сөзі ұзаққа бармады.

— Адамзат баласы ойлап таппайтын амал жоқ шығар. Бізден бұрыңғылар айтқандай у бар жерде оның заһарын қайтаратын усойқы да болуы керек қой. Кеш батып қас қарайғанша жер жағдайымен танысып шолып қайтайық. Қосынның соңы әлі келе қоймаған болуы керек, оларды дұшпанның көзіне әзірге шалдырмай, тоқтатып қойғанымыз жөн болар. Осы жерге жетіп үлгерген жасақтар бізден хабар жеткенше орындарынан тапжылмай тұратын болсын. Жорық шатырын әдейі құрғыздым. Өзеннің арғы бетіндегі жау қосындары біз осы жерде бірағыз дейін дамылдайды деген ойда болсын, — деді түмен басы. Жорық шатырындағы өзге батырлар да Барактың шешімін мақұлдап бас изесті. Түмен басының бұл болжауы дұрыс еді.

Барак сол күні екінді мезгілінде алдыңғы топтың сонын ала келген қолды жаудың көзіне түсірмей сонынан ертіп жеті иректі Ертістің бойын жағалап өткел іздеп жүріп кетті.

Ақ қабақ ай аспан төріне көтеріле өзен жағасының суының таяз тұсын іздеп қалың қосын бауыл жылжып келеді. Әзірге буырқанған Ертіс өткел берер емес. Өзеннің кейбір тұстары тіпті Мұңғұлдың Қобы құмында кезіп жүретін алып тағы түйелердің бұрасы атанған қаптағайдың өркешінен де асатындай мөлшерде, тіпті терең екен.

Таң қылаң бере Барактың қалың қолы негізгі жасақтан ат шаптырым жерге ұзап барып, таяздап қалған Шибастау өзенін кешіп өтіп Терісайықтың Ертіске құяр айлағына жете ат басын ірікті. Бір шай қайнатым уақыт өте жан-жаққа барлау тобын жіберіп алған соң өздері аттарының алапат жол аянына басты. Тарбағатай тауының құбылаға қараған жоталарынан бастау алған Терісайық өзенінің жағалай жайғасқан құз шапшыма тік шатқалдарын аралай аласара жатаған тартып дегелең төбелерге айналып, Ертіске жетіп, ұртын толтырады. Осы толтырған арнасын ұлы өзенге сарқа салатын тұсында бірін-бірі

қуа жарысқан сары құм шағылдар бар.

Дәл қазір де Алтайдың табиғатына жаралған пандық пен кербездік мінезі жасқаншақ момақан күй кешіп, кезінде одырайған жоталары кішірейіп белгісіз бір мұң басқандай күйде. Осынау Терісайық өзенінің дамылсыз тынбай аққан суы, кешегі фәниден бақилыққа мәңгілікке кеткен Өтей әулетінің аруактарының сонынан қалғысы келмей асыға да, ашына ағады. Жоңғардан алар өшін, бүгінгі ұрпаққа айтар базына өкпесін судың жағасына жайғасқан құм шағылдарынан алғысы келгендей өзінің ақ көпіршік толқындарымен ауусыз ұрғылайды. Жақын маңда ыңыраана ашуланып өзінің асау гүріліне басып арқырап жатқан тау өзендері алдағы болар азат елдің еркіндігі үшін болатын қанды оқиғалардың куәсі болатындай. Тау мен жер киесін қалмақ қиянатына қарсы бағыттап, жеті көкжарлы балаларын туған жерлеріне аттандыруға дайындап жатқандай күйде. Дәл қазір де күйініш пен өкініштің кек пен ызасын бойынан лақ еткізіп шығаруға буырқанып, түнеріп алғанға ұқсайды.

Қарт Алтайды сонау ерте кезден бері қара ағаштай тоғыз таңбалы қалың найман елінің ергенекті тармағынан тарайтын сүгіршіден ербіген жеті көкжарлы жұрты мекен еткен. Қазақ елінің шығысы Алтай өңірінің терістігі мен күнгейін, түстігі мен құбыласын ата мекен қара орманына айналдырған ергенектінің ұрпақтары көкжарлы, саржомарт, бура үш ағайынды болып тарамдалған екен. Осы көкжарлы ұрпағы Шыңғыс хан заманынан бері Алтайдан үш рет ауып, үш рет қайтып оралған деседі тарихта. Көкжарлыдан тараған жеті ұлдан өсіп-өнген халықтың саны сол кездің өзінде-ақ өр Алтайдың қойны-қонышын бірге жайлап бес дүен елге айналған екен. Қарт Алтайдың күнгейі жеті көкжарлыдан тараған Өтей жұртының Жер-Анасы, атамекен қонысы болған, ескі сүрлеудің ізі қалған қара орман, жаз жайлауы, қыс-қыстауына айналған құтты мекені. Бүгінде де солай.

Барак сол күні шығыстан таң шапағы белгі рауандай бастағанда қарсы беттегі қалмақ қосындарына бетпе-бет келіп андысып тұрған қазақ жасақтарын сол орнынан қозғамай-ақ ұзын саны үш-төрт мыңның айналасындағы шағын қолмен жеті иректі Ертістің Сарымоинақ өткелінен өте шықты. Бұл өткелді түмен басы бала кезінен білетін. Терісайықтың Ертіске құяр айлағының осы бір қысандау таяз тұсының Сарымоинақ аталуы өзен жағасының жағалай көмкерген сап-сары құм шағылдарымен байланыстыратын өзінің Өтей жұрты.

Сол күні күн көтеріле бере өзеннің оң жағасында самсып түзем құрып тұрған жоңғар әскеріне қарай қазақ қосындары жақындап келе жатты. Осы жолы жоңғар жағы қазақ қосындарын өзеннен бері өткізбей жанталаса дайындалып тұзақ құрғанымен оларды Барактың түмендері ойламаған жерден шапты. Қалмақтар өзен бойына жағалай қозы көшіндей аймақты күзеткенімен алыстан орағытып келіп сол қанат әскері күтпеген жерден артқы шептен келіп тиді. Өзінің туып өскен жерін өзіне қайтармай жанталасып жатқан жоңғарларды көрген түмен басы әйгілі найман, керей батырларының алдында «қалмақтың қарсы шыққан бірде-бір жауынгері тірі қалмасын» деп жарлық айтты. Дәл осы кезде Барактың есік пен төрдей ақжал атын қасындағы атқосшыларының бірі алдына көлденен тарта берген еді. Бұл кезде күн көзі Алтайдың қарлы шындарының қарсы бетіндегі сары түсті құм шағылдары көмкерген өзеннің күнгей бетін жалай бастаған шақ болатын. Кенет «Аруақ!», «Аруақ!», «Қаптағай!», «Жәнібек!» «Ақсопылаған!» айбарлы ұран шықты. Ойламаған жерден айбарлы ұран шыққанда самсып тұрған жоңғар қосындары сасып қалды. Артқы жақтан айналып келіп сокқан Барак батыр бастаған сол қанат түменінің негізгі қолы еді. Қазақ қалмақ соғысының барлығына дерлік қатысып, ерлігі қазақ-қалмаққа бірдей шыққан сан аймақта жекпе-жекте көзге түскен жау жағына бұрыннан белгілі батыр. Ақжал атын қол алдына көсілдіре салып қалың жасақ алдында екі қолындағы қаруын оңды-солды шайқай бұлғап құйындатып келе жатқан болат сауытты батырды көргенде жоңғарлар жағы «Көкжарлы көкжал Барак» деп шу ете түсті. Бұл кезде Барак бастаған қалың қол қалмақ түземіне жетпей-ақ жау жағының шет жағы шетінеі берген еді. Екі жағынан қоршауға түскен қалмақтар енді сасқалақтай бастады.

Олар алғашында соғыстың басын қарсы бетте түземде тұрған қазақтар жекпе-жектен бастайды деп ойласа керек. Ержүрек кейбіреулері қарсы шауып қарсылық көрсеткенімен, біраз уақыт өте көпшілігінің қаша шегінгендері сезілді.

Көп жасақ көптігін істемей қоймайды ғой, Сарымоинақ өткелінен қозы көш жерде болған шайқас, қазақ әскерінің жеңісімен аяқталды. Осы шайқастың үстінде Көкжал Барак жекпе-жекте қалмақтардың бас батыры торғауыттан шыққан Балдынза ноянды өлтіріп, қазақ қосындарына жол ашты. Сол кезде Алтайдың терістігі мен күнгейін, түстігін төрт ойраттың тайпалары басып алып, бауырына баса баттасып жатып алған болатын. Олар өз әскерінің жеңілісін ести салысымен, жайлауда отырған қалың жоңғар жұрты шығысқа қарай үрке көше жөнелді. Бір бөлігі Қарғыба, Хабарсу арқылы Тарбағатай жеріндегі Маңыраққа қарай бет алса, енді бір бөлігі Құзғынды асуы арқылы Білезік, Алқабек өзендерінің бойымен Өр Алтайдағы Тәңіртауға қарай бет түзеп, тура тартыпты. Жеңістің буына масаттанған қалың қолдың алдыңғы тобы оларды өкшелей қуып торғауыт пен ұраққай көшінің жартысын басып қалды. Ал ертерек қимылдағандары Алтай асып Ұзынжота, Қарайрық, Өскелеңді басып өтіп, орыс еліндегі Алтай жеріне қарай жосылып берді. Қуғыншы жүздіктер оларды орыс жеріне дейін қуып барып кері қайтты.

Сол уақыттан бері Сарымоинақ «Барак өткелі» деген атауға ие болып ел аузында жатталып, бүгінгі ұрпаққа даланың ауызша тарихының сахнасы арқылы жеткен еді. Жеті иректі Ертіс бойындағы осы «Барак өткелі» сол оқиғадан кейін бір жарым ғасырға жуық өз атауымен ел есінде қалған екен.

Арада бірнеше күн өткенде қалмақтың тағы бір батыры Күршім ноян жекпе-жекте Барак батырдың қанжығасында бас кетті. Бұл енді қазақ-қалмақ қанды жорықтары заманындағы қилы заман тарихының бөлек беттері еді.

Ел айтады, сол жылғы шайқастың соңы Тарбағатай жеріндегі Шорға маңындағы қазақ әскерінің жеңісімен аяқталған еді деседі. Араға қаншама жылдар салып орыс патшасының қазақ жерін отарлау саясаты басталған уақыттан бері бұл өткелдің атауы қолданыстан жойылды. Іле-шала «Казнаковский переправа» деген мәні мен мағынасы жоқ атауға ие болып, бүгінге дейін жалғасын тауып келеді.

Мынау ұлан-ғайыр қасиетті де қадірлі жеріміз тұнып тұрған тұтас шежіре. Қазақ жерінің әрбір атаулары халықтың өзі таққан, аялап ардақтаған қиелі сөздерінің тұнығы. Өткенге мұрағат, ұрпаққа ұлағат қалдыру әрбір адамзат баласы үшін қала берді халқымыздың тарихы үшін қажетті құндылық деп түсіну — заманымыздың талабы. Бүгінгі біздің заманымызға жеткен жер-су атауларының өз тарихы, дүниеге келу сыры мен мәні бар.

Әр заманның өз тарихы, өз жырау-жыршысы бар. Замана ағысына байланысты жыршылардың шығарған жыр-толғаулары сол дәуірді дәлме-дәл көрген суреттей көз алдына әкеледі. Осы Барак өткелінің дәл қасында биылғы жылы қараша айының соңында Бұқтырма су қоймасын қақ жарған көпір салынып бітті.

*Талай жыл сағындырған арман көпір,
Құшағын бар халыққа жайған көпір.
Халыққа игілікпен қызмет етер,
Құтты болсын ең үлкен Найман көпір,* —

деген төрт жол өлең жолдары қазірде әрбір шығыс өңірінің еңкейген көрісінен еңбектеген жасына дейінгі елдің аузында жатталып қалды.

Тіпті кім айтса да, кім шығарса да дәл тауып айтылған сөз дегенді осы өңірді жайлаған тағы да қалың ел айтады.

Жердің аты — тарихтың хаты.

Қарт Алтайдың қазынасы мен байлығы, тектілігі мен беріктігі тек қарттығында ғана емес, баурайын мекен еткен оның құты мен парасатына айналған ұрпағында емес пе?!

Кейде сол ұрпақтарының арасындағы кейбіреулері уақыт озып жылжыған сайын өз елін, өз жерін ұмыт қалдырып, Табиғат-Анасынан қол үзіп бара жатқан секілді.

Ондайларды ел мен жер кешіргенімен, Табиғат-Ана, өткен тарихымыз, біздің еркіндігіміз бен азаттығымыз үшін өз өмірін құрбан еткен аруақтар кешірер ме екен?

Атпал азамат есімін иеленген Шымкент қаласындағы Асанбай Асқаров атындағы №77 мектеп-лицейде асқаралы аталарына ұқсағысы келетін ұландар өсіп келеді. Қазақстан тарихында өз ізін қалдырған қоғам қайраткері және ұйымдастырушы жөнінде мектептің бастауыш класс оқушыларынан сұрай қалсаңыз, тақылдап тұрып бірқатар әңгіме шертеді.

Иә, Асанбай Асқаров – ел тарихында өшпес із қалдырған мемлекет және қоғам қайраткері. Оның басқарушылық қызметі еліміздің әр өңірінде ірі құрылыс нысандарының бой көтеруіне, әлеуметтік және мәдени орталықтардың қалыптасуына ықпал етті. Әсіресе Шымкент қаласының дамуына қосқан үлесі ерекше. Қалада бүгінгі күні тұрғындардың мақтанышына айналған дендропарк, зообак, ипподром, балалар теміржолы, көпқабатты тұрғын үйлер мен өндірістік нысандар – сол кезеңнің жемісі.

Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Асанбай Асқаров Фрунзе атындағы педагогикалық училищені бітірген соң еңбек жолын орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып бастады. Сондықтан ол – ең әуелі ұстаз! Бұдан кейінгі жылдарда да ол білім мен тәрбие ісіне белсене үлес қосты. 1942 – 1946 жылдары әскери борышын өтеді. Полк мектебінде, саяси училищеде оқыды. Бұл болашақ мемлекет және қоғам қайраткерін шындай түсті. Соғыстан оралған соң ол Мерке аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Жамбыл облыстық партия комитетінің бюро мүшесі болды. 1951 – 1954 жылдары КОКП Орталық Комитетінің жоғары партия мектебінде оқыды. 1954 – 1958 жылдары Жамбыл облысындағы Красногорск және Мерке аудандық партия комитеттерінің бірінші хатшысы қызметтерін атқарды. 1958 – 1959 жылдары Жамбыл облыстық атқару комитетінің төрағасы, 1959 – 1965 жылдары Жамбыл облыстық партия

: айту күніне арналған «Ризашылық – мейірімділік бұлағы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасы аясындағы



мектеп қонақтары осы музейге бас сұқпай кетпейді.

Ашық сабақтар мен конференцияларда оқушылар Асқаровтың еңбек жолын зерттеп, тарихи деректерге сүйеніп баяндамалар жасайды, пікірталастар ұйымдастырады. Мерекелік концерттер мен әдеби кештер өтіп тұрады. Оқушылар шығармашылық қойылымдар арқылы қайраткердің елге сіңірген еңбегін сахналық көріністермен жеткізеді.

Мектеп-лицейде А.Асқаровтың ізін, жасаған еңбектерін жалғастыру, жандандыру мақсатында, сондай-ақ «Таза Қазақстан» жобасымен ұштастырып шәкірттерді табиғатты аялауға, көгалдандыру жұмысын жасауға ынталандырып отырады. Айталық, 2025 – 2026 оқу жылын лицей

МАЙТАЛМАНДАР МЕКЕНІ

комитетінің бірінші хатшысы, 1965 – 1978 жылдары Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, 1978 – 1985 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы сияқты жауапты қызметтерде болды. Ол бірінші хатшы болған жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюро мүшесі де еді.

Көп жылдардағы Кеңес үкіметі мен халқына, коммунистік партияға сіңірген еңбектері үшін КСРО-ның ең жоғары марапаты – Социалистік Еңбек Ері атағын алды. «Ленин» орденімен қатарынан бес рет марапатталды. Ол экономика ғылымының кандидаты дәрежесін алды. Халықаралық Акмеология ғылымдары академиясының академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры болды.

Асанбай Асқаровтың адами қасиеттері оның ақындығынан да айқын аңғарылатын. Ақынның «Тағдыр», «Жұмақ және тозақ жырлары», «Көзқарас», «Ұлы Тұранның ұлдары» атты кітаптарының ұрпақ тәрбиесінде алар орны ерекше.

Асқаровтың еңбегін кейінгі ұрпаққа таныту мақсатында Шым-



кент қаласындағы А.Асқаров атындағы №77 мектеп-лицейге оның есімі берілген. Білім ордасы тек сапалы білім берумен ғана шектелмей, оқушыларды елжандылыққа, тарихты құрметтеуге, тұлғалардың еңбегін бағалауға тәрбиелеуде. Мектеп-лицей директоры Ақмарал Сайдсламқызы Сайфутдинова – «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісінің, «Үздік педагог» атағының иегері, педагог-шебер, бірінші санатты басшы. Осындай білікті басшы бар оқу орнында үлкен жетістіктер де мол.

Мектеп-лицейде 2225 шәкірт тәрбиеленеді. Оларға 216 мұғалім дәріс оқиды. Барлығы – жоғары санаттағы ұстаздар. Жыл сайын мектеп-лицейде Асанбай Асқаровты еске алу және тағзым шаралары өтіп тұрады. Мектеп ұжымы мен шәкірттері қаладағы ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, тағылымды әңгімелер өткізеді.

Мектеп-лицейде Асанбай Асқаров атындағы музей бар. Одан мемлекет және қоғам қайраткерінің өмірі мен еңбек жолына қатысты көптеген мағлұмат таба аласыз. Музейде тарихи суреттер жеткілікті. Ата-аналар мен

«Экомекеп» жобасымен бастады.

Сонымен қатар мектеп-лицейде «Асқаровтану» пәні жүргізіледі. «Тарихыңды таны», «Ұлы тұлғалар ізімен» атты патриоттық акциялар өтіп тұрады. «Руханият» пікірсайыс клубы, «Жас әлем» экоклубы, тоғызқұмалақ, футбол, бес асық, волейбол, «Шебер қолдар» үйірмелері негізінде оқушылар қаладағы тарихи орындарға экскурсия жасап, тұлға мұрасын зерттейді. Қара шаңырақ болып саналатын мектеп-лицейдің оқушылары да тынымсыз еңбектенгенді жақсы көреді. Айталық, Ұлттық пікірсайыс турнирінің республикалық кезеңіне қатысушы Әзімхан Бекарыс (Жетекшісі – Гүлсім Өкшебаева) – мектеп мақтанышы. Ал Орал қаласында өткен «Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың Республикалық конкурсында Айша Жарылқады 3 орын иеленді.

Дарын орталығының ұйымдастыруымен жалпы білім беру ұйымдарының 8 – 11 сынып оқушылары арасында өткен республикалық «Абай әлемі» III шығармашылық байқауының қалалық кезеңінің «Жүрегіміздің



түбіне терең бойла» эссе аталымында Жанерке Тасболатова III дәрежелі диплоға ие болды. «Мен жазбаймын өленді ермек үшін» ақындар мүшәйрасында Акерке Аманкелді II дәрежелі дипломмен марапатталды.

«Таза болса табиғат, аман болар адамзат» демекші, тоғызқұмалақ үйірмесін табиғат аясында өткізу дәстүрге айналды. Сондай-ақ оқушылар өңірдің көрікті жерлерінде, табиғи-тарихи ескерткіштерге, тауларға жиі саяхат-

сіңіріп келеді. Спорттық шараларда, конференцияда, тренингтерде жыл сайын мектеп-лицей мәртебінің артуына мектеп мұғалімдері де аянбай жұмыс жасайды.

Асанбай Асқаровтың елге жасаған еңбегі — тарихтың бір бөлігі ғана емес, бүгінгі жас ұрпаққа үлгі болатын өнеге. №77 мектеп-лицейінің оқушылары мен ұстаздары осындай игі шаралар арқылы қоғам қайраткерінің мұрасын дәріптеп, жас буынның жүрегіне



тайды.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7—8 сынып оқушыларына арналған республикалық жасөспірімдер олимпиадасының қалалық кезеңінен 8-сынып оқушылары Ерсұлтан Шынболат пен Әмина Әбдіразақ 2-орын алып, мектеп ұжымын қуантты. Ақтау қаласында өткен республикалық «Әбіш оқулары» сайысында Бауыржан Мұсабек 3-орынды еншіледі.

Дарын орталығы мен «ZERDEL» ақыл-ой дамыту орталығының ұйымдастыруымен математика пәнінен өткен «Алтын сақа» олимпиадасының қалалық кезеңінде мектеп-лицейдің бір топ оқушысы жеңімпаз атанды.

Алматы қаласында өткен математика, физика, информатика мұғалімдерінің IX Халықаралық шығармашылық конкурсында 300 қатысушы арасынан Ж.Хабибуллаев III дәрежелі дипломмен, И.Илебаева сертификатпен марапатталды.

Қазақ-түрік білім және зерттеу қауымдастығының ұйымдастыруымен Түркия елінің Стамбул қаласында өткен байқауда Сұлхан Избасканова 2-орын иеленіп, мақтау қағазының, медаль мен кубоктың иегері атанды.

Қызылорда қаласында өткен «Қызылорда шуағы — 2022» атты шахматтан балалар (12 жасқа дейін) арасындағы республикалық турнирде Нұралы Мұсаұлы 2-орын алып, зерделі ойыншы екенін танытты.

Республикалық «Жыр алыбы — Жамбыл» жас ақындар айтысының қалалық кезеңі — «Қайым айтыс» бөлімінде Дәурен Ғани жүлделі 1-орын алып, мектептің мерейін асқақтатты.

Мектеп-лицей ұжымы «Адал Азамат» біртұтас тәрбие құндылықтарын балалардың бойына жан-жақты

патриоттық рух пен жауапкершілік сезімін сіңіріп келеді.

А.Асқаров сияқты тарихи тұлғалардың есімін мектептерге беру — жастарға өз тарихын, аймақтың дамуындағы маңызын ұғындырудың бір жолы. №77 мектеп-лицейдің ұйымдастыратын іс-шаралары арқылы оқушылар өздерінің мәдени-тарихи тамырларын біледі, қоғамдық жауапкершілік пен патриотизмді бойына сіңіреді. Сонымен қатар мұндай мектептік шаралар жергілікті қоғамның белсенділігін арттырып, ұжымдық бірлікке ықпал етеді. №77 мектеп-лицей — өткен мен бүгіннің сабақтастығын сақтаудағы маңызды байланыс ордасы. Мектепте өткізетін ашық сабақтары, мерекелік шаралары мен қоғамдық акциялары арқылы жас ұрпаққа тарихи сананы қалыптастыруға үлес қосылып келеді. Бұл — тек тұлғаға деген құрмет ғана емес, сонымен бірге ұрпақ тәрбиесінің сенімді негізі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Тамыз конференциясында білім саласындағы маңызды міндеттерді айқындап берді. Білім сапасын жақсарту, мектептегі тәлім-тәрбие жұмыстарын күшейту, оқу үдерісіне цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні жедел енгізу сияқты міндеттер қойды. Бұлардың қай-қайсысы болса да маңызды. Оқушыларды нашакорлық пен лудомания, тұрмыстық зорлық-зомбылық, буллинг және бұзақылық сынды әлеуметтік кеселдерден қорғау — бүкіл қоғамның ортақ борышы. Міне, осы талаптарға баса мән берген Асанбай Асқаров атындағы №77 мектеп-лицейінің педагогикалық ұжымы жас ұрпақтың бойына ізгілік дәннің құю жолында аябай еңбек ете бермек.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ

Халық денсаулығы жіті бақылауда

Шымкенттік дәрігерлердің кәсіби өсуі мен заманауи медициналық технологияларды игеруі нақты нәтижелерді көрсетіп жүр. Аймақтағы халықтың денсаулығы сала мамандарының жіті бақылауында. Дәрігерлердің білім дәрежесін одан ары жетілдіру үшін түрлі тәжірибе алмасу жұмыстары да жүйелі жүргізіліп келеді. Жергілікті мамандар тұрақты түрде шетелдік жетекші мамандардың шеберлік сабақтарына қатысып, кәсіби деңгейін арттырып жүр.

Шымкент қалалық денсаулық сақтау басқармасына қарасты медициналық ұйымдардың 19 қызметкері Ресей Федерациясының алдыңғы қатарлы клиникалық базаларының бірі — Н.И.Пирогов атындағы Ресей ұлттық зерттеу медициналық университетінде кәсіби біліктілігін арттыруда.

Біліктілік арттыру бағдарламасы аясында мамандар «Неонаталды хирургия», «Балалар хирургиясы», «Балалар хирургиясындағы эндоскопиялық оталар» секілді маңызды тақырыптарды терең меңгерді. Бұл тәжірибе шымкенттік дәрігерлерге заманауи тәсілдерді игеріп, қала тұрғындарына көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Жыл соңына дейін тағы 33 маман Литва және Беларусияның жетекші клиникалық базаларында оқытылады. Олар «Акушерліктегі шұғыл көмек», «Акушерлік-гинекология тәжірибесіндегі ультрадыбыстық диагностика», «Онкологиялық патологиядағы паллиативті көмек», «Торакалды хирургия» тақырыптары бойынша білім алады.

Бұған дейін, 2024 жылы да шетелдік клиникалық орталықтарда 46 маман кәсіби деңгейін көтерген болатын. Бұл жұмыстар медицина саласында халықаралық тәжірибені кеңінен енгізуге және білікті кадрлар қатарын нығайтуға септігін тигізуде.

Шымкент қалалық денсаулық сақтау басқармасы алдағы уақытта да отандық медицина мамандарының үздік шетелдік орталықтарда тәжірибе алмасуын қамтамасыз етіп, қала тұрғындарына көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыруды жалғастыра бермек.

Жалпы, шаһарда медициналық ахуалдың жоғары деңгейде екені халыққа аян. Түрлі емдік көмектермен қатар күрделі ота түрлері де сәтті жасалуда. Күні кеше Шымкент қаласындағы №1 қалалық клиникалық ауруханада трансплантолог дәрігерлер тобы 240 бүйрек трансплантациясын сәтті жүзеге асырды. Бұл жолы 1988 жылғы әпкесі өзінің 2002 жылғы інісіне бір бүйрегін сыйға берді. Наукас 2022 жылдан бері созыл-

малы терминалды бүйрек жеткіліксіздігі диагнозымен нефролог дәрігердің бақылауында болып, 2023 жылдан бастап бағдарламалық гемодиализ алып келген. Дәрігерлер оны бір ай бойы мұқият отаға дайындап, 2025 жылдың 24 қыркүйегінде тірі туысқан донордан бүйрек трансплантациясын жасады. Отадан кейін қазірде жалпы жағдайы жақсы, емін жалғастыруда.

Қазақстан бүйрек трансплантациясы бойынша жоғары технологиялық медициналық араласу жүргізіліп жатқан әлемнің алдыңғы қатарлы алты елінің қатарына кіреді. АҚШ, Ұлыбритания, Израиль, Түркия және Үндістанмен қатар біздің еліміз де трансплантологияның қарқынды дамуын көрсетіп отыр.

Сонымен қатар Шымкент қалалық онкологиялық орталықта еліміздегі алғаш рет аса күрделі операция — кеңірдек бифуркациясының резекциясы оң нәтижемен жүзеге асты. Ота 37 жастағы науқасқа жасалып, дәрігерлер он және сол жақ бронхтарды, кеңірдек бифуркациясын кесіп алып, реконструкциялық әдіспен жаңа бифуркация қалыптастырды.

Шымкент қалалық денсаулық сақтау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Сәуле Дүйсенбаева орталықта болып, ота жасалған науқастың жағдайымен танысты. Ол науқаспен тілдесіп, медицина қызметкерлеріне жоғары кәсіби еңбектері үшін алғысын білдірді.

Бұл операция Қазақстан онкологиясы тарихында алғаш рет орындалды. Ол жоғары технологиялық әдістерді меңгеруді, командалық үйлесімділікті және дәрігерлердің кәсіби біліктілігін талап етеді. Жаңа әдісті тәжірибеге енгізу үшін Шымкент онкологиялық орталығы Ресейдің Н.Н.Петров атындағы онкология ұлттық медициналық зерттеу орталығымен әріптестік орнатқан.

Тағы бір қуантатын жай, Шымкент қалалық №2 ауруханасының дәрігерлері шала туған шақалақтың өмірі үшін 104 күн бойы аянбай күресіп, сәбиді аман алып қалды.


2025 жылдың 17 маусымында Мұхаммедәли есімді сәби жүктіліктің небәрі 26 аптасында, салмағы 680 грамм, бойы 32 см болып дүниеге келді. Бұл — экстремалды шала туу, өмірге аса қауіпті жағдай.

Алғашқы күннен-ақ дәрігерлер тыныс жеткіліксіздігі, қан кету және инфекция қаупі сияқты ауыр диагноздарға қарсы күресті. Нәресте жансақтау бөлімінде аппарат көмегімен тыныс алып, тәулік бойы мамандардың жіті бақылауында болды.

Біртіндеп салмақ қосып, жағдайы жақсарған Мұхаммедәли патология бөлімінде емін жалғастырды. 41 аптада 2490 грамм салмаққа жеткен сәби дәрігерлердің шешімімен үйіне шығарылды. Айта кетейік, Мұхаммедәли — отбасындағы төртінші бала. Анасы медицина қызметкерлеріне, әсіресе неонатолог дәрігерлер Насиба Қалматқызы мен Гүлбайра Орынбасарқызына шексіз ризашылығын білдірді.

Бұл оқиға — дәрігерлердің жанқиярлығының, ата-ананың махаббаты мен өмірге деген үміттің айқын дәлелі.

«АБАЙ ЖӘНЕ ТӘКЕН»



Кансейіт Әбдәулының аталған әдеби-сын және зерттеу еңбегінде Хакім Абайдың шығармашылығы мен Абай мектебінен өткен қазақтың басқа да айтулы ақындары, қаламгерлерінің туындыларындағы көркемдік ізденістер, авторлық қолтаңба, стильдік ерекшеліктер мәселесі жан-жақты қарастырылады.

Сонымен бірге қазіргі қазақ прозасы мен поэзиясындағы жаңашыл ізденістер, қазақ руханияты мен әдебиетіне өлшеусіз үлес қосқан әдебиет алыптарының, оның ішінде суреткер қаламгер Тәкен Әлімқұловтың туындылары да бүгінгі ғасыр биігінен жаңаша бағаланады.

Кітап қалың оқырманға және жоғары оқу орындарында білім алып жатқан студент жастарға арналады.
«Атамұра» баспасы, 2025 жыл.

«НҰРТАС ОҢДАСЫНОВ»



Гүлсім Оразалықызы құрастырған бұл кітап халқымыздың ардақты ұлдарының бірі, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Нұртас Ондасыновқа арналған. Кітап екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімге ұлтжанды азаматтың өзі жазып кеткен өмірбаяндық деректері мен тіл туралы ғылыми-зерттеу мақалалары және ұлттық салт-дәстүр жайындағы толғаныстары енгізілген.

Екінші бөлімге Н.Ондасыновтың көзін көрген, кезінде қызметтес болған, өнегесін, тағылымын алған азаматтар мен өзінің ет жақын туыстарының естеліктері топтастырылған.

Кітап «Полиграфкомбинат» ЖШС-інде басылды, 2025 жыл.

«ТЫҢДА МЕНІ, ЗАМАНА!»



Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері, Шешенстан мемлекеттік сыйлығының және Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, ақын Рафаэль Ниязбектің (1943-2021) «Тыңда мені, замана!» деген өлеңдер жинағы жарыққа шықты. Бұл жинақ «Бақытым да байлығым - халқым ғана», «Әкім тірек - ақын жүрек», «Мұнар да мұнар, мұнар күн», «Ақын Рафаэль Ниязбектің жары Гүлжанға арналған» өлеңдер топтамасы болып 4 бөлімнен тұрады.

Жинақтың көлемі – 16,5 баспа табақ.

Кітапта халқымыздың нарықтық экономика тұсындағы хал-ахуалы мен тұрмыс-тіршілігі, яғни әлеуметтік жағдайы көркем суреттелген. Жинақ оқырмандарына ой да батыл пікірлерімен ерекше көңіл-күй сыйлайды. Жинақ өлең сүйер көпшілік қауымға арналған.

Бұл кітаптың шығуына ат салысып, жағдай жасап, қол ұшын берген «Мектеп» баспасының басшысы, қазақтың бауырмал, мейірімді, сөзінде, уәдесінде тұратын, халқына аянбай қызмет көрсетіп жүрген аптал-азамат Ерлан Әбенұлы Сатыбалдиевке зор ризашылығымызды білдіріп, рақмет айтамыз.

«ТАСАРАЛЫМ - ТАҒДЫРЫМ»



Жинақ авторы Болат Әбенұлы – ұзақ жылдар білім, ғылым саласында жемісті еңбек етіп жүрген азамат. Университетте физика пәнінен дәріс береді. «Ақын болу шарт емес, азамат болу парызың» десек те, рухани құндылықтарды басты назарда ұстайтын азамат поэзияға да қалам тартып келеді. Туған жер, адамгершілік, достық тақырыптарындағы өлеңдерінде елге, жерге деген перзенттік болмысы айқын көрініс тапқан. Ақынжанды азаматтың өлеңдерін «Үш қиян» баспасы шығарған, 2025 жыл

«ТҮС КӨРМЕЙТІН КІСІ»

Белгілі жазушы Қуаныш Жиенбайдың «Түс көрмейтін кісі» жинағына соңғы жылдары жазылған көркем әңгімелері топтастырылған. Шығармаларының өзегі: жаңа дәуірге бет алған біз өмір сүрген осы қоғамның беталыс бағдары, замандастарымыздың күрделі психологиялық хал-ахуалы, тіршіліктеріндегі күрмеуі көп күрсінестер мен шат-шадыман көңіл күйлері.

Кейіпкерлері дараланған, тілі көркем. Жинақ көпшілік оқырман қауымға арналған.
«Алматы-Болашақ» АҚ баспасы, 2025 жыл.




Қазандағы мерейтой иелері



Шәмшәбану Хамзақовы (ақын) 85 жас



Жақсылық Айжан (жазушы) 75 жас



Сара Смағұл (ақын) 70 жас



Бақыт Меркенова (жазушы) 70 жас

Мерейтой құтты болсын, қаламгерлер!

«ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ ӘЛИХАН»

Жазушы Сүйіндік Жанысбайдың бұл кітабы қазақтың біртуар ұлы, Алаш көсемі, сан қырлы талант иесі болған, халқымыз кәдірлеген, туғанына 150 жыл толуы 2016 жылы ЮНЕСКО тарапынан аталып өтілген Әлихан Нұрмұхамбетұлы Бөкейханның бейнетке толы өмір жолын оқырман қауымға жеткізуді мақсат тұтады. Қайраткердің өмірі мен қызметі туралы көптеген деректі оқиғаларға толы бұл кітаптың оқырман жүрегіне жылы жол табары сөзсіз.

«TENGRİ Ltd» баспасы, 2025 жыл



«ҚҰС ҰЯСЫ»

Қазіргі қазақ балалар әдебиетінің белді өкілі, көрнекті прозаик Толымбек Әбдірайымның бұл жинағына балалардың жан дүниесін тереңнен ашқан шығармалары енгізілген. Бүгінгі күні жас оқырманның тілін табу мен талғампаз танымына бойлау оңай емес, талантқа бала жанын бағбандай сезінетін аса шетін шеберлік керек. Жазушы шебер суреткер екені сөзсіз. Қазіргі компастай құбылған кезеңнің ұшқыр ойлы, айнымалы сезімді баласының ой-санасына оймақтай болып қона кететін шығармаларында сырбаз жазушы бала жанын тербей жөнелетін нәзік оқиғаларды талғампаздықпен бейнелейді.

Ең ғажабы, қазіргідей қазақ қоғамында «балалар кітап оқымайды» дейтін түсінікті жоққа шығарған көркем дүниелеріне тәнті боламыз. Туындылардың тақырыбы әр алуан, оқиғасы тағылымды, бала қиялын байытарлықтай қызықты болып келеді.

Кітап балалар мен жасөспірімдерге арналған.
«Арда» баспасынан жарық көрді, 2025 жыл.



«ҚАРҒАШ»

Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, Ла Скалада екі жыл тағылымдамадан өткен тұңғыш қазақ, тендессіз тенор Аманкелді Сембин ән өнерінде тек ұлттық емес, әлемдік деңгейдегі құбылыс болған еді. Қали Сәрсенбайдың «Қарғаш» атты бұл кітабындағы естелік, эсселерде, әңгіме, хикаятта сахнада аз ғана өмір сүрсе де аты аңызға айналған әншінің өмір мен өнердегі жолы, жеңістері мен жеңілістері, сүйініші мен күйініші бекзат баяндалады.

«Тұлғатану» сериясымен жарық көріп отырған сегізінші кітапта бір әншінің тағдыры арқылы жалпы талант, тұлға, кезеңдер туралы көзқарасқа негізделген терең ой-толғаныстар берілген. Бұрынғы жарияланымдар қайта қаралып, жаңа жазбалармен толықтырылды. Кітап бұған дейін мерейтойлары атаусыз қалған әншінің 80 жылдығына орай, отбасының қаржылай демеушілігімен шығарылып отыр.

Кітап «Арна» баспасының өнімі, 2025 жыл.



Редакторлар кеңесінің төрағасы
Мереке ҚҰЛКЕНОВ

Бас редактор
Бауыржан ЖАҚЫП
Бас редактордың орынбасары
Қали СӘРСЕНБАЙ

Редакция алқасының мүшелері:

АЙТҚОЖИНА Марфуға,
ӘБДІҚҰЛЫ Төлен,
БАҚТЫГЕРЕЕВА Ақұштап,
ЕЛУБАЙ Смағұл,
ИРАН-ҒАЙЫП,
КӨПШІ Әшірбек,
ҚАБЫШҰЛЫ Ғаббас,
ҚАНАЗ Молдахмет,
ҚОШЫМ-НОҒАЙ Байбота,
НҰРЖЕКЕ-ҰЛЫ Бексұлтан,
НҰРМАҒАНБЕТОВ Тынымбай,
ОРАЗАЛИН Нұрлан,
СЕГІЗБАЕВ Кәдірбек,
СЕЙСЕНБАЕВ Роллан,
СМАТАЕВ Софы,
ШАХАНОВ Мұхтар,
ЫСҚАҚБАЙ Марал

Жауапты хатшы
Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ

Әдебиет бөлімі:
Еркін ЖАППАСҰЛЫ

Мәдениет және руханият бөлімі:
Мәлдір РАЙЫМБЕКОВА

Әлеумет, тарих бөлімі:
Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ
Жүніс ОМАР

Art-редактор
Марат СӘБДІКЕН

Компьютер орталығының жетекшісі
Данияр ҚАБА

Терімші
Рысқұл ЖҰМАБАЕВА

Корректорлар:
Айнаш ӨЛДИБЕК,
Гүлбану ЕРКІН

Меншікті тілшілер:

Астана қаласы,
Ақмола, Солтүстік Қазақстан,
Қарағанды, Ұлытау облыстары

Айтбай СӘУЛЕБЕК,

Алматы облысы

Ержан ТОҚТАРҰЛЫ

Абай облысы

Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ

Ақтөбе облысы

Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛ

Атырау облысы

Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА

Батыс Қазақстан облысы

Бауыржан ҒУБАЙДУЛЛИН

Жамбыл облысы

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ

Жетісу облысы

Жангелді НЕМЕРЕБАЙ

Қостанай облысы

Жанұзақ АЯЗБЕКҰЛЫ

Қызылорда облысы

Қаршыға ЕСІМСЕЙТОВА

Маңғыстау облысы

Сағындық РЗАХМЕТ

Павлодар облысы

Серік ЕЛІКБАЙ

Түркістан облысы

Айдар СЕЙДӨЗІМ

Шығыс Қазақстан облысы

Тоқтарбек МАҒЗҰМОВ

Шымкент қаласы

Момбек ӘБДӨКІМҰЛЫ

Кезекші: **Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ**

РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ:

8 (727) 272-88-17

e-mail:

Kazakh_adebiety@mail.ru

Мекенжайымыз:

050009. Алматы қаласы,

Абылай хан даңғылы,

105-үй. 3-қабат.

КҰРЫЛТАЙШЫ – ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ

Индекс 65353

Таралымы 15 000. Тапсырыс 895

Газетте жарияланған авторлар пікірі редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Материалдарды көшіріп басқанда редакцияға сілтеме жасау міндетті. Кей суреттер ғаламтордан алынады. Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды. Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2011 жылғы 21 қарашада №12120-Г куәлігі берілген. Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. С.Мұқанов, 223 «В». Оффсеттік басылым. Газет материалдары «Қазақ әдебиеті» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.